



**ҚазМұнайГаз**

БАРЛАУ ӨНДІРУ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2012

50 К.01.01.05  
50 К.01.01.05  
50 К.01.01.05  
50 К.01.01.05



<b>КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	<b>2</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР</b>	<b>3</b>
<b>МЕНШІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	<b>4</b>
<b>ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ</b>	<b>5</b>
<b>1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	<b>10</b>
– Директорлар кеңесінің Төрағасының үндеуі	13
– Бас директордың үндеуі	15
– Директорлар кеңесі	17
<b>2. 2012 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ</b>	<b>20</b>
– 2012 жылдың оқиғалары	22
– Тәуелсіз сарапшылардың ҚМГ БӨ қызметіне берген бағасы	24
– ҚМГ БӨ акцияларына баға белгілеу	25
<b>3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>	<b>26</b>
– Мұнай өндіру және сату	28
– Мұнай қорлары	29
<b>4. КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ</b>	<b>30</b>
– Активтердің құрылымын оңтайландыру	32
– Өндірісті технологиялық жаңарту бағдарламасы	32
– Жаңа жобалар мен перспективті мәмілелер	33
– Қазақстанның аумағындағы геологиялық барлау	33
<b>5. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>	<b>34</b>
– Маңғыстау облысы және Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік жобалар	36
– Атырау облысындағы әлеуметтік жобалар	36
– Кадр саясаты	36
<b>6. ЕҢБЕКПЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>	<b>38</b>
– Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау	40
– Қоршаған ортаны қорғау	40
<b>7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ</b>	<b>42</b>
<b>8. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ</b>	<b>56</b>
<b>9. ТӘУЕКЕЛДЕР ФАКТОРЛАРЫ</b>	<b>72</b>
<b>10. ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК</b>	<b>78</b>
– Тәуелсіз аудиторлардың есебі	79
– Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп	80
– Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп	81
– Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	82
– Капиталдағы өзгерістер туралы топтастырылған есеп	83
– Қаржылық топтастырылған есепке ескертпе	84
<b>АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ</b>	<b>109</b>
<b>АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ</b>	<b>110</b>

# «ҚМГ БӨ ҚАЗІРГІ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – АЛДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІ ӨСІМ ҮШІН ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРУ»

**АБАТ НҰРСЕЙІТОВ  
БАС ДИРЕКТОР**

## **Мақсаты**

ҚМГ БӨ мақсаты Компанияның акционерлері үшін пайданы арттыру мақсатында көмірсутектерді тиімді әрі оңтайлы өндіруден, қызмет аймақтары үшін ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік пайдалар құрудан, сондай-ақ Компанияның әр қызметкерінің әлеуетін іске асыруға жәрдемдесуден тұрады.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ, Компания) 2004 жылдың наурыз айында «Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) АҚ мен «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) АҚ-ны біріктіру арқылы құрылды.

ҚМГ БӨ Қазақстанда мұнай өндіру көлемі бойынша көшбасшылардың үштігіне кіреді. Топтастырылған өндіру бойынша ҚМГ БӨ Қазақстандағы өндірудің 15%-ын, дәлелденген топтастырылған қорлары бойынша 3%-ға жуығын бақылайды.

Дәлелденген және ықтимал қорлардың көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша «Қазгермұнай»БК»ЖШС, ССЕС («Қаражанбасмұнай»АҚ) және «ПетроҚазақстан

## **Кескіндеме**

ҚМГ БӨ – Қазақстанда көмірсутектерді барлау және өндіру саласындағы жетекші компания, Каспий аймағындағы мұнай-газ бизнесінің әлемдік ауқымда бәсекелестікке қабілетті көшбасшыларының бірі.

Инк.» компанияларындағы үлесті есепке алғанда 285 млн. тоннаға жуық (2 083 млн. баррелль) болды.

Компанияның акциялары Қазақстанның қор биржасында (KASE), ал жаһандық депозитарлық қолхаттары – Лондонның қор биржасында (LSE) орналастырылған.

Басқа компаниялармен салыстырғанда, ҚМГ БӨ бірегей артықшылықтарға ие, «ҚазМұнайГаз» ҰК бас компаниясымен қатынастарының арқасында ҚМГ БӨ Қазақстанның аумағындағы мұнай-газ активтері мен инфрақұрылымына басымдықпен қол жеткізу мүмкіндігіне ие.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

## 699

МЛРД. ТЕҢГЕ

Таза ақша  
қаражаттары

### 2P САНАТЫНЫҢ ҚОРЛАРЫ<sup>1</sup>

МЛН. ТОННА

285 285



2011 2012

### МҰНАЙ ӨНДІРУ<sup>2</sup>

ЖЫЛЫНА МЛН.  
ТОННА

12,3 12,2



2011 2012

### САТУ КӨЛЕМІ<sup>2</sup>

ЖЫЛЫНА МЛН.  
ТОННА

12,5 12,1



2011 2012

## 155

МЛРД. ТЕҢГЕ

Операциялық  
қызметтен  
ақшалай қаражат  
ағыны

### ЭКСПОРТ<sup>2</sup>

ЖЫЛЫНА МЛН.  
ТОННА

9,6 9,5



2011 2012

### ТҮСІМ<sup>3</sup>

МЛРД. ТЕҢГЕ

721 797



2011 2012

### ТАЗА ПАЙДА<sup>4</sup>

МЛРД. ТЕҢГЕ

209 161



2011 2012

### КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР<sup>3</sup>

МЛРД. ТЕҢГЕ

105 108



2011 2012

### ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ<sup>5</sup>

МЛРД. ТЕҢГЕ

629 699



2011 2012

### БІР АКЦИЯҒА ДИВИДЕНД

ТЕҢГЕ

1 300 1 619



2011 2012

### БІР ЖДҚ-ҒА ДИВИДЕНД

US \$

1,46 1,81



2011 2012

### БРЕНТ

US \$/БАРЕЛЬ

111 112



2011 2012

Ескертпе:

<sup>1</sup> ӨМГ, ЕМГ, КГМ мен CCEL 2011 жылдың соңындағы қоры, 2010 жылдың соңына сай ПКИ, «Gaffney, Cline & Associates» есебіне сай ӨМГ, ЕМГ, КГМ мен CCEL қоры және ПКИ. Miller & Lents, Ltd.» есебіне сай CCEL.

<sup>2</sup> КГМ, CCEL және ПҚИ үлесін қоса есептегенде

<sup>3</sup> КГМ, CCEL және ПҚИ үлесін қоспай есептегенде

<sup>4</sup> 2012 жылы 75 млрд.теңге көлеміндегі арзандаудың шығынын қоса есептегенде (500 млн.АҚШ доллары көлемінде).

<sup>5</sup> Ақшалай қаражат, оның баламасы және басқа қаржы активтері (ҰК ҚМГ облигациясын қосқанда) қарызды шегергеннен кейін (ҚазМұнайГаз ПКИ Қаржы Б.В.-ның регресс құқығынсыз қарызын қосқанда)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

## «САМҰРЫҚ ҚАЗЫНА» ХОЛДИНГІ

100%

## МЕТАЛЛ ӨНЕРКӘСІБІ ҚАЗАҚҰМЫС 11%

### ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

БТА 97%  
ХАЛЫҚ БАНКІ 1%  
КАЗКОММЕРЦБАНК 21%  
АЛЬЯНС БАНКІ 67%

### БАСҚА ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР

ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП  
100%  
ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ 51%  
ҚАЗПОЧТА 100%  
KEGOC 100%

## ЕРКІН АЙНАЛИМДАҒЫ АКЦИЯЛАР 33,9%

СІС (СІС-нің 2009 жылдың қыркүйегіндегі хабарлауына сәйкес акцияның 11%)  
ШЕТЕЛДІК ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ  
ИНВЕСТИТОРЛАР  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЖҚ  
БАСҚА ИНВЕСТИТОРЛАР

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

100%

## ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ 20%  
ҚАШАҒАН 16,81%  
ҚАРАШЫҒАНАҚ 10%  
ҚАЗМҰНАЙТЕҢІЗ 100%  
МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ  
50%  
ҚАЗАҚТҮРІКМҰНАЙ 51%  
ҚАЗАҚОЙЛ АҚТӨБЕ 50%

## ҚАЗМҰНАЙГАЗ БАРЛАУ ӨНДІРУ

57,9%

### ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ 100%  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ 100%  
«ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК ЖШС» 50%  
(2007)  
«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ 50%  
(2007)  
«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.» 33%  
(2009)

### БАРЛАУ АКТИВТЕРІ

«ҚМГ БӨ БАРЛАУ АКТИВТЕРІ»  
ЖШС 100% (2010)  
WHITE BEAR 35% (2010)  
«ОРАЛ ОЙЛ ЭНД ГАЗ» ЖШС  
(«ФЕДОРОВСКИЙ» БЛОГІ) 50%  
(2011)  
«КАРПОВСКИЙ СЕВЕРНЫЙ»  
ЖШС («КАРПОВСКИЙ  
СЕВЕРНЫЙ» БЛОГІ) 51% (2011)

## ТАСЫМАЛДАУ


ҚАЗТРАНСОЙЛ 100%  
ҚАЗТРАНСГАЗ 100%  
КҚК 20,75%  
ҚҚҚ 50%  
ҚҚГҚ 50%

## ҚАЙТА ӨНДЕУ, МАРКЕТИНГ, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚМГ-ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ  
МАРКЕТИНГ 100%  
АТЫРАУ МӨЗ 99,5%  
ПҚОП 50%  
ПАВЛОДАР МХЗ 100%  
ҚАЗРОСГАЗ 50%  
ТЕҢІЗСЕРВИС 49%  
ҚМГИ 98%  
РОМПЕТРОЛ 100%

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ<sup>6</sup>, %

■ ҚМГ ҰК  
■ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ АКЦИЯЛАР  
■ ЕРКІН АЙНАЛИМДАҒЫ АКЦИЯЛАР<sup>7</sup>



<sup>6</sup> Мәлімет 31.12.2012ж. жағдайына сәйкес көрсетілген. Проценттер қазынашылық және артықшылықты акцияларды қосқанда, Компанияның жалпы акцияларының санына сәйкес есепке алынған.

<sup>7</sup> СІС-ке тиесілі 11% қосқанда

**ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ**

ХАЛҚЫ

**16,9 млн. адам**

АУДАНЫ

**2,7 млн. км<sup>2</sup>**

ЕЛОРДАСЫ

**Астана**

(Алматыдан 1997 жылы көшірілген)

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ

**Теңге**

(2012 жылдағы орташа айналым бағамы:  
1 АҚШ долларына 149,11 теңгені құрады)

2012 ЖЫЛҒЫ ЖІӨ

**30 073 млрд. теңге  
(201 млрд. АҚШ  
доллары)**

2012 ЖЫЛҒЫ ЖІӨ НАҚТЫ ӨСІМІ

**5%**

2012 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУІ

**79 млн. тонна**

## МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ САНДЫҚ БЕЛГІДЕ

Көмірсутектің дәлелденген қоры

**4,8 млрд. тонна**

Мұнай экспорты

**56,4 млрд. АҚШ \$**

Газ экспортының мөлшері

**8,8 млрд. м<sup>3</sup>**

Жалпы мемлекет экспортының

**60%** мұнай экспорты құрайды

### САЛАҒА ШОЛУ<sup>8</sup>

Дәлелденген мұнай қорлары бойынша, Қазақстан мұнайдың әлемдегі қорларының 2%-ын иелене отырып, әлемнің 15 алдыңғы қатардағы елінің қатарына кіреді. Мұнай-газды аудандар елдің аумағының 62%-ын алып жатыр және 172 мұнай кен орындары бар, олардың 80-нен астамы игерілу үстінде.

Мұнай қорларының 90%-ынан астамы ең ірі 15 кен орнында шоғырланған, олар – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас, Кеңқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бұзашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское. Кен орындары Қазақстанның он төрт облысының алтауының аумағында орналасқан. Олар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Бұл орайда көмірсутектер қорының шамамен 70%-ы Қазақстанның батысында шоғырланған.

Ең көп барланған мұнай қорлары Атырау облысында, оның аумағында 930 миллион тонна өнеркәсіптік санаттар қорлары бар 75-тен астам кен орындары ашылған. Облыстың ең ірі кен орны – Теңіз кен орны (бастапқы алынатын қорлары – 781 миллион тонна). Облыстағы басқа кен орындарының үлесіне 150 миллион тоннаға жуығы тиесілі. Ол қорлардың жартысынан астамы екі кен орнында шоғырланған – Королевское (55 миллион тонна) және Кенбай (31 миллион тонна).

Маңғыстау облысының аумағында 725 миллион тонна өнеркәсіптік санаттағы мұнай, 5,6 миллион тонна конденсат алынатын қорлары бар 70-тен астам кен орны ашылған. Кен орындарының жартысынан кемі пайдалануда. Олардың көпшілігі – игерудің кейінгі сатыларында. Қалдық қорлардың басым бөлігі алуға қиын қорлардың санатына жатады. Ең ірі кен орындары – Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас.

Батыс Қазақстан облысындағы ең ірі кен орны 320 миллион тоннаға жуық сұйық көмірсутек шикізатының және 450 миллиард м<sup>3</sup> астам газдың алынатын қорлары бар Қарашығанақ кен орны болып табылады. 2005 жылдың қыркүйек айында Қарашығанақпен көршілес Федоровский блогында көмірсутек шикізатының табылғаны туралы жарияланды. Қашаған кен орны әлемде соңғы 40 жылда ашылған ең ірі кен орындарының бірі, сондай-ақ теңіздегі

<sup>8</sup> Ақпарат дерекнамасы: Мұнай және газ Министрлігі; АҚ «ҚазМұнайГаз - переработка и маркетинг» жылдық есебі»; АҚ «Рейтингтік агенттік РФЦА» Аналитикалық есебі; «KazEnergy» №3 (53) Ақпараттық-аналитикалық журналы, маусым 2012; «BP statistical review of world energy June 2012»



ең ірі мұнай кен орны болып табылады. Кен орны Каспий теңізінің Қазақстандық секторында орналасқан және оның бетінде шамамен 75 x 45 шақырым ауданды алып жатыр. Коллектор Каспий теңізінің Солтүстік бөлігінде теңіздің түбінен шамамен 4 200 метр тереңдікте жатыр. Солтүстік Каспийдің қатал теңіз жағдайларында Қашаған кен орнын игеру технологиялық қиындықтар мен жабдықтау жүйесіндегі қиыншылықтардың бірегей ұштастығын құрайды. Ондай қиындықтар өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, инженерлік-техникалық, логистикалық және экологиялық міндеттерді шешуге қатысты, бұл аталған жобаны әлемдегі салалық жобалардың ең ірілерінің және ең күрделілерінің бірі етеді.

Теңіз кен орны – әлемдегі ең терең мұнай кен орны – аумағы бойынша Каспий теңізінің солтүстігіндегі Каспий мұнай-газ провинциясына жататын алып. Оның мұнайлы коллекторы шамамен 4 000 метр тереңдікте жатыр. Теңіз коллекторы ұзындығы жағынан 19 шақырымға және ені бойынша 21 шақырымға созылып жатыр, ал мұнайлы қатты биіктігі 1,6 шақырымды құрайды. Теңіз кен орнының коллекторының бұрғыланған және бұрғыланбаған учаскелеріндегі жалпы барланған қорлар 3,1 миллиард тонна немесе 26 миллиард баррель көлемінде болжануда.

Мұнай-газ әлеуеті тұрғысынан енді бір перспективті аймақ Ақтөбе облысы болып табылады. Мұнда 25 шақты кен орны ашылған. Бұл аймақтағы неғұрлым маңызды геологиялық табылым 170 миллион тоннаға жуық мұнай мен конденсаттың алынатын қорлары бар Жаңажол кен орындары тобы болып табылады. 2005 жылы Каспий ойпатының шығыс бөлігінің орталық блогында жаңа Үміт кен орнының ашылғаны туралы жарияланды.

Қызылорда және Қарағанды облыстарының мұнай өндіру саласының негізі Қазақстанның маңыздылығы жағынан бесінші мұнай-газ провинциясы Құмкөл кен орындары тобы болып табылады. 2005 жылдың жазында осы өңірде жұмыс істейтін «ПетроҚазақстан» компаниясы Қызылқия кен орнының солтүстік шекарасына жапсарлас жатқан Көлжан лицензиялық аумағында коммерциялық мұнай қорларының табылғаны туралы жариялады.

### НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚР Мұнай және газ министрлігінің деректері бойынша, құрлықтағы, сондай-ақ қайраңдағы расталған көмірсутектер қорлары 4,8 миллиард тоннаның шектерінде немесе 35 миллиард баррельден астамға бағаланады, ал 2001 жылға қарай жағдайы бойынша, мұнайдың барланған баланстық қорлары тек 2,9 миллиард тоннаны құрайды. Оның үстіне, бірқатар сарапшылардың бағалары бойынша, тек Каспий теңізінің Қазақстандық секторында орналасқан кен орындары бойынша болжамдағы мұнай қорлары 17 миллиард тоннадан немесе 124 миллиард баррельден астамды құрауы мүмкін. Мұнай және газ қорларын, сондай-ақ ұдайы өсіп келе жатқан өндіру көлемдерін ескергенде, көз жететін перспективада Қазақстан әлемдегі мұнай өндірудің кіндік ортасында қала беретін болады.



Мұнай және газ министрлігінің ақпаратына қарағанда, 2012 жылдың қорытындылары бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру 79,2 миллион тоннаны құраған. Салыстыру үшін, 1998 жылы мұнай өндіру деңгейі 25,9 миллион тонна деңгейінде тіркелген. Табиғи газ өндіру көлемі жағынан (2012 жылы 40,1 миллиард текше м), Қазақстан ТМД елдерінде алдыңғы қатардағы орындардың бірін алып отыр.


Республиканың мұнай және газ өңдеу кәсіпорындарында 2012 жылы 14,2 млн. тонна мұнай қайта өңделген және 2,2 мың тонна сұйытылған көмірсутекті газ өндірілген. Табиғи газды ішкі тұтыну көлемі 10,5 млрд. м<sup>3</sup> текше метрді құрады.


Қазақстан өндірілетін мұнайдың негізгі бөлігін мұнай құбырлары арқылы экспортқа шығарады. 2012 жылы мұнай экспортының көлемі 68,6 миллион тоннаны, соның ішінде мұнай құбырлары бойынша: «Атырау–Самара» – 15,4 миллион тоннаны, КТК – 27,9 миллион тоннаны, «Атасу–Алашанькоу» – 10,4 миллион тоннаны құрады. Ақшалай баламада мұнай экспорты 56,4 миллиард АҚШ долларына эквивалентті соманы құрады, бұл еліміздің жалпы экспорт көлемінің 60%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасынан газ экспорттау көлемі 2012 жылы 8,8 млрд. м<sup>3</sup> текше метрді құрады. Бұл орайда ҚР аумағы арқылы халықаралық газ транзитінің көлемі осы кезеңде 96,5 млрд. м<sup>3</sup> текше метрді құрады.

Келешекте Қазақстанда мұнай мен газ өндіру көлемі айтарлықтай өсу тенденциясына ие болады. Қазақстандық мұнай және газ өндірісі көлемдерінің ұлғайғаны үш фактормен байланыстырылады. Біріншіден, бұл инвестициялардың айтарлықтай ағымынан туындайды. Екіншіден, көмірсутек шикізатының әлемдік нарықтарында қолайлы конъюнктура қалыптасуда. Үшіншіден, саланың ресурстық әлеуетін әрі қарай үдетуге сондай-ақ Каспий және Арал теңіздерінің акваториясында жер қойнауының учаскелерінде жүргізіліп жатқан кең ауқымды зерделеу де жәрдемдесетін болады.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ





Қазақстан-Қытай мұнай құбыры (Өткізгіштік қабілеті 10,0 млн. тонна)

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР**

- МӨЗ
- МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ
- ТЕМІР ЖОЛЫ
- ГАЗ ҚҰБЫРЫ
- ЕЛДІ МЕКЕН
- МЕСТОРОЖДЕНИЯ НЕФТИ

**ҚМГ БӨ-НІҢ АКТИВТЕРІ**

- | ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР     | БАРЛАУ АКТИВТЕРІ                                       |
|-----------------------|--|
| «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ     | «ОРАЛ ОЙЛ ЭНД ГАЗ» ЖШС («ФЕДОРОВСКИЙ» БЛОГ)            |
| «ЕМБЫМҰНАЙГАЗ» АҚ     | «КАРПОВСКИЙ СЕВЕРНЫЙ» ЖШС («КАРПОВСКИЙ СЕВЕРНЫЙ» БЛОГ) |
| «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ  | ТОО «ҚМГ БӨ БАРЛАУ АКТИВТЕРІ» (САПАБАРЛАУ СЕРВИС ЖШС)  |
| «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС |  |
| «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.» |  |

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

**9,5** МЛН. ТОННА  
ЭКСПОРТ

**161** МЛРД. ТЕНГЕ  
ТАЗА ПАЙДА

ҚМГ БӨ мұнай өндірісі бойынша Қазақстандағы үш алғашқы көшбасшының қатарына кіреді. Шоғырландырылған ауқым бойынша компания Қазақстандағы өндірістің 15 %, ал шоғырландырылған болжанған қор бойынша 3% ие.





**ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ**  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ

«ҚМГ БӨ – АСА ІРІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ  
ӘРІ ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРАТЫН АЙМАҚТАРДА МАҢЫЗДЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ РӨЛ АТҚАРАТЫН  
ӨЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ КОМПАНИЯ»

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

2012 жыл ҚМГ БӨ үшін Компанияның әлеуметтік және өндірістік салаларында елеулі өзгерістер болды. Бұл кезеңнің негізгі басым бағыттары төмендегілер болды: негізгі активтерде әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру, өндірістік циклды толық ауқымды жаңартуды іске асыру, келесі есу үшін өндіруді тұрақтандыру.

ҚМГ БӨ қызметкерлер құрамымен қатынастарды жақсартып, бар күштерін қызметкерлер құрамымен және қызмет аймақтарындағы халықпен байланысты құруға және соның арқасында қарсылық көріністерінің тәуекелдерін барынша азайтуға бағыттады. Қазіргі уақытта «Өзенмұнайгаздағы» әлеуметтік жағдай қалпына келді деп айтуға болады. Бірақ ҚМГ БӨ өз тарихының жаңа сатысындағы ұзақ жолдың ең басында ғана тұр, оның алдында зор міндеттер тұр.

Өндіру көлемдерін өсіру мәселесі бұрынғысынша өзекті. Өндірістің төмен қарқынының негізгі себебі – жабдықтың тозуынан туындаған технологиялық үдерістің орнықсыздығы және оның теріс факторлардың алдындағы осалдығы. Мұнай өндіруге және ҚМГ БӨ одан әрі дамытуға байланысты проблемалардың кешенді шешімі үшін, Директорлар кеңесі өндірісті жаңғырту жоспарын бекітті. Жаңғырту бағдарламасы тек мұнай өндіруді тұрақтандыруға ғана емес, сонымен қатар еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған. Табысты болып шыққан жағдайда, аталған бағдарлама өндірістік жоспарлардың орындалмау тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ одан әріде ҚМГ БӨ өндіруші активтерінің әлеуетін толық дәрежеде іске асыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде Өзен кен орны тек қорларының деңгейі бойынша ғана емес, сонымен қатар өзінің әлеуметтік маңыздылығы жағынан Қазақстанда игерілетін кен орындарының ең ірілерінің бірі болып табылады – оған қызмет көрсетуде 14,5 мыңға жуық адам қамтылған. Өзен – бүкіл еліміздің аумағындағы қомақты актив, сондықтан 2012 жылы оның проблемаларының шешімімен тек ҚМГ БӨ ғана емес, сонымен бірге «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы, «Самұрық-Қазына» ҰОҚ АҚ, ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Мұнай және газ министрлігі де айналысты.

2013 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда 5,3 миллион тоннаға жуық (тәулігіне 107 мың баррель), ал «Ембімұнайгаз» АҚ-нда 2,8 миллион тоннаға жуық (тәулігіне 57 мың баррель) мұнай өндіреді деп жоспарлануда. Біз өндірісті жаңарту бойынша алдыға қойылған міндеттерді орындаған және кәсіпорындардың еңбек ұжымдары жұмылып еңбек еткен жағдайда, бұл әбден орынды өндіру деңгейі деп санамыз. Және біз өзінің мөлшерлері жағынан әлі де болса Өзен кен орнының әлеуеті зор екеніне сенімдіміз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі және «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның ресми болжамдары бойынша, ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі 2013 жылға бюджетті Brent маркалы мұнайдың бір баррелінің 90 АҚШ долларын құрайтын бағасын ескере отырып бекітті. 2013 жылға күрделі салымдар 191

миллиард теңге (1 288 миллион АҚШ доллары) мөлшерінде жоспарланады. Күрделі салымдардың өсуі негізінен жаңарту бағдарламасына инвестицияларға және ҚМГ БӨ компаниясын дамытудың перспективті бағыттарының бірі болып қала беретін геологиялық барлау бағдарламасының іске асырылуына байланысты. Осы шығыстардың барлығы болашақта операциялық және қаржылық тиімділікті көтеруге бағытталған. Шығыстардың сондай жоғарылауын мақұлдаудың маңызды параметрі өндірістің пайдалылығы мен болашақта операциялық және капиталдық шығыстарды тұрақтандыруды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚМГ БӨ – аса ірі салық төлеуші әрі өзінің қызметін жүзеге асыратын аймақтарда маңызды экономикалық рөл атқаратын әлеуметтік жауапты компания. Өз активтеріндегі уақытша қиындықтарға қарамастан, ҚМГ БӨ бұрынғысынша отандық мұнай-газ саласының көшбасыларының бірі болып табылады және Қазақстанда өндіру деңгейі бойынша алғашқы үштіктің қатарына кіреді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС-індегі, CCEL мен «ПетроҚазақстан Инк.» компаниясындағы ҚМГ БӨ үлестік қатысуы топтастырылған өндірудің жақсы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерімен айтарлықтай шамада ҚМГ БӨ өндірістік филиалдарындағы проблемалардың орнын толтырды. Осы компаниялармен серіктестік қатынастар өздерінің табыстылығын дәлелдеп үлгерді және әрі қарай даму үшін берік іргетас болып табылады.

ҚМГ БӨ компаниясының «ҚазМұнайГаз» холдингі үшін ерекше зор маңызы бар. Бұл Лондон және Қазақстан биржаларында листингден өткен бірден бір ірі қазақстандық компания, бұл оның жариялылығы мен ашықтығының жоғары деңгейінің, жоғары корпоративтік басқару стандарттарының айғағы болып табылады. Бұл орайда ҚМГ БӨ – мемлекеттік қолдауға ие әрі отандық және шетелдік инвестициялар үшін қызығушылық туғызатын республикадағы жалғыз мұнай-газ операторы.

Капитал нарығына қол жеткізу мүмкіндігінің арқасында, ҚМГ БӨ бас компанияның қаражаттарын тартпай, ҚМГ ҰК тобының құрамында мұнай-газ активтерін топтастыру бойынша міндеттерді дербес шешеді, бұл ҚМГ ұлттық компаниясына өз күштерін негізгі жобаларға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

ҚМГ БӨ өзінің стратегиялық міндеттерін ҚМГ ҰК-мен тығыз серіктестікте шешеді және бұл серіктестік тек нығайтылатын болады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы бұдан кейін де мемлекеттің, компанияның жұмыскерлері мен акционерлерінің мүдделерінің қорғалатынына кепілдік беріп, ҚМГ БӨ жобаларына қолдау көрсететін болады.

**ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ**  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ



**АБАТ НҰРСЕЙІТОВ**  
БАС ДИРЕКТОР

«БІЗДІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ  
МАҚСАТЫМЫЗ – КОМПАНИЯНЫҢ  
ӨНДІРІСІН БЕРІК ЕТУ БОЛДЫ»



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

Мен ҚМГ БӨ бас директорының қызметіне 2013 жылдың қаңтар айында кірісіп, бұл қызметте Маңғыстау облысының әкімшілігіне басшы болып ауысқан Алик Айдарбаевтың орнын бастым. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары ретінде, мен 2012 жылы Компанияда жүзеге асырылған ауқымды өзгерістердің куәгері болып қана қоймай, сонымен қатар Компанияны ұзаққа созылған еңбек дауларынан туындаған дағдарыс жағдайынан шығару бойынша жобаларды іске асыруға белсенді ат салыстым.

Біз қиын уақытты бастан кештік, бірақ қалыптасқан жағдайдан сабақ ала білдік. Өткен жыл бойы Компанияда еңбек ұжымдарымен ішкі қатынастарды құру бойынша қарқынды жұмыс жүргізілді. Кез келген өзекті мәселені талқылауға шығаруға және барынша қысқа мерзімдерде шешу үшін, ҚМГ БӨ жұмыскерлерімен кері байланыс механизмдері әзірленді және енгізілді. Қызметкерлер құрамының ынтасын арттыру жүйесі әзірленді, еңбек дауларын шешу және медиация бойынша тренингтер, корпоративтік рухты арттыру бағытында іс-шаралар өткізілді. Біздің 2012 жылға міндетіміз еңбек ұжымдарының сенімін және оң пейілін қайтару, Компания үшін өндірісте мықты шепті қамтамасыз ету болды.

Бүгін біз жұмыс істейтін қызметкерлер құрамымен қатынастарда позитивті ілгерілеуді көріп отырмыз және қабылданған шешімдердің дұрыстығына көз жеткіздік. Атқарылған жұмыстар ҚМГ БӨ компаниясының мыңдаған адамнан тұратын ұжымын жұмылдыруға ықпалдасып, конструктивті диалогты және өзара құрметті дамытуға жаңа серпін береді деп үміттенеміз. Бұл салада біз жалғыз жұмыс істеп жатқан жоқпыз. ҚР Мұнай және газ министрлігі, «Самұрық-Қазына» қоры, бас компаниямыз «ҚазМұнайГаз» және жергілікті атқарушы органдар бізге жан-жақты қолдау көрсетуде.

2012 жылы Компанияның басқару құрылымына және бизнес-үдерістеріне елеулі өзгертулер енгізілді. Мәселен, акцияларының 100%-ы ҚМГ БӨ компаниясына тиесілі «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары акционерлік қоғамдар болып қайта құрылды. Бұл тікелей өндірісте менеджменттің қажетті жауапкершілігі мен жеделдігін қамтамасыз етті, кәсіпорындардың ашықтық деңгейін арттырды. Сонымен қатар, жаңадан екі сервистік компания құрылды, олар тек ҚМГ БӨ және басқа мұнай өндіретін компанияларға қызметтер көрсетіп қана

қоймай, сонымен қатар аймақтағы әлеуметтік шиеленісті төмендетеді.

ҚМГ БӨ компаниясының 2012 жылдағы операциялық нәтижелері негізгі активтердегі өндірудің тұрақтандырылғанын көрсетеді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан» компанияларындағы үлестерді ескергенде, 2012 жылы Компания 12 191 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылға қарағанда 1%-ға кем. 2011 жылдың соңында ұзаққа созылған ереуілден кейін, ҚМГ БӨ компаниясына әлі де болса, өндірістің бұрынғы көлемін қалпына келтіру үшін уақыт қажет. Бірқатар кәсіпшіліктердегі инфрақұрылым тозған, жабдықтың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан 2012 жылы біз ауқымды жаңғырту бағдарламасын іске қостық, ол аяқталғаннан кейін бізге «Өзенмұнайгаз» АҚ-ндағы өндірістік үдерістерді тұрақтандыруды аяқтауға, оларды барлық сыртқы теріс факторларға орнықты етуге мүмкіндік береді. Мұнда ТМД үшін бірегей жер асты жабдығын диагностикалау және жөндеу бойынша цех жұмыс істеп, мұнай базасы, ұңғымаларды бұқтыруға арналған сұйық дайындау бойынша екі учаске, мұнай кәсіпшілігі жабдығына сервистік қызмет көрсету бойынша цех, мұнай жабдығын жөндеу бойынша цех, автокөліктің және арнайы техниканың 1000 бірлігіне қызмет көрсету бойынша автосервистік орталық салынатын болады. Одан басқа, шоғырланған сорап станциясының қабатқа сұйықты жинау және тасымалдау жүйесі реконструкцияланатын болады. Осы нысандарды пайдалануға тапсыру бізге өндірістің тиімділігін айтарлықтай жоғарылатуға мүмкіндік береді. Бағдарлама орташа мерзімді перспективаға шақталған, оған инвестициялардың көлемі – 100 миллиард теңгеге жуық. 2013 жылы осы бағдарламаны іске асыруға және жалпы біздің өндіруші активтеріміздің проблемаларын шешуге барынша маңыз беріліп, ресурстар және жігеріміз бағытталатын болады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ кемел кен орнын игеріп жатқанына қарамастан, оның өз даму келешегі бар. 2012 жылдың барысында Өзен кен орнының әлеуетіне толық ауқымды зерттеулер жүргізіліп, олардың нәтижелері бойынша тәуелсіз сарапшылар кен орнының келешегі бар деген тұжырым жасады. Бірақ зерттеулер сондай-ақ кәсіпшіліктер пайдалы болуы үшін, өндірістік қызметке көзқарастарды қайта қараудың қажет екенін көрсетті. Сондықтан 2012 жылы мұнай қайтарымын арттырудың заманауи әдістерін енгізу бойынша.

---

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

жұмыс басталды, жаңа жабдық сатып алынды, өнеркәсіптік жұмыстардың басым бөлігі автоматтандырылатын болады.

2012 жылы Өзен кен орнында тұңғыш рет горизонталды ұңғыма бұрғыланып, ол дебиті тәулігіне 22 тоннаға жуық көлемді құрайтын мұнайдың фонтанды ағынын берді. Позитивті нәтижелерді негізге алып, және қолда бар инфрақұрылымды ескере отырып, біз горизонталды ұңғымаларды бұрғылауды 2013 жылы да жалғастыруға ниеттіміз.

ҚМГ БӨ геологиялық барлау жұмыстарының орташа мерзімді бағдарламасын іске асыру жұмыстарының ең басында тұр. Біз геологиялық барлауға инвестициялар ең алдымен экономикалық тұрғыдан ақталуға тиіс деген принципті ұстанамыз. Сондықтан, Компания геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасының нысандарын салымдардың перспективтілігі тұрғысынан қатаң електен өткізуді жүргізді және бұдан әріде де барлау мен жете барлауды нақтылы және шын мәнінде прагматикалық жүргізіп отыруға ниетті.

ҚазМұнайГаз ҰК жаңартылған стратегиясын есепке ала отырып, қазіргі уақытта ҚМГ БӨ стратегиясы қайта қаралуда. Біз Қазақстандағы алдыңғы қатарлы мұнай-газ компанияларының бірі ретіндегі позицияларымызды

нығайту үшін, қуатымызды жоспарлы түрде нығайтудамыз. Біздің негізгі міндеттеріміз – топтастырылған өндіру көлемін ұлғайту, жаңа активтерді иелену арқылы көмірсутектердің қорларын толықтыру және өсіру, сондай-ақ геологиялық барлау жұмыстары және ҚМГ БӨ негізгі кен орындарында өндірісті оңтайландыру.

Біз бұрынғыдай орын тепкен аймақтарда әлеуметтік жағдайларды жақсартуға ықпалдасуға, мұнайшылардың жас буынын оқып-үйретуге және кәсіптік өсіруге жәрдемдесуге, экология және өндірістің қауіпсіздігі мәселелерін шешуге ниеттіміз.

Біздің компаниямыз өзін тиянақты жер қойнауын пайдаланушы, пайдалы кәсіпорын және өз акционерлерінің алдындағы жауапты серіктес ретінде көрсетті. ҚМГ БӨ бүгінгі міндеті – осы атаққа сәйкес болу және әрі қарай үйлесімді өсу бойынша жұмысты жалғастыру.

**АБАТ НҰРСЕЙІТОВ**  
БАС ДИРЕКТОР

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ (ДК), АЛ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ – КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАР-  
МАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БАСҚАРМАҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТЕТІН БАС ДИРЕКТОР, СОНДАЙ-АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
МҮШЕСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ БІРДЕН БІР ӨКІЛІ БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕНДІ ТӨРТ МҮШЕСІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ,  
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ ӨКІЛДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ СОН-  
ДАЙ-АҚ ҮШ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР КІРЕДІ.



### **ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ** **ҚМГ БӨ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ,** **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.**

Ләззат Қиынов – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның басқарма төрағасы, ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің мүшесі болып 2012 жылғы 27 ақпанда, директорлар кеңесінің төрағасы болып – 2012 жылғы 13 наурызда сайланды. Қазақ политехникалық институтын бітірген. Техникалық ғылымдарының докторы, халықаралық инженерлік академияның академигі. Мұнай-газ саласында 1971 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Мұнай-газ өндірісінде кәсіптік дамудың барлық сатыларынан өткен, «Жетыбайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор, «Мангышлакнефтепромхим» аумақтық-өндірістік басқармасының бас инженері, «Қаражанбасстертнефть», «Комсомольскнефть» МГӨБ бастығы болып жұмыс істеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нда, Каспий құбыржол консорциумында, ҚР Мұнай және газ министрлігінде басшы қызметтерді атқарды. Әртүрлі жылдары Маңғыстау облысына басшылық етті. «Парасат» орденімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.



### **АБАТ НҮРСЕЙІТОВ** **БАС ДИРЕКТОР, ҚМГ БӨ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.**

Абат Нұрсейітов 2012 жылдың қаңтар айынан бері Компания бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді. Компанияда 2006 жылдың қазан айынан бері жұмыс істеп келеді. Соңғы тағайындалуға дейін Өндіріс жөніндегі басқарушы директор болған. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген. Мұнай-газ секторында 1986 жылдан бері жұмыс істейді, мұнай және газ өндіру жөніндегі оператордан «Жетыбайнефть» мұнай-газ өндіру цехының бастығына дейін еңбек жолынан өткен, ҚазНИПИнефть, «Торғай-Петролеум» ЖАҚ-нда, «ЛУКОЙЛ Оверсиз Сервис» Қазақстан филиалында түрлі басшылық қызметтерді атқарды. «Қазақстан мұнайына 100 жыл» және «Қазақстан мұнайына 110 жыл» медальдерімен марапатталған.

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



### **ЕРЖАН ЖАНҒАУЛОВ** **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ ЗАҢ** **ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСШЫСЫ.**

Ержан Жанғаулов 2012 жылдың ақпан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Заң қызметінің басшысы лауазымын атқаруда. Соңғы лауазымына дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры, құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директоры, Вице-Президентінің кеңесшісі болып қызмет атқарды. «Мұнай және Газ Тасымалдау» ҰК» ЖАҚ-ның заң департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының заң қызметі бөлімінің басқарушысы лауазымдарын атқарды, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінде заң, қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімшесінің кеңесшісі, ҚР әділет министрінің көмекшісі болып жұмыс жасады. Білімі – заңгер, 1992 жылы Қарағанды мемлекеттік институтын бітірді.



### **ӘСИЯ СЫРҒАБЕКОВА** **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ** **ҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЫ.**

Әсия Сырғабекова 2009 жылдың шілде айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Қаржы директоры болып тағайындалды, 2010 жылдың 26 наурыз айында «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-ның Директорлар кеңесіне сайланды. Осы тағайындалуына дейін 2006 жылдың шілде айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директоры, 2004-2005 жж. Халық Банкінің Басқарма төрағасы, 2003-2004 жж. Халық Банкінің Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған. 1998-2003 жж. Ұлттық мұнай-газ компаниясында жұмыс істеп, «Қазақойл», «ҚазТрансГаз» компанияларында әртүрлі жоғарғы басқарушы қызметтерді атқарған. 1982 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірді.



### **ТИМУР БИМАҒАМБЕТОВ** **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ** **БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ** **ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ** **ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ** **ОРЫНБАСАРЫ.**

Тимур Бимағамбетов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның басқарма төрағасының өндіру және техникалық дамыту жөніндегі орынбасары болып 2012 жылғы 20 ақпанда тағайындалды және ҚМГ БӨ директорлар кеңесіне 2012 жылғы 29 мамырда сайланды. Соңғы жылдары «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-нің бас директорының, сондай-ақ ҚМГ ұлттық компаниясының атқарушы директорының қызметтерін атқарды. 1978 жылы Қазақ политехникалық институтын бітірген.

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



### **ФИЛИП ДЭЙЕР** **ҚМГ БӨ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЫ.**

Филип Дэйер, құқық бакалавры, Тіркелген бухгалтерлер институтының мүшесі, тіркелген бухгалтер ретінде біліктілікке «KPMG» компаниясында ие болды, содан кейін 25 жыл бойы инвестициялық-банктік қызметпен айналысып, Лондон қор биржасында тіркелген компаниялар үшін ақыл-кеңестер беруге маманданды. «Barclays De Zoete Wedd» және «Citicorp» секілді компанияларда жұмыс істеп, мол тәжірибеге ие болды. 2005 жылы «ABN AMRO Hoare Govett» компаниясынан қызметтен кетті. Одан кейін «Роснефтіге» 2006 жылы бағалы қағаздарды ұтымды орналастыру бойынша кеңес берді және оны KNOC сатып алған сәтке дейін «Dana Petroleum» аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болды. Қазіргі уақытта компания Директорлар кеңесінің мүшесі болды, сондай-ақ AVEVA Group» аға тәуелсіз директоры болып табылады. 2010 жылдың мамыр айынан бастап Дэйер мырза ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. 2010 жылдың мамыр айында Дэйер мырза ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Дэйер мырза Аудит және сыйақылар жөніндегі комитеттерге жетекшілік етеді, Тағайындаулар және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттердің мүшесі.



### **ЭДВАРД УОЛШ** **ҚМГ БӨ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЫ.**

Эдвард Уолш мұнай-газ саласында отыз бес жылдан астам жұмыс тәжірибесіне ие. «Бритиш Петролеум» мен «Бритиш Газ» компанияларында түрлі қызметтерде жұмыс істеп, аталған компаниялардың Нигерия, Абу-Даби, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы барлау және өндіру бойынша қызметі үшін жауап берді. Дублин университетінің қатты заттектер химиясы бойынша ғылым докторы болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесіне 2006 жылғы 28 тамызда сайланды. Уолш мырза Стратегиялық жоспарлау және тағайындаулар жөніндегі комитеттерге басшылық етеді, аудит, сыйақылар және тағайындаулар жөніндегі комитеттердің мүшесі.



### **ПОЛ МАНДУКА** **ҚМГ БӨ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЫ.**

Пол Мандука Ұлыбритания мен Еуропада Threadneedle Asset Management, Rothschild Asset Management, Deutsche Asset Management секілді компанияларда бас директор болып жұмыс істеді. Мандука мырза түрлі компанияларда, соның ішінде онда ол аға тәуелсіз директордың қызметін атқарған Prudential Group plc компаниясында директорлар кеңесінде тәуелсіз директор болды.

Prudential plc. компаниясының төрағасы болып сайлануына байланысты, Мандука мырза 2012 жылғы 1 қазаннан бастап ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінен шығуға шешім қабылдады. Мандука мырза сыйақылар мен тағайындаулар жөніндегі комитеттің мүшесі болған, сондай-ақ аудит жөніндегі комитетке басшылық етті.

# 2012 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ

ІРО ӨТКІЗІЛГЕННЕН БЕРГІ ЕҢ ІРІ ДИВИДЕНД ТӨЛЕНГЕН ЖЫЛ



## I ТОҚСАН

- 2011 жылдың соңында Компанияға мемлекеттік ұйымдар тарапынан Маңғыстау облысында әлеуметтік жағдайды түзету үшін жаңа жұмыс орындарын құру жұмысын өткізуге бұйрық берілді. Мемлекеттік ұйымдардың пікірін бөлісе отырып, Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ БӨ-ға және Маңғыстау облысының басқа компанияларына қызмет көрсететін, құрамында 2000 аса адам жұмыс істейтін, көліктік және бұрғылаушы, екі қызмет көрсетуші компания құруға шешім қабылдады. Алдын ала болжам бойынша осындай шаралар операциялық шығыстардың 12,3 млрд теңгеге (83 млн. АҚШ долл.) және күрделі қаржы жұмсалымының 8,3 млрд. теңгеге (56 млн. АҚШ долл.) өсуіне әкеледі.
- ҚМГ БӨ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Аскар Балжановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзіміне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Ләззат Киинов сайланды.
- ҚМГ БӨ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Аскар Балжановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзіміне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Ләззат Қиынов сайланды.
- Директорлар кеңесінің отырысында Ләззат Қиынов ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 2012 жылдың алғашқы үш айында ҚМГ БӨ 3 029 мың тонна (тәулігіне 249 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдың аталған кезеңіне қарағанда 143 мың тоннаға немесе 5%-ға кем. 2012 жылдың I тоқсанында жоспардан артта қалу негізінен Батыс Қазақстандағы қолайсыз ауа-райы жағдайларына байланысты болды.
- 2012 жылдың үш айындағы топтастырылған аралық қаржылық есепке сәйкес, мұнай бағаларының және ішкі нарыққа жеткізілімдер бағаларының көтерілгеніне байланысты, түсім 2011 жылғы баламалы кезеңмен салыстырғанда 8%-ға өсті және 207 миллиард теңгені (1 396 миллиард АҚШ долларын) құрады. Таза пайда 75 миллиард теңгені (508 миллиард АҚШ долларын) құрады және бір акцияға пайда 1 070 теңгені (бір ЖДҚ үшін 1,2 АҚШ долларын) құрап, 2011 жылдың кезеңмен салыстырғанда тиісінше 27%-ға және 32%-ға ұлғайды.

## II ТОҚСАН

- ҚМГ БӨ «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» («КРІ») ЖШС-нің жарғылық капиталында қатысу үлестерінің 51%-ы бар «Біріккен химиялық компания» ЖШС-н сату бойынша мәміленің жабылғаны туралы жариялады. КРІ «ҚР Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химиялық кешеннің құрылысы» жобасының операторы болып табылады. Аталған мәміленің нәтижесін ҚМГ БӨ компаниясының инвестицияны сатуға өткізуден түскен табысы салықтық салдарсыз 5 миллиард теңгені (33,5 миллиард АҚШ долларын) құрады, өйткені бастапқы жұмсалымдардың сомасы сату сомасына тең болды.
- 2012 жылғы 2 мамыр мен 5 мамырдың аралығында Астанада ҚМГ БӨ өндірістік филиалдары мен еншілес тәуелді ұйымдарының еңбек ұжымдарының I Спартакиадасы өтті. Ойындардың қорытындылары бойынша «Өзенмұнайгаз» ӨФ-ның құрама командасы бірінші орынға ие болды.
- ҚМГ БӨ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі бойынша, 2011 жылдағы бір акцияға (жай, сондай-ақ артықшылықты) шаққанда дивидендтің мөлшері 1 300 теңгені құрады. 2011 жылдағы дивидендтің жалпы сомасы – 91 миллиард теңгеге жуық (615 миллиард АҚШ долларына жуық). Бір акцияға дивидендтің бекітілген мөлшері өткен жылдың көрсеткішінен 62,5%-ға жоғары және 2006 жылғы IPO кезінен бергі ең ірі болып табылады.
- ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі 2012 жылы Компания күрделі шығындарын 127 миллиард теңгеден (852 миллиард АҚШ долларынан) 142 миллиард теңгеге (955 миллиард АҚШ долларына) дейін ұлғайтуды мақұлдады. Қосымша инвестициялар өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, еңбек жағдайларын жақсартуға және болашақта ҚМГ БӨ өндірісінің орнықтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ экологиялық талаптар мен қауіпсіздік нормаларын сақтауға бағдарланған өндірістік нысандарды жаңарту бағдарламасына бағытталатын болады.
- Директорлар кеңесі ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясы 2009 жылдың желтоқсан айында ПҚИ акциялар пакетінің 33%-ын сатып алудың нәтижесінде өзіне қабылдаған ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясының борышын 2012 жылғы 6 шілдеге дейінгі мерзімде мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады.
- ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі Мақат ауданының Байшонас және Ескене кенттерінің тұрғындарын Атырау қаласына көшіруге 5 миллиард теңге (36 миллиард АҚШ доллары) бөлу туралы шешім қабылдады.
- ҚМГ БӨ акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесі Сисенғали Өтеғалиевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғарды. Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі болып Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне Тимур Бимағамбетов сайланды.
- Солтүстік теңіздегі White Bear құрылымында өзара шарттық міндеттемелерге сәйкес барлау ұңғымасын бұрғылау басталды. ҚМГ БӨ лицензияға қатысу үлестерінің 35%-ын иеленеді, басқа серіктестер тиісінше 45% және 20% қатысу үлестерімен Би Джи Групп және Маерск Ойл ЮК болып табылады.
- 2012 жылғы 13 сәуірден 15 мамырға дейін «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарының жұмыскерлері балаларының арасында «Менің арманым. Мен және менің отбасым» атты балалар суреттерінің байқауы өтті. 18 финалист үшін бас жүлде Қазақстанның елордасы Астанаға сапар болды.
- ҚР Мұнай және газ министрлігі, ҚМГ БӨ және «Өзенмұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысындағы Өзен және Қарамандыбас мұнай кен орындарын қазбалауды жүзеге асыруға 1996 жылғы 31 мамырдағы № 40 Өзара шартқа толықтыруға қол қойды. Толықтырудың негізгі мақсаты – 2012 жылғы 01 шілдеден бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ үшін Маңғыстау облысында орналасқан Өзен және



- Қарамандыбас кен орындарында жер қойнауын пайдалану құқығын қамтамасыз ету болып табылады.
- 2012 жылғы 21 маусымда «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда Директорлар кеңесінің бірінші отырысы болып өтті. «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның директорлар кеңесінің төрағасы болып ҚМГ БӨ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Нұрсейітов сайланды. «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның бас директоры – Басқарма төрағасы болып «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалы директорының міндетін атқарған Абзал Меңдібаев сайланды.
  - «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 2012 жылдың алғашқы алты айында ҚМГ БӨ 6057 мың тонна (тәулігіне 248 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылғы баламалы кезеңдегіге қарағанда 254 мың тоннаға немесе 4%-ға кем.
  - Алты айдағы топтастырылған аралық қаржылық есепке сәйкес, түсім 2011 жылғы баламалы кезеңмен шамамен бір деңгейде 399 миллиард теңгені (2 690 миллион АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіш экспорт көлемдерінің төмендеуімен толық өтелген ішкі нарыққа жеткізілімдердің әлдеқайда жоғары бағаларына байланысты. Таза пайда 121 миллиард теңгені (820 миллион АҚШ долларын) және бір акцияға пайда 1 740 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,0 АҚШ доллары) құрап, 2011 жылдың баламалы кезеңімен салыстырғанда, тиісінше 6%-ға және 10%-ға ұлғайды.
- ### III ТОҚСАН
- 2012 жылғы 1 шілдеде «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалы Акционерлік қоғам болып қайта құрылды.
  - «Карповский Северный» ЖШС-ның 100%-дық үлесіне ие KS EP Investments BV-дағы 49% акциялар пакетін сатуға өткізуге сатып алу-сатуға ҚМГ БӨ MOL Hungarian Oil and Gas Plc. (MOL) еншілес компаниясымен келісімшарт жасады. «Карповский Северный» ЖШС ҚР Батыс Қазақстан облысында «Карповский Северный» учаскесінде мұнай, газ және конденсат барлауға Өзара шарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие.
  - 2012 жылғы 15–17 тамызда «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өндірістік базасында ҚМГ БӨ компаниялар тобы жұмыскерлерінің арасында «Үздік маман» кәсіптік шеберлік конкурсының қорытынды кезеңі болып өтті. Конкурс теориялық және практикалық бөлімдерден тұрды. Бірінші, екінші және үшінші орындарды жеңіп алған қатысушылар бір жыл бойында еңбекақысына тиісінше тарифтік мөлшерлеменің 30%-ы, 20%-ы және 10%-ы мөлшерінде үстемақы алатын болады.
  - ҚМГ БӨ директорлар кеңесі ҚМГ ұлттық компаниясының қызметтері үшін төлемнің құрылымын өзгерту туралы шешім қабылдады. Мұнай экспортын қамтамасыз ету бойынша қызметтер мен басқа қызметтердің ақысын төлеуге арналған соманың 5 млрд. теңге (30 миллион АҚШ доллары) мөлшеріндегі бір бөлігі нақты орнықты болады. Қалған бөлігі жасалған мәмілелерге қарай төленетін болады. Бұл орайда төлемнің жалпы сомасы 10 миллиард теңгеден (67 миллион АҚШ долларынан) аспайтын болады.
  - 2012 жылғы 20 қыркүйекте «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Директорлар кеңесінің бірінші отырысы болып өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып ҚМГ БӨ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Нұрсейітов сайланды. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас директоры – Басқарма төрағасы болып «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры Жұмабек Жамауов сайланды.
  - «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 2012 жылдың тоғыз айында ҚМГ БӨ 9 108 мың тонна (тәулігіне 246 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдағы баламалы кезеңге қарағанда 100 мың тоннаға немесе 1%-ға кем.
  - 2012 жылдың тоғыз айындағы топтастырылған аралық қаржылық есеп бойынша, түсім 605 миллиард теңгені (4 067 миллион АҚШ долларын) құрады, бұл 2011 жылдағы баламалы кезеңге қарағанда 11%-ға артық, ол негізінен экспортқа жеткізілімдердің үлесінің ұлғайғанына және ішкі нарыққа жеткізілімдердің біршама жоғары бағаларына байланысты болды. Таза пайда 173 миллиард теңгені (1 161 миллион АҚШ долларын) және бір акцияға пайда 2 480 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,8 АҚШ долларын) құрап, 2011 жылдағы баламалы кезеңмен салыстырғанда, тиісінше 5%-ға және 9%-ға ұлғайды.
- ### IV ТОҚСАН
- 2012 жылғы 1 қазанда «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалы Акционерлік қоғам болып қайта құрылды.
  - ҚМГ БӨ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның пайдасына алты өзара шарт бойынша мұнай кен орындарын қазбалауды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдалану құқықтарын табыстады, олар: № 37 – Кенбай кен орны; № 61 – Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орны; № 211 – Ботахан, Мақат, Доссор, Таңатар Қамысты және басқа кен орындары – барлығы 23 кен орны; № 413 –Прорва, Құлсары, Қаратон, Қосшағыл және басқа кен орындары – барлығы 15 кен орны; № 327 –Тайсоған кен орны; № 992 – Батыс Новобогат кен орны.
  - Тәуелсіз директор Пол Мандука ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің және Аудит жөніндегі комитетінің құрамынан 2012 жылғы 1 қазанда шықты. Бұл шешім оның Prudential компаниясының Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланғаннан кейін қабылданды. ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі Мандука мырзаға алты жыл бойғы табысты жұмысы үшін алғысын білдірді.
  - Өзен кен орнында алғашқы горизонталды ұңғыманың құрылысы сәтті аяқталды. Ұңғыманың орташа тәуліктік дебиті шамамен тәулігіне 22 тоннаны құрады. Позитивті нәтижелерді негізге алып, және қолда бар инфрақұрылымды ескере отырып, Компания горизонталды ұңғымаларды бұрғылауды 2013 жылы да жалғастыруға ниетті.
  - ҚМГ БӨ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында ҚМГ БӨ Жарғысына өзгертулер енгізілді және ҚМГ БӨ Корпоративтік басқару кодексін жаңа оқылымы бекітілді.
  - 2012ж. 16 қараша. ҚМГ БӨ KS EP Investments BV 49% акциясын еншілес компаниясы MOL Hungarian Oil and Gas Plc пайдасына сатуына байланысты шарттық жабылуын хабарлайды. KS EP Investments BV Батыс Қазақстан облысының «Карповский Северный» блогында мұнайды, газды және конденсатты барлау Контрактісі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие «Карповский северный» ЖШС-нің 100% қатысу үлесіне ие.
  - ҚМГ БӨ MOL Hungarian Oil and Gas Plc. және First International Oil Company (FIOC) компанияларымен бірлестікте «Орал Ойл энд Газ» ЖШС-нің мұнай-газ жобасы үшін өндірістік қызметші құрамды дайындау бағдарламасын әзірледі. 2012 жылы 12 үміткер Будапешт Технологиялар және Экономика университетінде және Мишкольц университетінде шәкіртақыға ие болды. Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстандық кадрларды дамыту және

«Орал Ойл энд Газ» ЖШС-н негізгі өндірістік позицияларға білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады.

- «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның ортаңғы буын менеджерлері «Әлеуметтік-еңбек даулары мен қайшылықтарындағы медиация» оқу курсынан өтті. Курстың негізгі мақсаттары: тыңдармандарды әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы қайшылықты жағдайларды тиімді шешу құралдарымен таныстыру; медиативтік құзыреттіліктерді қолдану машықтарына және келіссөз жүргізу технологияларына оқып-үйрету; қайшы тараптарды ақылға қонымды келісімге келтіру тәсілдеріне оқып-үйрету.
- ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі 2013 жылға бюджетті ҚР Үкіметінің және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының ресми болжамдарына сай Brent маркалы мұнайдың бір баррелі үшін 90 АҚШ доллары бағасын есепке ала отырып бекітті. 2013 жылға жоспарланып отырған өндіру көлемі «Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) АҚ-нда 5,3 миллион тоннаға (тәулігіне 107 мың баррельге) жуық, «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) АҚ-нда 2,8 миллион тоннаға (тәулігіне 57 мың баррельге) жуық мұнайды құрады. 2013 жылға күрделі салымдар 191 миллиард теңге (1 288 миллион АҚШ доллары) мөлшерінде жоспарланып отыр. Күрделі салымдардың өсуі негізінен жаңарту бағдарламасына инвестицияларға және геологиялық барлау бағдарламасын іске асыруға байланысты.
- ҚМГ БӨ және «Атамекен» Одағы» Қазақстанның Ұлттық экономикалық палатасы Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжаттың мақсаты: аймақтардағы әлеуметтік проблемаларды шешу үшін билік орындарының, коммерциялық және бейкоммерциялық ұйымдардың өкілдерінің тиімді өзара әрекеттесуі үшін жаңа платформа құру, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік проблемаларын шешу үшін халықтың өзін өзі ұйымдастыруын ынталандыру.
- 2012 жылғы 31 желтоқсанда ҚМГ БӨ акцияларының кері сатып алу бағдарламасы аяқталды. 2011 жылғы 11 қазаннан 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейін бағдарламаны іске асыру кезеңінің ішінде Компания 263 миллион АҚШ доллары жалпы сомасына 19 461 жай акция және 14 386 605 ЖДҚ сатып алды.
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 2012 жылы ҚМГ БӨ 12 191 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдағыға қарағанда 150 мың тоннаға немесе 1%-ға кем. Өндірудің төмендеуінің негізгі себептері 2012 жылдың бірінші тоқсанындағы қолайсыз ауа-райы жағдайлары, сондай-ақ 2011 жылы Өзенмұнайгазда ұзаққа созылған наразылық акциясының барысында ұңғымалардың тоқтап тұрғаны болып табылды.

## **ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫЛАРДЫҢ ҚМГ БӨ ҚЫЗМЕТІНЕ БЕРГЕН БАҒАСЫ**

2012 жылы Standard&Poor's (S&P) халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ БӨ компаниясына BBB-/тұрақты деңгейінде несиелік рейтингін берді. S&P есептемесінде атап өтілгендей, рейтингке тежегіш ықпал көрсететін ҚМГ БӨ компаниясының акцияларын иеленетін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бас компаниясының рейтингі (BBB-/Тұрақты), сондай-ақ Компанияның негізгі кен орындарының кемелдігі.

S&P пікірі бойынша, ҚМГ БӨ компаниясының «салыстырмалы түрде жоғары және өсіп келе жатқан шығындары, салықтық төлемақылары мен капиталдық шығыстары бар. Компанияның бірлескен кәсіпорындардың ақша қаражаттарына тікелей қол жеткізу мүмкіндігі жоқ болғандықтан, ол айтарлықтай дәрежеде оларға кіріптар. Сонымен қатар, ҚМГ БӨ Қазақстанның әлсіз банктік жүйесімен байланысты бүгінгі таңда төмендеп келе жатқан тәуекелдердің әсеріне түседі. Позитивті факторлардың қатарында Standard&Poor's ҚМГ БӨ компаниясының халықаралық банкерде компанияның борышының деңгейінен айтарлықтай асып түсетін ақша қаражаттарының айтарлықтай резервтерінің бар болу фактісін атайды. «Компания оңды азат операциялық ақша ағынын өндіреді, біздің ойымызша, ол біздің бағалық сценарийіміздің шеңберінде сақталуға тиіс. Біз ҚМГ БӨ экспорттың айтарлықтай көлемі және тасымалдау инфрақұрылымына тарихи қалыптасқан жақсы қатынау мүмкіндігі секілді артықшылықтарға ие деген пікірдеміз», – дейді S&P мамандары.

2012 жылдың тамыз айында Moody's агенттігі ҚМГ БӨ компаниясына Ваа3 рейтингін, тұрақты болжамын берді. Несиеге қабілеттің «11» (21-ден) базалық бағасы компанияның бизнесінің оның ресурстық және өндірістік базасымен байланыстырылатын айтарлықтай мөлшерін; берешегінің төмен деңгейін және ақша ағындарының жақсы көрсеткішін байқатады. «Қолдаудың (мемлекеттік) жоғары ықтималдығы мемлекет және компанияның бас акционері үшін ҚМГ БӨ компаниясының стратегиялық маңызын көрсетеді, оны компанияның құрлықтағы бұрыннан бар мұнай және газ активтерін сатып алуға басымдықты құқығының, жаңа учаскелерге қол жеткізу мүмкіндігінің, құбыр жол желісінің инфрақұрылымына кепілді қол жеткізу мүмкіндігінің бар болуы және ҚМГ БӨ компаниясының «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының топтастырылған қаржылық нәтижелеріне үлесі дәлелдейді. Ол сондай-ақ үкіметтің интервенциялық саясатының тарихын және қуат ресурстарының экспортынан түсетін табыстардың Қазақстанның экономикасы үшін маңыздылығын ескереді», – делінеді Moody's есептемесінде.

Бұл орайда, агенттік сарапшыларының пікірі бойынша, ҚМГ БӨ рейтингтері іргелі тәуекел факторларымен: кен орындары және өндірудің географиялық шоғырланысымен, геосаяси тәуекелдермен, сондай-ақ, Компанияның дәлелденген қорларының барлығы дерлік игеріліп

жатқандықтан және ол, бірінші кезекте, өндіру көлемдерін үдету және ресурстық базаны кеңейту үшін сатып алымдарға иек артатындықтан, етене өсу үшін шектеулі мүмкіндіктермен тежеледі.

«Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) АҚ неғұрлым шиеленіскен мәселелерінің шешіміне бағытталған ҚМГ БӨ бастамалары да талдаушылардың есептемелерінен көрініс тапты. Тәуелсіз талдаушылардың пікірі бойынша, ӨМГ өндіруді бүгінгі салыстырмалы төмен көрсеткіштерден қалпына келтіру үшін әлеуеті бар деген ол актив айтарлықтай инвестициялар көлемін қажет етеді. Citi мамандары атап өткендей, «Компанияның бірінші кезекті мақсаттарының бірі – әлеуметтік тұрақтылық, Ынталылық деңгейін бағалаудың қиындығына қарамастан, біз қанағаттанарлықсыз өндірістік көрсеткіштердің негізгі себептерінің бірі соның өзі болып табылады деген пікірдеміз. ҚМГ БӨ жұмыс жағдайларын үнемі жақсарту, қызметкерлер үшін тренингтер ұсыну арқылы бұл бағытта алға ілгерілеп келеді, сондай-ақ кәсіподақтардың басшыларымен ашық диалог жүргізуде».

АТОН талдаушылары Компанияның Өзендегі өндірудің тұрақты деңгейін сақтауға қабілеті ескірген инфрақұрылыммен шектелді деп санайды: кен орнындағы жабдықтың басым бөлігі сонау 1980-ші жылдары орнатылған және содан бері жаңғыртылмаған. Сондықтан олар Компанияның өндірісті жаңартуға кешенді көзқарасына жоғары баға берді.

«Nalyk Finance» талдаушылары былай деп жазады: «Біз жаңа өндіру технологияларының қолданылуын, ескірген инфрақұрылымның жаңартылуын қолдаймыз және аталған іс-шаралардың нәтижесі мұнай өндіру көлемдерін арттыратынына сенеміз. Мәселе ондай шығындардың ақталатынында болып отыр».

### ҚМГ БӨ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ

2012 жылы ҚМГ БӨ 2006 жылдағы IPO сәтінен бергі ең ірі дивидендті бекітті және төледі. Акционерлердің шешімі бойынша, 2011 жылы бір акцияға (жай, сондай-ақ артықшылықты) шаққанда дивидендтің мөлшері 1 300 теңгені құрады (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстап қалынатын салықтарды қоса алғанда). 2012 жылдағы дивидендтің жалпы сомасы 91 миллиард теңгеге жуық (615 миллион долларға жуық) құрады. 2012 жылдың наурыз айында дивидендтің мөлшері жарияланғаннан кейін, ҚМГ БӨ баға белгіленімдері 20,95 АҚШ долларын құрайтын шырқау көрсеткішке жетті.

2012 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кеңесінің 2011 жылы бекіткен ҚМГ БӨ акцияларын кері сатып алу бағдарламасы табысты аяқталды. Бұл енді 2008 жылдан бері акцияларды кері сатып алу бойынша саны жағынан үшінші бағдарлама. Бағдарламаға сәйкес, Компания Қазақстан қор биржасында (KASE) және Лондон қор биржасында (LSE) 300 миллион долларға дейінгі жалпы сомаға жай акциялар мен жаһандық депозитарлық қолжаттарды (ЖДҚ) сатып алуды жоспарлады. Кері сатып алу бағдарламасының басталғаны туралы жариялағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері Компания акциялары мен жаһандық депозитарлық қолжаттарының ағымдағы нарықтық бағасы оның шын мәніндегі құнын және қолда бар ресурстық базаны, бизнесті дамыту мүмкіндіктерін және орнықты қаржылық жағдайды негізге алған айтарлықтай әлеуетін көрсетпеді деп мәлімдеді. Осыған байланысты, ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі Компанияның нарықта орналастырылған жай акциялары мен жаһандық депозитарлық қолжаттарының бір бөлігін сатып алу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім

Компанияның құндылығына және перспективтілігіне мейндрменттің сенімділігін байқатты. Сонымен қатар, мұндай қадам азат ақша қаражаттарын барлық акционерлердің мүдделерінде әлдеқайда тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Аталған бағдарлама іске асырылған кезеңнің ішінде – 2011 жылғы 11 қазаннан 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейін – Компания 263 миллион АҚШ долларын құрайтын жалпы сомаға 19 461 жай акцияны және 14 386 605 жаһандық депозитарлық қолжатты сатып алды.


«Visor Capital» талдаушылары былай деп атап өтті: «ҚМГ БӨ акцияларды кері сатып алу бағдарламасын аяқтады. Бұл жаңалықтың тікелей әсері болмаса да, біз бағдарламаның аяқталуы акцияларға бағаларды төмендеуге әлдеқайда бейім қылуы мүмкін деп санаймыз».

Лондон қор биржасында ҚМГ БӨ компаниясының бір жаһандық депозитарлық қолжаты үшін бағаның жоғарғы көрсеткіші 2012 жылы 20,95 АҚШ долларын, ал ең төмен көрсеткіші – 14,71 АҚШ долларын құрады. 2012 жылы бір ЖДҚ үшін орташа баға 17,83 АҚШ долларын құрады.

Қазақстан қор биржасында ҚМГ БӨ бір жай акциясы үшін ең жоғары баға 2012 жылы 18 450 теңгені, ал ең төмен баға – 13 500 теңгені құрады. 2012 жылы бір жай акцияның орташа бағасы 15 975 теңгені құрады. ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларының ең жоғары бағасы 13 700 теңге, ал ең төмен бағасы – 9 500 теңге болды. 2012 жылы бір артықшылықты акцияның орташа бағасы 11 600 теңгені құрады.

Жылдар бойы талдаушылар ҚМГ БӨ жай және артықшылықты акцияларын сатып алу мейлінше келешекті инвестициялық идеялардың бірі деп атады.

### ҚМГ БӨ АКЦИЯЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



Ақпарат көзі: Bloomberg




# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

**285** МЛН. ТОННА  
МҰНАЙ 2Р ҚОРЫ


**12,2** МЛН. ТОННА  
2012 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРІСІ



## МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») «Қазгермұнай» БК (ҚГМ) ЖШС, «ССЕЛ» (ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 2012 жылы 12 191 мың тонна (тәулігіне 247 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылға қарағанда 150 мың тоннаға немесе 1%-ға кем.



«Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) АҚ 4 950 мың тонна (тәулігіне 100 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылға қарағанда 132 мың тоннаға кем. «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) АҚ 2011 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз, 2 816 мың тонна (тәулігіне 57 мың баррель) өндірді. ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 7 766 мың тоннаны (тәулігіне 156 мың баррельді) құрады.

2012 жылы негізгі активтерде жоспарланып отырған өндіру көлемі 8 615 мың тоннаны (тәулігіне 174 мың баррельді), соның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда 5 800 мың тоннаны және «Ембімұнайгаз» АҚ-нда 2 815 мың тоннаны құрады. «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда өндіру бойынша жоспардың орындалмағаны жер асты жабдығы мен қосалқы бөлшектердің төмен сапасына және уақытында жеткізілмегеніне, ұңғымалардың жер бетіндегі және жер астындағы инфрақұрылымының тозғанына, теңіз және қойнауқатқа суларды айдау үшін дайындаған кездегі проблемаларға, мұнай өндіру объектілерінің химияландыру проблемаларына, ұңғымаларды бұқтырудың төмен сапасына, ЖАЖ бригадаларының арнайы техника мен жабдықты күткендегі бос тұрыстарына, сондай-ақ ЖАЖ жүргізу кезіндегі осал тәртіпке және еңбекті ұйымдастыруға байланысты. Жоғарыда аталған факторлар жүргізілетін ЖАЖ және жер асты жабдығын жөндеу жұмыстарының сапасына және жиілігіне ықпалын тигізіп, ол өз кезегінде мұнай ұңғымаларының бос тұрған және төмендеген қорының ұлғаюына және соның нәтижесінде мұнай өндіру бойынша қабылданған бағдарламаның орындалмауына әкеліп соқты. Сонымен қатар, қуатпен жабдықтайтын ұйымның электр қуатын апаттық ажырату жайттары мен қыс және көктем айларында ауа-райы жағдайларының күрт нашарлағаны (әдеттен тыс суық түсуі, қардың қалың жауғаны, боран, сондай-ақ су тасқындары) да сондай-ақ бастапқы бекітілген жоспардан артта қалуға ықпалын тигізді.

2012 жылы ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндіруіндегі ҚМГ БӨ үлесі 4 425 мың тоннаны (тәулігіне 90 мың баррельді) құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз және аталған бірлескен кәсіпорындардағы өндіру жоспарларына сәйкес.

2012 жылдың қазан айында «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда алғаш рет горизонталды ұңғыма бұрғыланып, онда ұңғыманың орташа дебиті тәулігіне 22 тоннаға жуықты құрады. Сондай тағы бір горизонталды ұңғыманы бұрғылау 2013 жылдың ақпан айында аяқталды. Горизонталды оқпандарды бұрғылау бұрын оған мүмкіндік болмаған горизонттардың өнімділігін әлдеқайда тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. 2013 жылға бес горизонталды ұңғыманы, он қапталдық кесіндіні, екі көп оқпанды ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр.

## ӨМГ ЖӘНЕ ЕМГ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ. (100%)

	«ӨМГ» АҚ	«ЕМГ» АҚ	ҚМГ БӨ
КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ	2	40	42
ӨНДІРУШІ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ САНЫ	3 698	2 283	5 981
ТОҒЫТУ ҰҢҒЫМАЛАРЫНЫҢ САНЫ	1 212	458	1 670
2P САНАТТЫ МҰНАЙДЫҢ ҚОРЛАРЫ, МИЛЛИОН ТОННА <sup>9</sup>	166	60	226
ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ, ТӘУЛІГІНЕ МЫҢ ТОННА	4 950	2 816	7 766

ӨМГ және ЕМГ мұнай сатудың экспорттық көлемдері 2012 жылы 6 078 мың тоннаны (тәулігіне 122 мың баррельді) құрады, ал ішкі нарыққа жеткізілімдер 1 637 мың тоннаны (тәулігіне 33 мың баррель) құрады. Өткен жылмен салыстырғанда, ішкі нарыққа жеткізілімдер үлесінің төмендеуі мұнай өңдеу зауыттары тарапынан сұраныстың болуымен байланысты.

ССЕЛ, ҚМГ және ПҚИ компанияларының сату көлемдеріндегі ҚМГ БӨ үлесі 4 412 мың тонна (90 тәулігіне мың баррель) мұнайды, соның ішінде экспортқа жеткізілген 3 430 мың тонна (70 тәулігіне мың баррель) мұнайды құрады, бұл компаниялардың жалпы сату көлемінің 78%-ын құрайды. ҚМГ және ПҚИ компанияларының ішкі нарыққа жеткізілімдері үлесінің төмендеуі ішкі нарыққа жеткізілімдер бойынша міндеттемелердің орнын басуға арналған мұнай көлемдерінің төмендегеніне байланысты (үшінші тараптармен орнын басу келісімшарты). Соның нәтижесінде, 2012 жылы ішкі нарыққа жеткізілімдер негізінен осы компаниялардың меншік ресурстарынан жүзеге асырылды.

### «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ. (100%)

КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ	5
ӨНДІРУШІ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ САНЫ	138
ТОҒЫТУ ҰҢҒЫМАЛАРЫНЫҢ САНЫ	26
2P САНАТТЫ МҰНАЙДЫҢ ҚОРЛАРЫ, МИЛЛИОН ТОННА <sup>10</sup>	33
ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ, ТӘУЛІГІНЕ МЫҢ ТОННА	3 124

### «ССЕЛ» ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ. (100%)

КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ	1
ӨНДІРУШІ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ САНЫ	2 460
ТОҒЫТУ ҰҢҒЫМАЛАРЫНЫҢ САНЫ	620
2P САНАТТЫ МҰНАЙДЫҢ ҚОРЛАРЫ, МИЛЛИОН ТОННА <sup>11</sup>	58
ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ, ТӘУЛІГІНЕ МЫҢ ТОННА	2037

### «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.» ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ. (100%)

КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ	14
ӨНДІРУШІ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ САНЫ	1 223
ТОҒЫТУ ҰҢҒЫМАЛАРЫНЫҢ САНЫ	330
2P САНАТТЫ МҰНАЙДЫҢ ҚОРЛАРЫ, МИЛЛИОН ТОННА <sup>12</sup>	50
ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ, ТӘУЛІГІНЕ МЫҢ ТОННА	5 589



### МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ


Gaffney, Cline & Associates (GCA) тәуелсіз компаниясының есептемесіне сәйкес, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ҚМГ БӨ мұнайының жалпы қорлары «Қазгермұнай», ССЕЛ және ПҚИ компанияларындағы үлестерді санамағанда, «дәлелденген плюс ықтимал» (2P) санаты бойынша 226 миллион тоннаны (1 661 миллион баррельді) құрады.

«Дәлелденген» (1P) санаты бойынша қорлар 76 миллион тоннаны (562 миллион баррельді), ал «дәлелденген плюс ықтимал плюс мүмкін» (3P) санаты бойынша қорлар 267 миллион тоннаны (1 964 миллион баррельді) құрады.

### 2P САНАТТАҒЫ МҰНАЙ ҚОРИ

285 МЛН. ТОННА

■ ҚМГ БӨ  
■ ҚМГ 50%  
■ ҚБМ 50%  
■ ПҚИ 33%



<sup>9</sup> «Gaffney, Cline & Associates» компаниясының есебі бойынша, 2011 жылдың соңында санат қоры «дәлелденгендер қосылған ықтималдар»

<sup>10</sup> «Gaffney, Cline & Associates» компаниясының есебі бойынша, 2011 жылдың соңында санат қоры «дәлелденгендер қосылған ықтималдар»

<sup>11</sup> «Miller & Lents, Ltd.» компаниясының есебі бойынша, 2011 жылдың соңында санат қоры «дәлелденгендер қосылған ықтималдар»

<sup>12</sup> «Miller & Lents, Ltd.» компаниясының есебі бойынша, 2010 жылдың соңында санат қоры «дәлелденгендер қосылған ықтималдар»

# КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ

2012 ЖЫЛЫ ОРТАМЕРЗІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ӨНДІРІСТІҢ ӨСІМІ БЕКІТІЛДІ





2012 жылы ҚМГ БӨ еңбек ұжымдарындағы моральдық жағдайды қалпына келтіруге, тәуліктік өндіруді тұрақтандыруға және негізгі активтерде өндірістік қуаттылықты жаңартуға зейін қойды. Өндірістің тиімділігін арттыру – Компания дамуының негізгі факторы. Болашақта операциялық көрсеткіштердің жақсаруын қамтамасыз ету үшін, шаруашылық-өкімшілік үдерістерге түбегейлі өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды: «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары акционерлік қоғамдар болып қайта құрылды; 2012 жылы қабылданған Өндірістік жаңарту бағдарламасының шеңберінде жаңа инфрақұрылым нысандарының құрылысын салуға және қолданыстағыларын жөндеуге инвестициялар айтарлықтай ұлғайтылды; ҚМГ БӨ негізгі кен орындарында өндіруді тұрақтандыруға арналған шаралар кешені әзірленді. 2012 жылы орташа мерзімді перспективада өндіруді өсірудің іргетасы қаланды.

## АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

2012 жылы ҚМГ БӨ компаниясында еншілес ұйымдарға иелік ету және басқару құрылымын оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Мәселен, өндірістің тиімділігін арттыру және еңбек ұжымдарының ағымдағы әлеуметтік проблемаларын уақытында шешу үшін, «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары жер қойнауын пайдалану құқығында акционерлік қоғамдар болып қайта құрылды. Осындай қайта құру өндірісті қажетті жабдықтау жабдықтаудың тиімділігін арттыруға, кәсіпшіліктерді жаңартуға, техниканы жөндеуге және соның нәтижесі ретінде – болашақта өндіру бойынша алға қойылған жоспарларды орындауға септік етуі тиіс. 2012 жылдың қаңтар айында екі сервистік компания: Жаңаөзен қаласында «Бұрғылау жұмыстары басқармасы» (БЖБ) ӨСК және Ақтау қаласында «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» (ТКжҰҚКБ) ЖШС құрылып, онда бұрын жұмыстан босатылған 2000-ге жуық қызметкер жұмысқа қабылданды. Жаңа кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктері үшін 250-ге жуық бірлік жаңа арнайы техника сатып алынды. «Қаражанбас» кен орнында ТКжҰҚКБ компаниясының жұмыскерлері үшін 400 орынға вахталық қалашық және 300 орынға асхана, монша-кір жуу кешені мен спортзал пайдалануға тапсырылды. Сондай-ақ Қаламқас кен орнында қажетті инфрақұрылымы бар вахталық қалашықтар кешені тұрғызылды. ТКжҰҚКБ көлік құралдары мен мобильді автономды ғимараттарды ұсыну және қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетеді. 2012 жылдың шілде айының өзінде, ТКжҰҚКБ арнайы техникасы «Қаражанбасмұнай» АҚ-на қызметтер көрсету үшін алғашқы рейске жіберілді. 2012 жылдың барысында, мамандығы бойынша қамтылмаған ТКжҰҚКБ жұмыскерлерінің бір бөлігі Қаражанбас және Қаламқас кен орындарында вахталық қалашықтардың құрылысын салуға қатысты.

БЖБ ұңғымаларға жерасты және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізеді және көлік қызметтерін көрсетеді.

Уақыт өте келе, БЖБ және ТКжҰҚКБ тек ҚМГ БӨ компаниясына ғана, сонымен қатар аймақтағы басқа мұнай

өндіретін компанияларға да қызметтер көрсете алады және өзінің экономикалық тиімділігін жоспарлы түрде үдететін болады.

## ӨНДІРІСТІ ЖАҢARTU БАҒДАРЛАМАСЫ


Мұнай өндіру көлемдерін арттыру және өзінің өндірістік активтерінің экономикасын жақсарту үшін, ҚМГ БӨ орташа мерзімді перспективаға технологиялық жаңарту бағдарламасын дайындады.

Компания іске асырып жатқан Өзендегі өндірістік қуаттылықтарды жаңарту бойынша жоба өзінің көлемі жағынан теңдессіз. «Өзенмұнайгаз» АҚ-нда ТМД елдерінде баламасы жоқ жер асты жабдығын диагностикалау және жөндеу бойынша цех салынды. Цех пайдалануға тапсырылғаннан кейін адамдардың жұмыспен қамтылуы «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің қатарынан 300–350 адамды құрайтын болады. Сонымен қатар, мұнай базасының, ұңғымаларды бұқтыруға сұйықты дайындау бойынша екі учаскенің, мұнай кәсіпшілігі жабдығына сервистік қызмет көрсету бойынша цехтың, 1000 бірлік автокөлік пен арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша автосервистік орталықтың құрылысын салу жоспарланған, шоғырланған сорпа станциясының қабатқа су айдау жүйесі мен сұйықты жинау және тасымалдау жүйесі реконструкцияланатын болады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-нда Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын күкірттен тазарту бойынша қондырғы орнатылып, Прорва ЦПС – Теңіз МҚС мұнай құбыры реконструкцияланатын болады. С.Балғымбаев және Шығыс Мақат кен орындарында ілеспе газды кәдеге жарату бойынша қондырғыларды орнату жұмыстары жүргізілуде. Ұзындығы 61 шақырым Ақинген – Аққұдық – Қисымбай бай жоғары қысымды газ құбыры салынып жатыр. Сонымен қатар, қызметкерлерді және жүктерді тасымалдау барысын айтарлықтай жылдамдатуға мүмкіндік беретін кәсіпшілік

## ӨМГ МЕН ЕМГ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРЫ

МЛРД. ТЕҢГЕ




аралық жаңа жолдар салынып, қолданыстағылары жөнде-летін болады.

Технологиялық жаңарту бағдарламасының шеңберінде қабылданатын шаралар өндіріс тиімділігінің өсуіне, жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға септік етуі тиіс.

## ЖАҢА ЖОБАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВТІ МӘМІЛЕЛЕР

2012 жылы ҚМГ БӨ Қазақстан Республикасында, сондай-ақ оның шектерінен тыс оннан астам барлау және өндіруші активтерді қарастырды, олардың ішіндегі неғұрлым тартымдыларының тәптіштелген геологиялық-техникалық және экономикалық бағасы дайындалды. ҚМГ БӨ компаниясының «жеңіл», сондай-ақ «ауыр» мұнайды өндіруде тәжірибесі бар, бұл ҚМГ БӨ үшін тартымды болуы мүмкін жобалардың қатарын кеңейтеді.



ҚМГ БӨ сарапшылары Қазақстан аумағындағы мұнай-газды провинциялардың бірін қалдырмай барлығын Компанияның активтер қоржынын толықтыру мүмкіндігі тұрғысынан қарастыруда. Көптеген аймақтар әлі жеткіліксіз зерделенген, сондықтан қазіргі сәтте олардың келешегін біржақты бағалау қиын: бұрын жүргізілген жұмыстар бойынша деректерді жинау, жалпылау және талдау, сейсмикалық зерттеулер қажет. Сондай зерттеулердің нәтижелері бойынша компания іздеу-барламалық бұрғылаудың геологиялық, сондай-ақ экономикалық тұрғыдан мақсатқа сәйкестігін айқындай алатын болады.

2010 жылдың шілде айында ҚМГ БӨ ҚМГ ұлттық компаниясымен келісім бойынша «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-ндегі 50% үлесті, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-ндегі 51% үлесті және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның акцияларының 100%-ын иеленетін Mangistau Investments B.V. компаниясындағы 50% үлесті сатып алу туралы жариялады. Аталған мәмілелер бойынша екі тараптың да (ҚМГ ҰК және ҚМГ БӨ) қажетті ішкі корпоративтік мақұлдамаларының барлығы 2010 жылдың өзінде-ақ алынды. Алайда, бүгінгі таңға дейін мемлекеттік органдардың мәмілелерді іске асыруға рұқсаты және мемлекеттің өзінің басымдықты құқығынан бас тартуы алынған жоқ. ҚМГ ҰК және ҚМГ БӨ осы үш компанияны сатып алу-сату мәмілесін мақұлдауды алуға құжаттарды екі мәрте тапсырды, бірақ, заңды мерзімдерге қарамастан, Үкімет ҚР Мұнай және газ министрлігі арқылы не оңды, не теріс шешімін берген жоқ. ҚМГ БӨ аталған активтерді

сатып алуға бұрынғысынша мүдделі және оңды шешім жағдайында ҚМГ ұлттық компаниясымен мәміленің жаңа шарттары бойынша келіссөзге кірісуге әзір. Алайда, қазіргі сәтте Компанияда жақын алдағы келешекте бұл мәселе бойынша қандай да бір шешім қабылданады деп пайымдауға негіздер жоқ.

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

2012 жылы ҚМГ БӨ Лиман, Тайсойған, Қаратон-Сарықамыс, Өзен-Қарамандыбас, Батыс Новобогат, Жарқамыс Шығыс-1, Темір, Федоровский, Карповский Северный блоктарында геологиялық барлау жұмыстарын, С. Нұржанов, Батыс Прорва, Шығыс Мақат кен орындарын жете барлауды жалғастырды. Бірнеше келешегі бар нысанда, атап айтқанда – Лиман және Тайсойған блоктарында сынақ жүргізудің нәтижелері бойынша мұнай мен газ конденсатының ағымы алынды. 2013 жылы геологиялық барлау жұмыстары жалғастырылатын болады. Сонымен қатар, Компания «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жұмыс істеп жатқан кен орындарында жете барлау жұмыстарын жалғастыратын болады.

2012 жылы ҚМГ БӨ «Карповский Северный» геологиялық барлау жобасына серіктесті тартты. Аталған жобадағы 49% қатысу үлесі венгерлік MOL мұнай-газ компаниясына сатылды. Осы мәміленің аяқталуы болашақта геологиялық барлау мен инвестициялардың тәуекелдерінің бөлінуін қамтамасыз етті. MOL компаниясын серіктес ретінде тарту туралы шешім бірқатар себептер бойынша қабылданды. ҚМГ БӨ мен MOL компаниясының арасында «Федоровский» бірлескен жобасының шеңберінде жақсы серіктестік қатынастар қалыптасып үлгерген болатын, онда MOL компаниясы, жобаның операторы болып табыла отырып, тұз астындағы горизонттарда геологиялық барлау жұмыстарын табысты жүргізуде. Турнейский және Бобриковский нысандарын сынақтан өткізу кезінде өндірістік газконденсатының ағыны анықталды. 11 мм штуцер жұмыс барысында, тұзды қышқылды өңдеуден соң газ дебиті тәулігіне 119 мың м<sup>3</sup>-ді, конденсат тәулігіне 301 м<sup>3</sup>-ді құрады.

«Карповский Северный» блогының перспективалары тереңдегі (5000 метрден астам) тұз асты шөгінділерімен байланысты және әдеттен тыс жоғары қаттық қысымның, жоғары температуралардың орын алуы мен агрессивті газдардың болуы себебінен күрделі геологиялық құрылысымен сипатталады және жақын жатқан «Федоровский» барламалық блогымен ұқсас сипаттамаларға ие. Осыған байланысты, сондай құрылымдардағы жұмыстардың айтарлықтай тәжірибесіне ие MOL компаниясы осы жобада неғұрлым лайықты серіктес болып табылады.

Оның үстіне, MOL компаниясымен бірлескен кәсіпорынды құру ҚМГ БӨ компаниясына тәжірибе мен технологиялардың трансферін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Осы серіктестік отандық мамандардың кәсіптік деңгейін көтеруге кезекті рет мүмкіндік тудырады.

2012 жылдың барысында White Bear блогында BG Group консорциумы, ҚМГ БӨ және Maersk Oil 6000 м-ге жуық тереңдікте барламалық ұңғыманы бұрғылауды және қажетті геофизикалық зерттеулерді жүргізді. Қазіргі уақытта шламды, жанынан топырақты іріктеу және тігінен сейсмикалық қалыпқа келтіруді зерттеу жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Жұмыстардың нәтижелері оларды интерпретациялау бойынша 2013 жылға жоспарланған жұмыстар кешені өткізілгеннен кейін белгілі болады.

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ӨЗІ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА  
ЫҚПАЛДАСУ - ҚМГ БӨ СТРАТЕГИЯСЫ




# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әлеуметтік саясат – ҚМГ БӨ қызметінің негізгі құрамдас бөлігі. Құрылған сәттен бері Компания Атырау және Маңғыстау облыстарында тұрғын үйлердің, дене тәрбиелік-сауықтыру орталықтарының, балабақшалардың, сауықтыру лагерлерінің құрылысын салуға, мектептер мен ауруханалардың реконструкциясына миллиардтаған теңге бөлді. ҚМГ БӨ компаниясының әлеуметтік саясат саласындағы стратегиясы бұрынғыдай – өзі қызмет ететін аймақтарды дамыту болып қала береді. 2012 жылы ҚМГ БӨ компаниясының өндірістік филиалдары акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған соң, олар жергілікті әлеуметтік жобаларға өтінімдерді дербес қабылдау, қаржыландыру көлемдерін есептеп шығару және ондай жобалардың іске асырылуын бақылау құқығына ие болды.

## АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАЛАРЫНА ШЫҒЫНДАРЫ

МЛРД. ТЕҢГЕ



## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МЕН ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ БӨ компаниясының Маңғыстау облысының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бойынша өзара шарттық міндеттемелері 2012 жылы 907 миллион теңгені (6,0 миллион АҚШ долларын) құрады. Әлеуметтік серіктестік бағдарламасының шеңберінде Маңғыстау облысының әкімдігіне Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін кем дегенде 800 жұмыс орнын құру үшін қосымша 200 миллион теңге (1,3 миллион АҚШ доллары) бөлінді. Сонымен қатар 2011 жылдың желтоқсан айында жаппай тәртіпсіздіктердің нәтижесінде қаза болған және зардап шеккен жандардың отбасыларына материалдық жәрдем көрсетілді, оқтан жарақат алған адамдардың ресейлік және қазақстандық медициналық мекемелерде емделу және оңалту жұмыстары қаржыландырылды.

2012 жылдың соңында Жаңаөзенде ҚМГ БӨ компаниясының қаражаттарына тұрғызылған 200 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға тапсырылды. Жаңадан қоныстанушыларға (табысы төмен отбасыларына, ауған соғысының ардагерлеріне, әлеуметтік жұмыскерлерге) пәтерлердің кілттерін өзінің аймаққа сапары барысында ҚР премьер-министрі Серік Ахметов табыстады.

ҚМГ БӨ бұрынғысынша балалар үйлері мен мүгедектер қоғамдарына, спорт ұйымдарына және Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне көмек көрсетуде.

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Атырау облысында ҚМГ БӨ компаниясының әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша өзара шарттық міндеттемелері 287 миллион теңгені (1,9 миллион АҚШ долларын) құрайды. Міндетті төлемақылармен қатар, 2012 жылы 350 миллион теңге (2,3 миллион АҚШ доллары) сомасына әлеуметтік жобаларды іске асыруға демеушілік жәрдем көрсетілді. Ол ақша аймақта бес дене тәрбиелік-сауықтыру кешендерінің құрылысын аяқтауға; жылыту жүйелерінің реконструкциясын қаржыландыруға, көп қабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыруға және Индербор кентінде табысы төмен отбасылар үшін жылыту қазандарын орнатуға; Исатай ауданының Х. Ерғалиев аулында 100 орынға балабақшаны жобалауды және құрылысын салуды қаржыландыруға жұмсалды.

2012 жылдың көктемінде ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі Байшонас және Ескене кенттерінің тұрғындарын облыс орталығына – Атырау қаласына қоныс аудартуға 5 миллиард теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Байшонас және Ескене – «Ембімұнайгаз» АҚ игеріп жатқан аттас кен орындарының жанындағы кенттер. Бұл кәсіпшіліктерің игеріліп жатқанына 80 жыл болды, мұнайдың қорлары сарқылуда, сондықтан кен орындарының тиімділігі туралы және кенттердің тұрғындарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету туралы мәселе дереу шешімін табуды талап етті. Мұнай өндірісі төмендеген соң, мұнда жұмыссыздық көбейді, кенттердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы тозған. Үйлердің 80%-ына жуығы апаттық жағдайда, су құбыры сынғандықтан тұрғын үйлерге су жіберу мүмкіндігі болмады. Бүгін осыған дейін Ескене кентінде тұрған 80 отбасының барлығы Атырау қаласына қоныс аударды. Байшонас аулынан 377 отбасын көшіру бірнеше сатыда жүруде және 2013 жылы аяқталуы тиіс.

## КАДР САЯСАТЫ

2012 жылы ҚМГ БӨ компаниясының алдында еңбек ұжымдарымен конструктивті диалогты қамтамасыз ету және еңбек даулары мен қайшылық жағдайлардың қайталану ықтималдығын төмендету үшін, ішкі коммуникациялардың жаңа арналарын құру міндеті тұрды.

Осы кезең барысында ҚМГ БӨ орталық аппаратының қызметкерлері шалғайдан басқару принципінен бас тартып, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызмет ететін аймақтарында жұмыс істеді. Соның арқасында орталық аппарат пен

еншілес кәсіпорындардың арасындағы қашықтық қысқарып, ағымдағы мәселелерді жіті шешу үшін мүмкіндік жасалды.

Қызметтің негізгі бағыттарының бірі өндірістік қызметкерлер құрамын бүгінгі заманның талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасына жаппай оқып-үйретуді ұйымдастыру, жұмыскерлерді қайта оқыту және біліктілігін арттыру болды. Осы мақсаттарға жылдың басынан бері 586 миллион теңгеден астам қаржы (3,9 миллион АҚШ доллары) бағытталды. Басшы құрам үшін әкімшілдік машықтарын дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді, заманауи басқару әдістерін оқып-үйрету жүзеге асырылды.

Кәсіподақ жетекшілерінің еліміздің еңбек заңнамасындағы соңғы өзгерістер жайында хабардар болуы үшін, сәуір айында әлеуметтік семинар-тренинг ұйымдастырылып, оның бір бөлімі қатысушылардың коммуникациялық машықтарын дамытуға арналды.

Кәсіпорындарда ішкі коммуникацияларды жақсарту үшін, жылдың барысында кен орындарындағы цехтардың, ауысымдардың, базалардың және колонналардың шеберлері мен бастықтары үшін команда құру бойынша тренингтер өткізілді.

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарының қызметші құрамын акционерлік қоғамдарға тиімді аудару мақсатында, кең ауқымды түсіндіру жұмысы жүргізілді. Филиалдың әр жұмыскері ҚМГ БӨ топ-менеджментімен кездесулердің барысында өзін толғандыратын сұрақтарды қойып, егжей-тегжейлі жауаптар алды. Негізгі ниет Ұжымдық келісімшарттың шарттарымен кепілдік берілген еңбек, төлем, әлеуметтік төлемақылар жағдайларын сақтап қалу жайында болды. Ол шарттар еңбек ұжымдары мен жұмыскерлердің кәсіподақтарының мақұлдауына ие болды.

2012 жылы тұңғыш рет ҚМГ БӨ еншілес және бірлескен кәсіпорындарының жұмыскерлерінің арасында «Үздік маман» кәсіптік шеберлік конкурсы өткізілді. Өз мамандығында үздік шыққандарға бір жыл бойы еңбекақысы-



ның тарифтік бөлігіне үстемақы төленеді. Компанияның үздік мамандарын айқындауды игі дәстүрге айналдыру жоспарлануда.

Жыл барысында ұжымдардың ынтымақтастығын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Мәселен, Астанада ҚМГ БӨ компаниялар тобының жұмыскерлерінің арасында спорттың 11 түрі бойынша бірінші спартакиада болып өтіп, ҚМГ БӨ компаниясының дарынды шығармашылық жұмыскерлерінің қатысуымен гала-концерт өткізілді. Балалар шығармашылық қолдау мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ жұмыскерлері балаларының арасында «Менің арманым. Мен және менің отбасым» тақырыбына сурет салу байқауы өткізілді. Осындай іс-шаралар біздің сан мыңдаған адамнан құралған ұжымдарымыздың командалық рухын нығайту үшін болашақта та өткізіліп отыратын болады.

# ЕҢБЕКПЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**10,8** млн. АҚШ \$  
соңғы үш жылдың ішінде еңбекті қорғау бағытталды





## ЕҢБЕКПЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау ҚМГ БӨ компаниясында басты басқару элементтерінің бірі болып табылады. Өткізілетін іс-шаралар еңбек жағдайларын жақсартуға, апаттардың алдын алуға, олардың салдарын оқшаулауға және жоюға әзірлікті қамтамасыз етуге, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға келтірілген залалдарды кепілді өтеуге, сондай-ақ өндірістік-шаруашылық факторлардың қоршаған ортаның компоненттеріне ықпалын барынша азайтуға бағытталған.

### ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ

Өндірісте жарақаттану проблемасы бұрынғысынша өзекті болып қала беруде. 2012 жылы ҚМГ БӨ өндірістік нысандарында еңбек қызметіне байланысты 8 жазатайым оқиға орын алды. Олардың әрқайсысы бойынша арнайы тергеу жүргізіліп, болашақта ондай жағдайлардың алдын алу шаралары қабылданды. Соның ішінде, тасымалданбалы газ талдауыштар сатып алынуда; ұңғымаларды жер астында жөндеу кезіндегі озық және қауіпсіз жұмыс тәсілдерінің нұсқамалық карталары қайта қаралды және бекітілді; жүргізушілерді қауіпсіз қозғалыс және автокөлікті іске пайдалану бойынша кезектен тыс нұсқауландырулар өткізілді. Өндірістік нысандарда жылдамдық режимін асыруға байланысты жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін, «Автокөлік құралдары мен арнайы техниканың мониторингі жүйесі (GPS)» іске қосылды. Аталған жоба бұзушылықтарды тіркеуге, автокөліктің жүрген жеріне онлайн мониторинг жүргізуге; жоспарлы техникалық тексеруден өтуді бақылауға және басқасына мүмкіндік береді.

Соңғы үш жылдың ішінде еңбек қорғау бойынша іс-шараларды іске асыруға 1,6 миллиард теңгеден астам (10,8 миллион АҚШ доллары) жұмсалды. Кем дегенде жылына бір мәрте компанияның барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде жұмыскерлерді қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне оқып-үйрету жұмыстары жүргізіліп, оның қорытындылары бойынша емтихан тапсырылады. Басшы жұмыскерлер мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті және еңбек қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар үш жылда бір мәрте тиісті білім беру ұйымдарында біліктілікті арттыру курстарында оқудан және білімдерін тексеруден өтіп отырады.

Жыл сайын барлық сатып алынатын жұмыскерлердің жеке қорғану құралдарын талдау жүргізіледі. Олар қорғаудың барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, жеңіл, эргономикалық және пайдалану үшін барынша ыңғайлы болуға тиіс. Бұл орайда Компанияның жұмыскерлерінің

жеке басының қауіпсіздігін жақсарту үшін арнайы киім, аяқкиім және басқа жеке қорғану құралдарын беру нормаларына өзгерістер енгізілді. Соңғы үш жылдың ішінде осы мақсаттарға 4 миллиард теңгеден астам (27 миллион АҚШ доллары) жұмсалды.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 2012 жылдағы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша шығындары 974 миллион теңгені (6,5 миллион АҚШ долларын) құрады.

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания жыл сайын қоршаған ортаны қорғауға айтарлықтай қаражат бөліп отырады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-нда табиғат қорғау іс-шараларына 2012 жылы 696 млн. теңге (4,7 млн. АҚШ доллары), «Ембімұнайгаз» АҚ-нда – 726 млн. теңге (4,9 млн. АҚШ доллары) жұмсалды.

ҚМГ БӨ жыл сайын ведомстволық экологиялық зертхананың күштерімен де, сондай-ақ қажетті жарақталған базасы мен лицензиялық-рұқсаттық құжаттары бар сырт ұйымдарды тарту арқылы, атмосфералық ауаның, жер асты (грунттық) сулардың, топырақтың экологиялық мониторингін, сондай-ақ радиациялық мониторинг жүргізеді. Каспий теңізінің теңізіндегі экологиялық жүйесіне ықпалды айқындау мақсатында су басу басталған және су басқан ұңғымалардың мониторингі жүзеге асырылады.

Компания жыл сайын радиоактивтік ластанған жабдықты (сорғы-компрессорлық құбырларды, диаметрі әртүрлі металл сынықтарын және т.б.) жинау және кен орындарының аумағынан радиациялық қалдықтарды уақытша сақтау полигонында сақтауға әкету арқылы қоршаған ортаны радиациялық ластау ошақтарын жою бойынша жұмыстарды жүргізеді.

ҚМГ БӨ ластанған құбырлар мен жабдықты зарарсыздандыру арқылы тазарту бойынша жаңа технологияларды зерделейді және тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды өткізеді.


Бұдан басқа тарихи қазбаланытын кен орындарының ластанған учаскелерін жою үшін ластанған жерлерді қайта өңдеу, қайта құнарландыру және қалпына келтіру бойынша дәйекті жұмыстарды жүргізеді. Компанияның қызметкерлері озық әдістер мен технологияларды зерделейді, соның ішінде қалдықтарды қайта өңдеу бойынша экологиялық қауіпсіз және тиімді кешенді сатып алу және мазутпен былғанған

жерлерді қайта құнарландыру және қалпына келтіру бойынша жаңа технологиялар енгізу мүмкіндігін қарастырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үдерістерді халықаралық стандарттарға сәйкес жүйеге келтіру және батыс елдерінің тәжірибесін қолдану мақсатында, 2012 жылы ҚМГ БӨ компаниясына халықаралық әлемдік деңгейдегі компанияларда жұмыс тәжірибесі бар топ-менеджер Рэй Митчемді жұмысқа шақыру туралы шешім қабылданды.

**КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ  
ҚОРҒАУДАҒЫ ШЫҒЫНЫ**

МЛРД. ТЕҢҒЕ



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ

Бұл жылдық есептің бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық Қызмет Басқармасының ашықтық ережелеріне (FSA's Disclosure and Transparency Rules) DTR 7.2 (Корпоративтік басқару Жағдайына) сәйкес жасалынған.

Өзіндік ЖДҚ Ұлыбританияның Листингтік агенттігінің ресми тізіміне енген шетелдік компания ретінде Компания Ұлыбританияның корпоративтік басқару Жағдайын ұстануы міндетті емес. Алайда, DTR 7.2 сәйкес, Компания өзінің жылдық есебінде өзінің қазақстандық корпоративтік басқару кодексін ұстанатынын, Қазақстан Республикасы заңдылығы талап ететіндей тәжірибе ретінде пайдаланылатын корпоративтік басқару принциптерін ұстанатыны туралы ақпарат беруге міндетті.

Қаржылық есеп Кеңесі (Financial Reporting Council) – Корпоративтік басқару мәселелерін жетілдіру бойынша Ұлыбританияның тәуелсіз қадағалаушысының 2010 жылы мамыр айында Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінің қабылдануына байланысты, 2012 жылы Компанияның корпоративтік басқару Кодексі жаңа редакцияда қабылданды, мақсат – Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексіне сәйкестендіру, әрине, кей баптарын айтпағанда. Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі мен Компанияның қазіргі корпоративтік басқару тәжірибесіндегі айырмашылықтар туралы ақпарат жылдық есептің осы бөлімінде көрсетілген.

Директорлар корпоративтік басқарудың маңыздылығын түйсінеді және Компаниядағы корпоративтік басқару стандарттарының дамуын қолдайды. Компания Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес қосымша міндеттерді талап ететін корпоративтік басқару стандарттарының ережелерін ұстанады және дамытады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексінде елдегі корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі бар. Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексі қазіргі бар корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі жанындағы құнды қағаздар нарығы туралы Эксперттік Кеңестің шешімімен 2002 жылдың қыркүйегінде бекітілген корпоративтік басқару принциптерін акционерлік қоғамның қалай жүзеге асыратындығы туралы Рекомендациялары негізінде жасалынған. Кодекс 2005 жылы наурызда Қазақстанның қаржыгерлер Қауымдастығының, 2005 жылы ақпан айында Эмитенттер Кеңесінің қолдауына ие болды.

Компания Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексін өзінің корпоративтік басқару Кодексі ретінде қабылдады. 2012 жылы Компанияның корпоративтік басқару Кодексі Ұлыбританияда 2010 жылы қабылданған корпоративтік басқару Кодексіне сай жаңартылды (кейбір ережелерін айтпағанда, олар туралы ақпарат жылдық есептің осы бөлімінде көрсетілген). Компания енгізген өзгерістер ҚМГ БӨ міндеттерін орнатады, бұл Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексіне қосымша ретінде қарастырылады. Компания бұл қосымша толықтырылған өзгерістер Компанияның корпоративтік басқаруындағы өзгерістерді қатайтады деп есептейді. ҚМГ БӨ Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексіндегі өзге де ережелерді өз назарында ұстайды әрі болашақта корпоративтік басқарудағы стандарттарды жетілдіруге ұмтылады.

Қазақстан Республикасы заңдылығына қосымша талап ретіндегі Компанияның корпоративтік басқару Кодексіндегі қосымша ережелері (қазақстандық корпоративтік басқару Кодексіне):

- Корпоративтік басқарудың қосымша принциптері енгізілген
  - Қауымдастықтың тәуелсіз жұмысы бойынша принциптері
  - Жауапкершілік принциптері
- Кей принциптер мынадай ережелермен толықтырылған:
  - Әлеуметтік саясаттың принциптері
  - Компанияның акционерлері ынтымақтастығы бойынша құрылым туралы ережелер
  - Директорлар Кеңесі төрағасы мен бас директор өкілеттіктерін бөліп қарастыру
  - Директорлар Кеңесі төрағасы міндеттерін айқындайтын ереже
  - Тәуелсіз директорлардың барынша аз болуы туралы талап
  - Тәуелсіз директорлардың «тәуелсіздігін» орнататын принциптер мен талаптарды реттейтін қосымша ережелер
  - Ақпаратқа қол жеткізу және Компания директорларының квалификациясын арттыру
  - Директорларға сыйақы төлеу ережелерін реттейтін ережелер

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

- Ішкі ақпаратты қорғау туралы Ереже
- Тәуекелді басқарудағы тиімді жүйені қамтамасыз етудегі Директорлар Кеңесінің жауапкершілігі туралы Ереже
- Төраға пен Директорлар Кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалаудағы Ереже
- Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау/таңдау туралы Ереже

Компанияның қазіргі корпоративтік басқару Кодексі ҚМГ БӨ сайтында тұр.

Компания 2012 жылы қазақстандық корпоративтік басқару Кодексі ережелерін барлық аспектілер бойынша ұстанды.

Компания 2012 жылы өзіндік корпоративтік басқару Кодексі ережелерін барлық аспектілер бойынша ұстанды, тек мына жайттарды қоспағанда:

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

2012 жылы қыркүйек айына дейін директорлар Кеңесі төрағасын қосқанда 8 мүшеден тұрса, оның құрамында үш тәуелсіз директор болды: Филип Дэйер, Пол Мандука және Эдвард Уолш. 2012 жылы 1 қазанда Пол Мандука директорлар Кеңесінен кетті, сөйтіп, 2012 жылдың соңына дейін жаңа тәуелсіз директор сайланған жоқ. Өйсіп, Компанияның корпоративтік басқару Кодексінің директорлар Кеңесі бойынша талабы 2012 жылдың 1 қазанынан бері ұсталынған жоқ.

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша Директорлар Кеңесі құрған кадрлар жөніндегі Комитет директорлар Кеңесіне жаңа кандидаттар туралы акционерлердің жалпы Кеңесіне дейін, олардың шешім қабылдауынан бұрын ақпарат береді.

Кадрлар жөніндегі Комитет тәуелсіз директорлар қызметіне ұсынылғандар бойынша және сыртқы консультанттардың зерттеуіне сүйеніп тәуелсіз директорды сайлау үшін директорлар Кеңесіне талаптар дайындады. Дегенмен, ҚМГ ҰҚ тағайындаулар бойынша Комитеттің кандидаттарды таңдау критерийлеріне келіспеушілігі себебінен директорлар Кеңесі шешім қабылдаған жоқ.

ҚМГ ҰҚ тағайындаулар бойынша Комитетінің кандидатты бекітуге келіспеушілігі себебінен Компанияда қазір екі тәуелсіз директор бар. Бұл жағдай Компанияның Жарғысын бұзу, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес емес. 2006 жылы қыркүйек айында Компанияның IPO кезінде ҚМГ ҰҚ Компаниямен арадағы ынтымақтастық туралы Келісім түзді, ол бойынша, ҚМГ ҰҚ белгілі бір жағдайларды айтпағанда, «ҚМГ ҰҚ акционерлердің қандай да бір тәуелсіз директорды тағайындау немесе жұмыстан шығару бойынша қандай да бір шешімдеріне (немесе директорлар Кеңесінің қандай да бір шешімдеріне) дауыс бермейді» деп міндеттелген еді.

- Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі Төрағасының жұмысы бағалау үшін кемінде жылына бір рет Төрағаның қатысуынсыз жиын өткізе алады, ал өзге жағдайларда қажеттілігіне орай өткізіледі.

2012 жылы тәуелсіз директорлардың төрағаның қатысуынсыз сегіз жиыны өтті. Онда мынадай мәселелер қарастырылды: Компанияның даму стратегиясы, Компанияның мажоритарлық акционерлерімен арадағы ынтымақтастық, Компанияның қаржыны басқаруы және қаржыны басқару Саясатын ұстануы, ішкі аудит пен сыртқы бақылау, мәміле мәселелері. Бұлар – директорлар Кеңесі мүшелерін таңдау, жалғастық саясаты, сақтандыру бағдарламаларын жүзеге асыруға тіреледі. Директорлар Кеңесі төрағасының жұмысын бағалауды тәуелсіз директорлар жүзеге асырған жоқ. Алайда, директорлар Кеңесінің жұмысын жыл сайын тәуелсіз кеңесші бағалап отырады.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі (ішкі аудит бойынша Комитетпен бірге) кем дегенде жылына бір рет тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін бағамдауға міндетті.

Директорлар Кеңесінде тәуекелді бағамдайтын арнайы Комитет құрылған жоқ, бұл шаруа аудит бойынша директорлар Кеңесінің құзырына осы комитеттің жарғысы бойынша берілді. Аудит бойынша Комитеттің жұмысы туралы осы есептің 49 бетінен оқи аласыздар. 2012 жылы директорлар Кеңесінде тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі туралы бағамдау жүргізілген жоқ. Бұған қоса, жылдық есепте тәуекел факторлары туралы ақпарат берілген.

---

## **КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР**

Мұнда Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелері арасындағы негізгі айырмашылықтар туралы жазылған.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелері бойынша жұмысқа тағайындалғаннан кейін директорлар Кеңесінің Төрағасы Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінде көрсетілген тәуелсіздік критерийлерін қанағаттандыруы керек.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне тәуелсіз директорлар бойынша ережелер қосылмаған, директорлардың пікірі бойынша, Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінде жазылғандай немесе Компанияның корпоративтік басқару Кодексінде жазылғандай директорлар Кеңесінің төрағасы тәуелсіздік критерийін қанағаттандырмас еді. Төраға ірі акционердің өкілі.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша төрағаны былай қойғанда, директорлар Кеңесінің кем дегенде жартысы, тәуелсіз директорлар болуы керек.

Бұдан өзгешелігі, Компанияның корпоративтік басқару Кодексі мен Жарғысы бойынша директорлар Кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлардан құралуы тиіс. Компанияның Жарғысына сәйкес, біраз негізгі мәселелер, мүдделі тараппен мәміле, ірі мәмілелер, әлеуметтік шығындарға қолдау білдіру, жер қойнауын игеру бойынша келісім-шарттарды жасау, басым тәуелсіз директорлардың келісімін қажет етеді. Компанияның Жарғысымен сайттан таныса аласыздар.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесі тәуелсіз директордың бірін аға тәуелсіз директор етіп тағайындауы тиіс.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша қазіргі акционерлердің құрылымына байланысты директорлар Кеңесі аға тәуелсіз директорды тағайындамайды. Аға тәуелсіз директорды тағайындау талабы уақыт өткен сайын қарастырылатын болады.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның алдын-ала реттелген мақсатына сәйкестігін мұқият түрде талдап, оның жұмысын қадағалап, беріліп отырған қаржылық ақпараттың толықтығына сенімді болып, сонымен қатар, тәуекел менеджменті жүйесі мен қаржылық қадағалау жүйесінің сенімді әрі тиімді екеніне сенімді болуы тиіс.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша директорлар Кеңесінің барлық мүшесінде мынадай жауапкершілік болуы тиіс.

- Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі атқарушы емес директорлардың атқарушы директорларға қатысты сыйақы деңгейін айқындауына, мұнан өзге, тағайындау бойынша белді іс атқаруына, қажет болса, атқарушы директорларды жұмыстан босатуға, сабақтастықты жоспарлауға қатысты жауапкершілікке ие болуын көздейді.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексі бойынша атқарушы директорларға қатысты сыйақы деңгейін айқындау директорлар Кеңесінің сыйақы жөніндегі Комитетінің мойнына жүктелген. Әрі бұл Комитеттің атқарушы директорларын тағайындау және орнынан босату процесіне қатысуын қарастырады. Тәжірибе бойынша – Басқарма мүшелеріне сыйақы деңгейін айқындау және оларды қызметке тағайындау мажоритарлық акционердің ықпалымен жүзеге асады.

### **ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ**

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне сай, директорлар Кеңесі мен Басқармаға жылдық есеп пен Компанияның қаржылық есебінің дұрыстығы бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Ұлыбританияның Листинг агенттігінің ашықтық пен ақпаратты жариялау Ережелеріне (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) сәйкес, директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі (46 бетті қараңыз), өзіндегі бар ақпаратқа сәйкес, мынадай жайттарды растайды:

- МСФО-ға сәйкес дайындалған қаржылық есеп Компанияның балансы мен оның еншілес компанияларының балансын бірге топтастырып, Компанияның активтері міндеттері, қаржылық жағдайы, қаржылық-шаруашылық жұмыстары жөніндегі қорытындылары туралы таза, ашық ақпарат береді.
- Басшылықтың есебі Компанияның қаржылық-шаруашылық жұмысының қорытындысы мен қаржылық жағдайы, оның еншілес компанияларымен бірге ортақ міндеттері, сонымен қатар, негізгі тәуекелдер мен өздері кезігетін айқындалмаған жайттар туралы анық мәліметтерді қосады.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2012 жылдың 31- желтоқсанына сәйкес, директорлар Кеңесі жеті мүшеден тұрады. Олар:

АТЫ-ЖӨНІ	ҚЫЗМЕТІ
Ләззат Қиынов	Директорлар Кеңесінің Төрағасы
Алик Айдарбаев	Директорлар Кеңесінің мүшесі (Бас директор)
Ержан Жанғаулов	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Әсия Сырғабекова	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Тимур Бимағамбетов	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Филип Дэйер	Директорлар Кеңесінің мүшесі
Эдвард Уолш	Директорлар Кеңесінің мүшесі

2012 жылдың 27 ақпандағы акционерлердің Ортақ жиынында мынадай шешімдер қабылданды:

- Директорлар Кеңесінің мүшесі Балжанов Асқардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Қиынов Ләззат сайланды.

2012 жылдың 13 наурыздағы Директорлар кеңесінің шешімімен Қиынов Ләззат Компанияның директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2012 жылдың 29 мамыр айындағы акционерлердің Ортақ жиынының қорытындысына сәйкес мынадай шешімдер қабылданды:

- Директорлар Кеңесінің мүшесі Өтеғалиев Сисенғалидың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Бимағамбетов Тимур сайланды.

Prudential plc компаниясының төрағасы болып сайлануына байланысты 2012 жылдың 1 қазанында тәуелсіз директор Пол Мандука директорлар Кеңесінен кетті.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексіне сай, директорлар Кеңесі директорлардың тәуелсіздігі фактісін бекітті, әрі Филип Дэйер мен Эдвард Уолшты шешім қабылдауда тәуелсіз директорлар деп есептейді. Директорлар Кеңесі бұл директорлардың тәуелсіз шешіміне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ешқандай жағдай болмайды деп бекітті.

## БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2012 жылы Компанияның Басқармасына бас директор мен оның орынбасарларын қосқанда жоғарғы шенді басқарушылар кірді.

### 2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА СӘЙКЕС БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
АЙДАРБАЕВ А.С.	БАС ДИРЕКТОР ЖӘНЕ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ
НҰРСЕЙІТОВ А.А.	БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІС БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ
СӘУЛЕБАЙ М.О.	ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР
ФРЕЙЗЕР Б.П.	ҚАРЖЫЛЫҚ ДИРЕКТОР – ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУШЫ
ӘШІРБЕКОВА Б.С.	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

2012 жылы директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Басқарма құрамында мынадай өзгерістер орын алды:

1. 2012 жылдың 26 қаңтарында мынадай шешім шығарылды:

- Мына Басқарма мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды:
  - Ешманов Киікбай
  - Бекежанова Жаннета
  - Әубәкіров Асқар



- 
- Бисекен Бағытқали
  - Хитуов Тарас
  - Жамауов Жұмабек
  - Мына қызметкерлерді Басқарма мүшесі ретінде сайлау туралы:
    - Нұрсейітов Абат
    - Фрейзер Бенджамин
    - Сәулебай Мәлік
    - Салимов Эльдан
    - Әшірбекова Ботагөз

2. 2012 жылдың 23 маусымында Басқарма мүшесі Мирошников Владимирдің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

3. 2012 жылдың 28 қыркүйегінде Басқарма мүшесі Салимов Эльданның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

### **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Директорлар Кеңесі, Басқарма мен Компанияның бас директоры арасындағы өкілеттікті бөлу туралы Компания Жарғысының 12, 13 бөлімдері айқындайды. Әрі қарай, директорлар Кеңесі, Басқарманың өкілеттігі мен жауапкершілігі директорлар Кеңесі туралы Ережемен және Басқарма туралы Ережемен реттеледі.

Директорлар Кеңесі акционерлер алдында Компанияның жұмысын қадағалап, тиімді басқару бойынша жауапкершілікті мойнына алады, және қабылданар шешімнің реттелген жүйесіне сәйкес іс атқарады. Компанияның саясаты мен стратегиялық даму бағыттарын айқындау, алуға болатын мұнайгаз активтері және өзге де маңызды мәселелер - Директорлар Кеңесінің маңызды функцияларына жатады.

Басқарма, өз кезегінде сол функцияларды жүзеге асыруға арналған кешенді шаруаларды дайындау, Компанияның ағымдағы операциялық жұмысы үшін жауапты. Басқарма Директорлар Кеңесі алдында Компанияның мақсаттарын жүзеге асырар жолдағы жасалынған шаруалар бойынша есеп береді.

Директорлар Кеңесі әрдайым және қажет кезде жиындарды өткізіп отырады.

2012 жылы Директорлар Кеңесі 29 жиын өткізді, оның ішінде ашық түрде 6 жиын, сырттай 21 жиын және телефон бойынша конференц-байланыс арқылы 2 жиын өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесі өзге шаруалармен қоса, мынадай мәселелерді қарастырды:

- Компанияның даму стратегиясын орындауға қатысты мәселелерді қарастыру
- Компанияның бюджеттері мен бизнес-жоспарларын бекіту
- Тәуекелдерді сақтандыру бағдарламасы
- Геологиялық барлау бағдарламасы
- Акцияларды кері қайтара сатып алу бағдарламасы
- Қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздік техникасын қорғау мәселелері
- Жер қыртысы келісім-шарттарына толықтыруларды қосу мәселелері
- ҚМГ ҰҚ еншілес компаниялары және өзге де үлестес тұлғалармен ынтымақтастық мәселелері
- Мүдделі мәмілелерді Компанияның қолдауы (директорлар Кеңесі екінші жартыжылжықта мұнаймен ішкі нарықты жабдықтау бойынша мәмілені бекітпеді. Толық ақпарат «Қаржылық жағдай және қаржылық-экономикалық жағдай қорытындылары» есебінің «ҚР ішкі нарығындағы жүзеге асыру» секциясы мен толықтырылған қаржылық есептің 23 сілтемесінде көрсетілген.)
- «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ, сонымен қатар, «Бұрғылау жұмыстары мен скважиналарға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС және «Технологиялық транспорт пен скважинаға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС секілді негізгі өндірістік бөлімшелері аясында екі еншілес ұйымды құру.
- «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ еншілес компанияларының пайдасы үшін жер қойнауын игеру құқығын беру.
- «Kazakhstan Petrochemicals Industries Inc.» ЖШС-тегі үлесті жүзеге асыру
- «Северный Карповский» жобасына серіктес тарту
- Еншілес компаниялардағы жоғарғы органдардың құзырына берілген мәселелер
- Комплаенс мәселелері, Ұлыбританиядағы жемқорлыққа қарсы заңды (UK Bribery Act) ұстану сұрақтары
- Директорлар Кеңесінің жаңа төрағасын сайлау

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

- Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылымы мәселелері
- Басқарма мүшелерін сайлау
- Басқарма мүшелерінің лауазымдық төлемі, еңбек төлемі ережелері және сыйақы төлеуді айқындау
- Опциондық бағдарламаға сәйкес опциондарды ұсыну
- 2011 жылдың топтастырылған есебін алдын ала бекіту
- 2011 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлемінің мөлшеріне қатысты ұсыныстар енгізу
- 2011 жылғы директорлар Кеңесі мен Басқарманың жұмысы туралы есеп
- 2011 жылғы директорлар Кеңесінің жұмысын қадағалау туралы есеп
- Ішкі аудит қызметінің есебі мен жоспарларын, ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын жүзеге асыру туралы жайттарды қарастыру,
- Ішкі аудит қызметі мен ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелеріндегі жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау (ПҚҚ)

2012 жылы директорлар Кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:

- Корпоративтік басқару Кодексінің жаңа редакциядағы мәтіні (қолдау)
- Корпоративті этика Кодексі
- Еншілес ұйымдардың ішкі құжаттары мен жарғылары

Бұған қоса, директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиынына Компанияның жарғысына өзгерістер енгізуді ұсынып, қарастырды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН КОМИТЕТТЕР МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН КОМИТЕТТЕР ЖИЫНЫНА ҚАТЫСУЫ (2012)

	ДК	КПА	КПН	КПВ	КСП
2012 жылы өткізілген жиындардың саны	29	5	3	7	1
ЛӘЗЗАТ ҚИЫНОВ	22	-	1	-	-
СИСЕНҒАЛИ ӨТЕҒАЛИЕВ	5	-	-	-	-
АЛИК АЙДАРБАЕВ	29	-	3	-	1
ЕРЖАН ЖАНҒАУЛОВ	28	-	-	-	-
АСИЯ СЫРҒАБЕКОВА	29	-	-	-	-
ТИМУР БИМАҒАМБЕТОВ	19	-	-	-	-
ПОЛ МАНДУКА	23	4	2	6	-
ФИЛИП ДЭЙЕР	29	5	3	7	-
ЭДВАРД УОЛШ	29	5	3	7	1

Басқарма Компания жұмысының басшылығын жүзеге асырушы және атқарушы орган. 2012 жылы үнемі түрде және қажет болған жағдайда Компания Басқармасының 39 жиыны өтті.

2012 жылы Компанияның Басқармасы Компанияның операциялық жұмысына қатысты мынадай маңызды мәселелерді қарастырды:

- «Бұрғылау жұмыстары мен скважиналарға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС құруды қолдау туралы (БЖСҚКБ)
- «Технологиялық транспорт пен скважинаға қызмет көрсету Басқармасы» ЖШС құруды қолдау туралы (ТТСҚКБ)
- 2012 жылдың түзетілген бюджетін қолдау туралы
- «Қазмұнайгаз БӨ» АҚ мүліктік базасы мен мүліктік құқығы бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ құру және дамыту» инвестициялық стратегиялық жобасы туралы

- 
- «ТТБжҰҚК» ЖШС құру және шаруашылық жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ БЖБ ӨҚБ «ӨМГ» құрылымдық бөлімшесін құру
  - Компанияның ішкі жұмысын реттейтін біраз процедуралар бекітілді.

Басқарма Компанияның жұмысын қамтамасыз етудегі акционерлердің Ортақ жиналысына, директорлар Кеңесінің және Компанияның лауазымдық тұлғаларына қатысы жоқ өзге шаруалар бойынша да шешім қабылдайды.

## **АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ**

### **АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ**

2012 жылы бұл комитет құрамына тәуелсіз директорлар – Филип Дэйер (Комитет төрағасы) және Эдвард Уолш кірген еді. Тәуелсіз директор Пол Мандуканың өкілеттігі тоқтатылуына байланысты 2012 жылдың 1 қазанынан бастап Комитеті төрағасы Филип Дэйер. Комитетке сайлау мерзімі үш жыл, директорлар Кеңесінің шешімімен екі рет үш жылға сайлана алады, ол үшін аудит Комитетінің мүшелері тәуелсіз болып қалуы тиіс.

### **ЖИЫНДАР САНЫ**

2012 жылы аудит Комитеті 5 жиын өткізді. Комитет төрағасы комитеті жиынының өту мерзімі туралы шешім қабылдайды. Жиындар саны комитет міндетінің орындалу талабына сәйкес айқындалады. Мұнымен қоса жылына кем дегенде төрт жиын өтуі керек, әрі ол Компанияның аудитінің өтуі мен қаржылық есебінің дайындалуындағы негізгі даталарымен сәйкес келуі тиіс (ішкі және сыртқы аудиторлардың аудиторлық жоспарлары және аралық қаржылық есеп дайын болып қалған кезде және алдын-ала мәлімдемелер мен жылдық есеп дайын болған кезде).

### **АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН МІНДЕТІ**

Аудит Комитеті басқа шаруалармен қатар, Компанияның қаржылық ақпаратына ие барлық есепке, тәуекелді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесіне, және Компания аудиторларының осы процеске қатысуы туралы мониторингке жауапты. Ол сонымен қатар Компанияның ішкі аудит қызметінен ақпарат алады, ол өз кезегінде Компанияның ішкі бақылауы процедураларының орындалу барысын қадағалайды. Комитет заңдылық талаптарын ұстану, Ұлыбританияның Листинг агенттігі (UKLA) мен Қазақстан Қор биржасы (KASE) ұстанатын бухгалтерлік стандарттар, ішкі бақылаудың тиімді жұмысын қамтамасыз ету секілді мәселелермен айналысады. Директорлар Кеңесі қаржылық есептің алдын ала қолдауына да жауап береді.

Аудит Комитеті иеленген немесе иеліктен шығарылған ірі мәмілелерді үнемі тексеріп отырады және директорлар Кеңесі аудит Комитетінен сұрауы ықтимал кез келген мәселені қарастырады.

Жыл сайын акционерлердің Ортақ жиынында Комитет төрағасы директорлар Кеңесі төрағасы арқылы аудит Комитетінің есебін жариялайды және аудит Комитетіне қатысты мәселелер туралы жауап береді.

### **АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

- Қаржылық есеп
  - ҚЕХС сәйкес қаржылық есепті дайындау мәселелерін қарастыру
  - Қазақстан және Лондон Қор биржасында мәлімделетін тоқсандық және жылдық есептерді бекіту
  - Қаржылық есеп бойынша баспасөз мәлімдемелері мен қаржылық-есеп жұмысы туралы қаржылық есепті қолдау
- Ішкі есеп
  - Ішкі аудит қызметінің жұмысының жопарын қарастырып, қолдау
  - Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері
  - Ішкі аудит тиімділігін бағамдау
- Компанияның әлеуметтік шығындары
- Компанияның қаржысының қимылын бағдарлау
- Қаржыны басқару Саясатын ұстану
- Комплаенс
  - Корпоративті этика Кодексін қарастыру
  - Корпоративтік басқару Кодексінің жаңа редакциядағы жобасын қарастыру
  - Жемқорлыққа қарсы Саясат жобасын қарастыру
  - Ақпараттық бастама Саясатының жобасын қарастыру
  - Ұлыбританияның жемқорлыққа қарсы заңы (UK Bribery Act) талаптарын ұстану мәселелерін қарастыру

## **СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

## СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТЕІҢ МҮШЕЛЕРІ

2012 жылы бұл комитет құрамына тек ғана тәуелсіз директорлар кірді. Филип Дэйер (Комитет төрағасы), Пол Мандука (2012 жылдың 1 қазанына дейін) және Эдвард Уолш Комитет мүшелері болды. Комитет мүшесі болу мерзімі олардың директорлар Кеңесі мүшелері болу өкілеттігі мерзіміне сай.

## СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Сыйақы Комитеті директорлар Кеңесі мүшелері, бас директор, Басқарма мүшелері, Компанияның өзге де қызметкерлерінің сыйақы жүйесінің мониторингін жауапты, оның ішінде және өзге компаниялардағы сыйақы саясатын салыстырып талдаумен айналысады.

Сыйақы Комитеті директорлар Кеңесі мүшелері, бас директор, Басқарма мүшелері, Компанияның өзге де қызметкерлеріне төленер сыйақы мен компенсация көлемі мен ережесін айқындау критерийлері мен принциптері туралы ұсыныстарды дайындап оны директорлар Кеңесіне ұсынуға жауапты. Сонымен қатар Компанияның опциондық жоспарлары ережелері мен Компанияның қызметкерлері мен басшыларына ұзақмерзімдік уәждеме бағдарламаларын мақұлдайды.

Сыйақы Комитеті Компанияның сыйақы туралы мақұлданған Саясаты мен Компаниядағы сыйақы жүйесі, Компанияның даму стратегиясы, оның қаржылық жағдайы, және еңбек нарығындағы жағдайды бақылап отырады.

Сыйақы бойынша Комитет Қазақстан Республикасы заңдылығы, Компанияның Листингтік ережесі мен ішкі құжаттары талабына сай Компанияның директорлар Кеңесі мен Басқарма мүшелеріне төленер сыйақы мен компенсация туралы мәліметтің бұрыс бағытта таратылмауын қамтамасыз етуге қадағалау жасайды.

Мұнан басқа, Сыйақы бойынша Комитет Компанияның директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі туралы акционерлердің жалпы жиыны шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды.

Сыйақы бойынша Комитет директорлар Кеңесі алдында өз жұмысы туралы есеп береді, әрі Сыйақы бойынша Комитеттің Ережелерін Комитеттің қалай жүзеге асыратындығы туралы жыл сайын талдау жасап, ол ақпаратты директорлар Кеңесіне береді.

## СЫЙАҚЫ БОЙЫНША КОМИТЕТТІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы Сыйақы бойынша комитет 7 жиын өткізді. Комитет жиындары қажет кезде өткізіліп отырады, бірақ, ең аз дегенде алты айда бір рет өткізіледі. Жиын комитет төрағасы, комитет мүшесі немесе директорлар Кеңесі шешімімен шақырылады.

2012 жылы Сыйақы бойынша комитет мынадай мәселелерді қарастырды

- Басқарма мүшелерінің еңбек төлемі және сыйақы ережелері мен лауазымдық еңбекақыларын айқындау
- Опциондық бағдарламаға қатысты мәселелер
- Қызметкерлерге уәждеме жасау жүйесіне ету мәселелерін қарастыру

Төмендегі кестеде 2012 жылдың 31 желтоқсан айында аяқталатын бір жыл көлемінде тәуелсіз директорларға төленген сыйақының жалпы көлемі көрсетілген:

АТЫ-ЖӨНІ	ЖЫЛДЫҚ 000 \$ US	ЖЕКЕ ТЕЛЕФОН-ВИ- ҚАТЫСУЫ 000 \$ US	ДЕО ҚАТЫСУ 000 \$ US	ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР- ЛАРДЫҢ ЖИЫНДАРЫ 000 \$ US	КОМИТЕТ БАСҚАРУЫ 000 \$ US	ЖАЛПЫ 2012 (САЛЫҚТЫ АЛЫП ТА- СТАҒАНДА) 000 \$ US	ЖАЛПЫ 2012 (НАЛЫҚТЫ ҚОСҚАНДА) 000 KZT
ПОЛ МАНДУКА	112,5	50	10	15	18,7	206,2	34 126
ЭДВАРД УОЛШ	150	60	15	22,5	15	262,5	43 562
ФИЛИП ДЭЙЕР	150	60	15	22,5	15	262,5	43 562
<b>ЖАЛПЫ</b>	<b>412,5</b>	<b>170</b>	<b>40</b>	<b>60</b>	<b>48,7</b>	<b>731,2</b>	<b>121 250</b>

Директорлар Кеңесінің өзге мүшелері директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде мұндай сыйақы алмайды, алайда, осы қызметке тағайындалуына байланысты шығындардың өтелу құқықтарына ие.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2012 жылы тағайындаулар бойынша комитет құрамына Алик Айдарбаев (Комитет төрағасы 2012 жылдың 26 маусымына дейін), Ләззат Қиынов (26 маусымнан бастап), Эдвард Уолш (Комитет төрағасы қызметін атқарушы), Пол Мандука (2012 жылдың 1 қазанына дейін) және Филип Дэйер кірді.

Комитеттің негізгі мақсаты Компания органдарына қызметке адам алар кезде директорлар Кеңесінің жұмыс сапасын және тиімділігін арттыру, сонымен қатар, Компанияның лауазымды тұлғаларын өзгертер кезде сабақтастықты қамтамасыз ету, директорлар Кеңесі, Басқарма мүшелері, Компанияның корпоративті хатшысы мүшелігіне кандидаттар таңдар кездегі критерийлерді жасау.

Тағайындаулар бойынша комитет директорлар Кеңесі мен Басқарма құрамындағы өзгерістер, корпоративті хатшы қызметіне тағайындау және өкілеттікті тоқтату, зейнет жасына шығуына байланысты қосымша директорлар тағайындау немесе өзгерту секілді мәселелерді қарастырады.

#### ТАҒАЙЫНДАУЛАР БОЙЫНША КОМИТЕТТІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы комитет 3 жиын өткізді, оның ішінде мынадай мәселелер қарастырылды:

- Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат таңдауға компанияны жұмылдыру
- Қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне кандидатқа критерий анықтау
- Тәуелсіз директор лауазымына сайлау үшін кандидатураны директорлар Кеңесіне ұсыну
- Директорлар кеңесіне директорлар Кеңесі комитеттерінің құрамы туралы ұсыныстар беру
- Басқарма мүшелерін сайлау туралы ұсыныстар

#### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

2012 жылы стратегиялық жоспарлау Комитетіне Эдвард Уолш (Комитет төрағасы), Алик Айдарбаев (2013 жылдың 18 қаңтарына дейін), Тимур Бимағамбетов және Филип Дэйер (2012 жылдың 26 маусымына дейін) кірді.

Комитеттің негізгі мақсаты Компанияның директорлар Кеңесіне Компанияның даму стратегиясы мен оның басым бағыттарына қатысты мәселелерді айқындау үшін ұсыныстар дайындап, беру.

#### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2012 жылы комитет бір жиын өткізді, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- Компанияның қазіргі даму стратегиясына қатысты мәселелер
- Геологиялық барлау Бағдарламасы
- Бизнесі дамыту, сатып алу бағдарламасы
- Өндіру жоспарының орындалу мәселесі және оны шешу
- «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Ембімұнайгаз» АҚ арасындағы ынтымақтастық жүйесі

Сол жиын кезінде Комитет ҚМГ ҰК стратегиясының қарастырылып жатқанын және Компанияның стратегиясын ҚМГ ҰК стратегиясының қорытындылары алынғанша қоя түру керектігі туралы ақпарат алды. ҚМГ ҰК өз стратегиясының көшірмесін комитет мүшелеріне 2013 жылдың қаңтар айында берді.

#### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

Директорлар кеңесі мүшелерінің үлесі Компанияның жәй, артықшылықты акциялары мен ЖДҚ үлесі, ақпаратты директорлар Кеңесі мүшелері 2012 жылдың 31 желтоқсанында берді.

АТЫ-ЖӨНІ	ЖАЙ АКЦИЯЛАР САНЫ	ЖДҚ САНЫ	АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ АКЦИЯЛАР САНЫ
ФИЛИП ДЭЙЕР	-	6 828	-
ЭДВАРД УОЛШ	-	-	-

#### НЕГІЗІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖДҚ ҰСТАНУШЫЛАРЫ

Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес төменде Компанияның құнды қағаздарын иемденушілер кестесі көрсетілген, 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша олар акцияның иемденушілері, саны туралы хабарлап тұрулары тиіс. Бұл талаптар ЖДҚ иемденушілеріне қатысы жоқ, алайда, Компания 2009 жылдың 30 қыркүйек айындағы ақпарат бойынша Қытай Халық Республикасының мемлекеттік инвестициялық Қоры China Investment Corporation (CIC) Компанияның 11 % акциясына сай ЖДҚ иемденгенін хабарлағанын айту керек деп есептейді.

АКЦИОНЕР	ЖӘЙ АКЦИЯЛАР САНЫ	АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ АКЦИЯЛАР САНЫ	БАРЛЫҚ ОРТАҒА САЛЫНҒАН АКЦИЯЛАР САНЫ
----------	-------------------	-------------------------------	--------------------------------------

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАР САНЫ	70 220 935	4 136 107	74 357 042
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ ИЕЛІГІНДЕГІ АКЦИЯЛАР	43 087 006	-	43 087 006
АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КА- ПИТАЛДАН ТҮСЕР ПАЙЫЗ	61,36%	0,00%	57,95%

## ДИРЕКТОРЛАР КЕЛІСІМДЕРІ, ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАТТАР МЕН БАСҚАРМА МҮШЕ- ЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

### ДИРЕКТОРЛАРМЕН КЕЛІСІМДЕР

- Асқар Балжановтың директорлар Кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2012 жылдың 27 ақпанында мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Ләззат Қиынов директорлар Кеңесі мүшесі болып 2012 жылы 27 ақпанда сайланды.
- Сисенғали Өтеғалиевтің директорлар Кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2012 жылдың 29 мамырында мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Тимур Бимағамбетов директорлар Кеңесінің мүшесі болып 2012 жылдың 29 мамырында сайланды.

### БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек келісімдерін жасады, оған сәйкес, олар Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес сапар кезіндегі жазатайым оқиғадан сақтандырылып, іс-сапар кезіндегі шығындары өтеледі.

Осылардан өзге директорлар кеңесі немесе Басқарма мүшелерімен Компания басқа ешқандай еңбек келісімдерін жасамаған және жасалады деген жоспар жоқ.

### ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

Компанияда ішкі бақылау және тәуекелді басқарудың жүйесі жұмыс істейді. Жүйе акционерлердің Компанияға салған акцияларын сақтай отырып, Компанияның өз бизнес мақсаттарына жету жолындағы айтарлықтай тәуекелді басқару мен оны бағамдау, айқындау мақсатымен жасалынған. Жүйе Лондон қор биржасы листингі мен Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексі ережелерінің талабын ескере отырып, және сенімді халықаралық әдістеменің негізінде жасалынған. Компанияның ішкі бақылау жүйесінің негізгі элементтері мынадай бөліктерден тұрады:

- Қаржылық, операциялық, әкімшілік саясат, қаржыны басқару саясаты және өзге де процедуралардан тұратын Компанияның ішкі құжаттары,
- Компанияның қауіпсіздік техника талаптарын ұстануға қатысты операциялық, қаржылық жұмысқа үнемі мониторинг жасау.

Компанияның ішкі аудит қызметі директорлар Кеңесіне Компанияның ішкі бақылау жүйесі қаншалықты құрылған және қаншалықты тиімді деген сауалға қатысты шынайы ақпаратты береді. Ішкі аудит қызметі өз жұмысы барысында компанияның ең маңызды салаларына барынша көңіл аударатын тәуекел қадамдарын пайдаланады, бұл сонымен қатар, Компанияның корпоративтік басқару сапасын және жалпы тиімділігін көтеруге көмектеседі.

Ішкі аудит қызметі басшылықтың ұсыныстарының орындалу барысын қадағалап, сол бойынша аудит жөніндегі Комитет пен директорлар Кеңесіне есеп береді.

Тәуекелді басқару бойынша Басқарма тәуекелді басқару Комитетін құрды, ол туралы толық ақпарат төменде көрсетілген.

### ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тәуекелді басқару бойынша Комитет Басқарма аясында құрылды.

Комитеттің негізгі мақсаты Компаниядағы тәуекелді басқару мәселелерін тез қарастыру, тәуекелді басқару бойынша шешім қабылдауда Басқармаға ұсыныстар даярлау, тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жасау, Компанияның өз стратегиялық мақсаттарын орындау, бизнес-процестердің тиімділік деңгейін арттырудағы тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүйелік құрылымға ұсыныстар дайындау.

Компанияның тәуекел профилі бойынша жалпы ақпаратты «Тәуекелдер факторлары» бөлімінің 72 бетінен таба аласыздар.

### ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

---

Төмендегі шолу осы құжаттың Ұлыбританияның заңдылығына және Ұлыбританияның кеден және салық жинаудағы тәжірбиесіне сай құрылған, бұлардың әрқайсысы өзгеруі мүмкін және қосымша күшке ие болуы мүмкін. Егер өзге сілтемелер болмаса, бұл шолу Ұлыбританияның салық жинауындағы кей жайттарды қамтып, тек ЖДҚ мен акцияның бенефициарлық иеленушілеріне ғана әсерін тигізеді, өйткені, (1) салық бойынша Ұлыбританияның резиденті, (2) өзге басқа юрисдикция бойынша салық тұрғысынан резидент емес және (3) акция немесе ЖДҚ иемденуге қатысты (Ұлыбританиялық акция Иегері), Қазақстан Республикасында тұрғылықты мекемесі жоқ.

Бұған қоса, бұл шолуда Ұлыбританиялық акция Иегеріне қатысты салық салдары қарастырылады, олар негізгі капитал ретінде акция және мынадай топқа қатысы бар салықтық салдар қарастырылмайды – ЖДҚ-ға ие және Ұлыбританиялық акция Иегері категориясына қатысы болуы ықтимал дилерлерге, (2) Ұлыбританиялық акция Иегері тікелей және жанама түрде компанияның дауысқа ие акцияларының 10 немесе онан да көп пайызын қадағаламауына болады; (3) ЖДҚ иемденушісінің осындай акциялар бойынша дивиденд және негізгі акцияларға бенефициарлық құқығы болуы мүмкін. (4) Ұлыбританиялық акция Иегеріне қатысты салықтық салдар қарастырылмайды, егер де олар сақтандыру компаниясы, инвестициялық компаниялар мен зейнетақы қорларының атынан жұмыс істейтін болса.

Бұл шолу негізінен қаперге алынуы керек және Ұлыбританиялық акция Иегері оны заң және салық мәселелері бойынша кеңес ретінде қабылдамауы тиіс. Тиісінше, инвесторлар жалпы салықтық салдар бойынша, оның ішінде акцияны немесе ЖДҚ-ны сатып алу, иемдену, иеліктен шығару мәселелерін Ұлыбританияның заңдылықтарын және Ұлыбританияның салық және кеден бойынша Мемлекеттік Басқарма тәжірбиесіне сай болуы үшін өздерінің салықтық кеңесшілерінен кеңес алуы тиіс.

### **ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС САЛЫҒЫ**

ЖДҚ-ден алынатын табыс Ұлыбританиядан емес болған жағдайда бұл табыстан Ұлыбританияда салық алынбайды. Акциялар бойынша дивиденд төлер кезде Ұлыбританиядағы төлем көзінен салық алынбайды.

### **ДИВИДЕНДТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ**

Ұлыбританиялық акция Иегері ЖДҚ немесе акциядан дивиденд алатын болса ол Ұлыбританияның корпоративті немесе табыстан алынар салығын төлеуі мүмкін (жағдайға байланысты) ол сома қазақстандық салықты шегеруге дейінгі төлемнен алынған дивидендтің жалпы сомасы, егер де қазақстандық салықтың есепке алынған сомасы бар болған жағдайда. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұратын және сол елдің резиденті болып отырған жеке тұлға. Ол Ұлыбританияның табыстан алынар салығын акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен төлейді. Және кері қайтарылмайтын салықтық несие алу құқығына ие. Бұл алынған дивидендтің оннан біріне тең.

Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ сол елдің резидент болып отырған жеке тұлға. Ол қаржы аударымы аясында акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен немесе Ұлыбританияға аударылған дивиденд есебінен Ұлыбританияның табыстан алынар салығын төлеуді қалайды және соған құқығы бар. Ол кері қайтарылмайтын салықтық несие алу құқығына ие. Бұл алынған дивидендтің тоғыздан біріне тең. Ұлыбританиялық акция Иегері – тек егер ол оған салықтан жалтарған деген тәртіптің аясында болмаса, салық төлеу бойынша Ұлыбританияның резидент-компаниясы, акция немесе ЖДҚ бойынша төленген дивиденд есебінен корпоративті салық төлемейді.

### **ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ТҮРДЕ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТАН БОСАУ**

Ұлыбританиялық акция Иегерінің акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде табыстан алынар салық төленеді немесе Ұлыбританиядағы кірістен түсер салықты шегеруге рұқсат берілуі мүмкін. Бұл Ұлыбританиялық акция Иегерінің салықтан босатылу жағдайына қатысты. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұратын және сол елдің резидент болып отырған жеке тұлғасы болса, акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде капиталдың өсімі үшін Ұлыбританияға кірістен түсер табысынан салық төлеуге міндетті. Ұлыбританиялық акция Иегері – Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ сол елдің резиденті болып отырған жеке тұлға, қаржы аударымы аясында Ұлыбританияның табыстан алынар салығын төлеуді қалайтын және соған құқығы бар тұлға акция немесе ЖДҚ бойынша үлесінің иелігінен шығару кезінде капиталдың өсімі үшін Ұлыбританияға кірістен түсер табысынан салық төлеуге міндетті. Дәлірегіңде, Лондон қор биржасындағы ЖДҚ мен жасалынған мәмілелер кірісті көрсетуге алып келеді, ал ол Ұлыбританияда капиталдың өсімі деген атпен салық төлетуге міндеттейді.

Жеке тұлға – акция немесе ЖДҚ иегері болса әрі, салық мәселелері бойынша соңғы бес жыл бойында резидент емес, әрі Ұлыбританияда тұрмайтын болса, және осы уақыт аралығында акция мен ЖДҚ иелігінен шығар болса, онда Ұлыбританияға қайтар кезде ол Ұлыбританияда капиталдың өсімі деген атпен салық төлетуге міндетті. Оның иеліктен шығар кезде Ұлыбританияда тұрмағаны және резидент болмағаны маңызға алынбайды.

Ұлыбританиялық акция Иегері, заңды тұлға болса, ол акция мен ЖДҚ-мен жұмыс істеген кез келген кіріс үшін Ұлыбританияда корпоративті салықты төлейді.

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІРІС КӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН САЛЫҚ**

Акция мен ЖДҚ дивиденд төлеміне Қазақстанда кіріс көзінен алынар салық бар. Ұлыбританиялық акция Иегері – жеке тұлға-резиденттің қазақстандық кірістен түсер салықтан шегерілу құқығы болуы керек, ол үшін дәл осындай төлем Ұлыбританияның табысқа салынар салығына жіберілген болса. Ұлыбританиялық акция Иегері Ұлыбританияның резидент-компаниясы болса, ол төленген дивиденд бойынша корпоративті салық төлемейді. Және қазақстандық салық органдарынан осы салықты шегеру туралы талап қоя алмайды.

### **ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМ НЕМЕСЕ ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМҒА САЙ САЛЫҚ («ЕАССБ»)**

Егер де бір немесе бірнеше акцияны немесе ЖДҚ-ды аударатын келісімі бар мәмілені жасаған құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылмаса немесе (ii) Ұлыбританиядағы меншікке қатысы болмаса, Ұлыбританияда жасалынбаған немесе жасалынып

---

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

жатқан іс-қимыл болмаса, (Ұлыбританиядағы банк шоттары төлеміне қатысын қосқанда), онда бұл құжаттан көрсетілген құн бойынша елтаңбалық алым алынбайды.

Егер де тіпті бір немесе бірнеше акцияны немесе ЖДҚ-ды аударатын келісімі бар мәмілені жасаған құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылса немесе (ii) Ұлыбританиядағы меншікке қатысы болса, Ұлыбританияда жасалынған немесе жасалынып жатқан іс-қимыл болса, бұл құжаттан, тәжірбие бойынша, көрсетілген құн бойынша елтаңбалық алым алынбайды. Егер елтаңбалық алымды төлету қажеттілігі туған жағдайда, пайыз бен айыппұлды төлету мүмкіндігі бар.

ЖДҚ – құны фунт-стерлингте көрсетілмеген құнды қағаз қатарына енгізілгені үшін «мәлімдеуші құжат» елтаңбалық алымы ЖДҚ шығарылымына да, ЖДҚ арқылы берілетін құнды қағаздар беру кезінде де төленбейді.

Егер де акциялар (i) Ұлыбританияда орналасқан реестрде тіркелмесе, немесе (ii) Ұлыбританияда тіркелген немесе шыққан компанияның акцияларымен біріктірілмесе, онда акцияларды беру келісімі немесе ЖДҚ елтаңбалық алымға сай салықты төлемейді.





**ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН  
ТАЛДАУ**

**Төмендегі құжаттың міндеті Компанияның операциялық және қаржылық қызметтерінің нәтижелеріндегі үрдістер мен елеулі өзгерістерді ұғынуға және бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне негізделген және оны топтастырылған қаржылық есеппен және ілеспе ескертулермен бірге оқыған жөн. Барлық қаржылық деректер мен оларды талқылау ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған топтастырылған қаржылық есепке негізделген.**

## ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (мұнда және бұдан әрі – Компания немесе ҚМГ БӨ) көмірсутегі шикізаттарын барлаумен, игерумен, өндірумен және жаңа мұнайгаз активтерін сатып алумен айналысады. Мұнайгаз объектілерінің негізгі қызметі Каспий өңірі ойпатында, Маңғыстау және Оңтүстік Торғай мұнайлы бассейндерінде жүзеге асырылады. Компанияның тікелей негізгі акционері Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібіндегі мемлекеттің мүдделерін білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ ҰК) болып табылады. Компания 47 мұнай және газ кен орындарын, оның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – ӨМГ) – 2 кен орнын, «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – ЕМГ) 40 кен орнын, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС – 5 кен орнын игереді. Оның үстіне, Компанияның бірлесіп бақыланатын KS EP Investments BV-де 51% үлесі, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-да, «CCEL»-де және Ural Group Limited BVI-де («UGL») 50% үлесі, сондай-ақ «ПетроҚазақстан Инк»-те 33% үлесі бар.

Компания мына учаскелерде: Лиман, Тайсойған, Қаратон-Сарқамыс, Өзен-Қарамандыбас, Батыс Новобогат, «Федоровский» (UGL), Карповский Северный (KS EP Investments BV), Темір, Теріскен, Шығыс Жарқамыс-1 («ҚМГ БӨ Барлау активтері» ЖШС) блоктарында барлауды жүзеге асырады, сондай-ақ келешегі зор «Уайт Беар» құрылым орналасқан Солтүстік теңіздің Британ секторындағы барлауға арналған лицензиядағы 35%-дық қатысу үлесіне иелік етеді.

Компанияның үлестік қатысуын («Қазгермұнай» БК» ЖШС-дағы 50%-дық үлесін «CCEL»-дегі 50% үлесін және «ПетроҚазақстан Инк»-тегі 33%-дық үлесін) ескере отырып, Компанияның мұнай өндіруі 2012 жылы тәулігіне 12 191 мың тоннаны немесе 247 мың баррелді (ӨМГ мен ЕМГ – тәулігіне 156 мың баррелді, «ПетроҚазақстан Инк» – тәулігіне 39 мың баррелді, «Қазгермұнай» БК» ЖШС – тәулігіне 33 мың баррелді, «CCEL» – тәулігіне 19 мың баррелді) құрады.

Бұл қаржылық жағдай мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелерін талдау жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың қызметін қамтиды.

## БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛЖАМ

Есепті кезең ішінде Компанияның қаржылық жағдайына әсер еткен негізгі макроэкономикалық факторларға: мұнайға арналған бағалардың серпіні, валюта бағамдарының, атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамының ауытқуы мен елдегі инфляция қарқыны жатады.

### 2012 ЖЫЛҒЫ НАРЫҚҚА ШОЛУ

Брент сортты мұнайға арналған баға 2012 жылы орташа алғанда 2011 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз деуге боларлықтай, баррель үшін 111,70 АҚШ долларын құрады.

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН	2012	2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР
(АҚШ ДОЛЛАРЫ /БАРРЕЛЬ)				%			
110,10	109,50	109,36	0,7 %	BRENT (DTD)	111,70	111,26	0,4 %

Компанияның кірістерінің, қаржылық активтері мен займдарының басым бөлігі шығыстардың басым бөлігі теңгеде есептелгеніне қарамастан, АҚШ долларында есептелді. Компания валюталық тәуекелді өз қоржынындағы АҚШ долларына есептелген қаржылық құралдардың үлестерін төмендету немесе арттыру арқылы басқарады.

Тұтынушылық бағалар индексі («ТБИ») бойынша есептелген елдегі теңге/АҚШ долларының айырбас бағамы мен инфляцияның қарқыны көрсетілген кезеңдерге мынадай тұрғыда қалыптасты:

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН	2012	2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР
150,44	149,68	147,91	1,7 %	Теңгенің 1 АҚШ долларына орташа айырбас бағамы	149,11	146,62	1,7 %
2,1 %	1,2 %	1,2 %	75,0 %	ТБИ	6,0 %	7,4 %	-18,9 %
150,74	149,86	148,40	1,6 %	Баланстың датасына теңгенің 1 АҚШ долларына айырбас бағамы	150,74	148,40	1,6 %

Көзі:Қазақстанның Ұлттық Банкі

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Теңгенің бағамы АҚШ долларына қатысты 2011 жылы орташа алғанда 146,62 теңге/АҚШ долларынан 2012 жылы орташа алғанда 149,11 теңге/АҚШ долларына дейін өзгерді. 2012 жылы инфляцияның деңгейі 2011 жылғы 7,4%-бен салыстырғанда 6,0%-ды құрады.

## ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Компанияның негізгі активтерден мұнай өндіруінің ауқымы 2012 жылы 2011 жылғы осындағы көрсеткіштен 2%-ға төмен 7 766 мың тоннаны құрады.

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН	2012	2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР
1 251	1 232	1 293	-3 %	ОМГ	4 950	5 082	-3 %
720	720	715	1 %	ЭМГ	2 816	2 818	0 %
<b>1 971</b>	<b>1 952</b>	<b>2 008</b>	<b>-2 %</b>	<b>ВСЕГО</b>	<b>7 766</b>	<b>7 900</b>	<b>-2 %</b>

Бұдан бұрын аталып өткендей, мұнай өндірудің өткен жылмен салыстырғанда төмендеуі, негізінен алғанда, тоқтап тұраған және сарқыла бастаған ұңғымалар қорының артуының, ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңінің төмендігінің, сондай-ақ геологиялық-техникалық іс-шаралардың орндалмауының нәтижесінде болды. Оның үстіне, өндірудің төмендеуі жерасты жабдықтары мен қосалқы бөлшектердің сапасының төмендігімен және уақытылы берілмеуімен, ұңғымалардың жер бетіндегі және жер астындағы инфрақұрылымдарының тозуымен қабаттарға айдамалау үшін теңіз және ағын суларды дайындау кезіндегі проблемалармен, мұнай өндіру объектілерін химияландыру проблемаларымен, ұңғымаларды өшірудің төменгі сапасымен, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадаларының арнаулы техникалар мен жабдықтарды тосып тоқтап тұруға мәжбүр болуымен байланысты. Жоғарыда көрсетілген факторлар, өз кезегінде, соның салдарынан мұнай өндіру бойынша қабылданған бағдарламалардың орындалмауына әкеп соқтырған мұнай ұңғымаларының тоқтап тұрған және өнімі төмендеген қорының артуына себеп болған жүргізілген ұңғымаларды жерасты жөндеу мен жабдықтарды жерасты жөндеудің сапасы мен жиілігіне ықпал етті. 2012 жыл ішінде электрмен жабдықтаушы ұйымның электр қуатын авариялық ажыратуы мен қысқы және жазғы айларда ауа-райы жағдайының күрт нашарлауы (сирек болатын аяз, жар жау, боран, сондай-ақ көктемгі су тасқыны) да бастапқы бекітілген жоспардан қалып қоюға әсер етті.

2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ұңғымаларды пайдалану қоры 5 981 өндіруші және 1 670 тоғытпалы ұңғымаларды қамтиды. Оның ішінде, ЭМГ-де – 3 698 өндіруші және 1 212 тоғытпалы ұңғыма, ЕМГ-де – 2 283 өндіруші және 458 тоғытпалы ұңғыма бар. Компания кен орындарының негізгі бөлігі жоғары сулылығымен және мұнай өндіру деңгейінің жаппай төмендеуімен сипатталатын игерудің түбегейлі сатысында тұр. Мұнай өндіру бойынша белгіленген жоспарларға қол жеткізу үшін Компания ұңғымаларды пайдаланулық бұрғылау, күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар мен мұнай өндіруді қарқындату жөніндегі іс-шараларды жүргізді.

2012 жылы ЭМГ 181 ұңғыма (104 мұнайлық, 77 тоғытпалы) бұрғылаудан пайдалануға енгізілді, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 9 ұңғымаға артық. Жаңа ұңғымаларды іске қосудан мұнай өндіру 2011 жылғы 186 мың тоннамен салыстырғанда 151 мың тоннаны құрады. 2012 жылы 248 мың тонна қосымша өндіруді қамтамасыз еткен 675 ұңғыманы күрделі жөндеу жүзеге асырылды. 2012 жылы ЭМГ бойынша қабаттарды сумен сөгу жөнінде 2011 жылмен салыстырғанда 39 ұңғыма-операцияға кем 111 ұңғыма-операция жүргізілді. Қабаттарды сумен сөгу бойынша ұңғыма-операция жүргізуден мұнай өндіру 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 103 мың тоннаға кем 120 мың тонна мұнайды қосымша өндіруді қамтамасыз етті.

2012 жылы ЕМГ-де 2011 жылғы көрсеткіштің деңгейіндегі 65 ұңғыма (59 мұнайлық, 6 тоғытпалы) бұрғылаудан пайдалануға енгізілді. Бұл ретте, жаңа ұңғымаларды іске қосудан мұнай өндіру 2011 жылғы 71 мың тоннамен салыстырғанда 86 мың тоннаны құрады. 2012 жылы 90 мың тонна қосымша өндіруді қамтамасыз еткен 282 ұңғыманы күрделі жөндеу жүзеге асырылды. 2012 жылы ЕМГ бойынша 2011 жылғы көрсеткіштің деңгейіндегідей қабаттарды сумен сөгу бойынша 10 ұңғыма-операция жүргізілді. Қабаттарды сумен сөгу бойынша ұңғыма-операциялар жүргізуден мұнай өндіру 2012 жылы 2011 жылғыдан 9 мың тоннаға артық 25 мың тонна мұнайды қосымша өндіруді қамтамасыз етті.

2013 жылы негізгі активтер бойынша мұнай өндіру 8.1 млн. тонна, оның ішінде ЭМГ-де 5.3 млн. тонна, ЕМГ-де 2.8 млн. тонна деңгейінде жоспарланып отыр. Өндірудің бұл көлемін қамтамасыз ету үшін 2013 жылы 182 өндіруші, 98 тоғытпалы ұңғымаларды бұрғылау жоспарлануда. Оның ішінде, ЭМГ-де 115 өндіруші, 93 тоғытпалы ұңғыма, ЕМГ-де 67 өндіруші, 5 тоғытпалы ұңғыма. Сонымен қатар, бар ұңғымаларда іс-шаралар, оның ішінде қабаттарды сумен сөгу, ұңғымаларды күрделі жөндеу, забой маңы аймағына әсер ету және өндіруші ұңғымаларды әрекетсіздіктен шығару жөніндегі операцияларды орындау да жоспарланып отыр.

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

2012 жылы Компания Лиман, Тайсойған, Қаратон-Сарқамыс, Өзен-Қарамандыбас, Шығыс Жарқамыс-1, Темір, Федоровский, Карповский Северный және Уайт Беар барлау блоктарында геологиялық барлау жұмыстарын, сондай-ақ С. Нұржанов, Батыс Прорва, Шығыс Мақат және Батыс Новобогат кен орындарында түбегейлі барлауды жалғастырды.

### БАРЛАУ

Лиман блогы бойынша 2012 жылы Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнында орта триастың өнімді карнизастылық шөгінділеріне Г-2 және Г-5 ұңғымаларын бұрғылау аяқталды. Бұрғыланған ұңғымалар забойы тиісінше 1200 м мен 1328 м құрады. Г-2 ұңғымасында шапышты атқылау насосының көмегімен 2,5 м<sup>3</sup>/тәулік дебитімен азынаулақ жылға алынды, ұңғыма консервацияға кен орнын байқап көрулік пайдалануға қосқан сәтке дейін жіберілді. Г-5 ұңғымасы екшеліп алынған өнімді объектілерді сынауда тұр. Оның үстіне, Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнында жобалық тереңдігі 2500 м пермотриастың болашағы бар карнизастылық шөгінділеріне П-1 ұңғымасын бұрғылау жүргізілуде, 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұңғыма забойы 1912 м құрады.

2013 жылы Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнын (карнизастылық) байқап көрулік пайдалануға қосу жоспарлануда. Аталған жобаның шеңберінде өнімді объектілердің геологиялық құрылымын нақтылау және өндірулік мүмкіндіктерін анықтау мақсатында барлау ұңғымаларын консервациялаудан шығару мен іске қосу және тағы да 2 ұңғыма бұрғылау: жобалық тереңдігі 1500 метрден Г-6 (шапшаңдатылған-өндіруші) және Г-7 (барлау) жоспарланды. Оңтүстік Шығыс Новобогат учаскесі (карнизастылық) бойынша сынақтардың нәтижелері бойынша екінші барлау ұңғымасы ПР-2-ні сіңіру туралы шешім қабылданатын ПР-1 барлау ұңғымасының құрылысы аяқталатын болады.

Тайсойған блогы бойынша Уаз алаңында орташа триас жобалық деңгейжиегінде У-1 ұңғымасы бұрғыланды. Ұңғыманың тереңдігі 1366 м. құрады. 3-ші объектіні сынау кезінде аздаған мұнай ағысы (1 м<sup>3</sup>/тәулік) алынды. Бажир құрылымындағы түзүсті кешенінің геологиялық құрылымын зерттеу және нақтылау мақсатында 86 шаршы км. көлемінде 3D – МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді.

2013 жылы аталған блокта Уаз және Бажир (шығыс жақ қанаты) алаңдарында жобалық тереңдігі тиісінше 1250 м (юра шөгінділері) және 1400 м (орташа триас) болатын 2 ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, геологиялық құрылымын нақтылау және жаңа объектілерді анықтау мақсатында Уаз-Қондыбай құрылымында 170 шаршы км. ауқымында 3D-МОГТ сейсмикалық барлау бойынша жұмыстар жоспарланды.

Қаратон-Сарқамыс блогында Солтүстік, Бұлатай және С. Нұржанов (солтүстік қанаты) құрылымдарындағы түзүсті кешенінің геологиялық құрылымын зерттеу және нақтылау мақсатындағы ауқымы 160 шаршы км. 3D-МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Кенарал және Досмұхамбетов алаңдарында 1360 шаршы км алаңында 3D сейсмикалық деректерін магниттеллурикалық бағдарлау жөніндегі жұмыстар аяқталды.

2013 жылы аталған блокта олардың нәтижелері бойынша одан арғы геологиялық барлау жұмыстарын (ГБЖ) айқындау мақсатында Кенарал және Досмұхамбетов алаңдарында тереңдігі тиісінше 3000 және 3350 м болатын 2 барлау ұңғымасын бұрғылау көзделіп отырған геологиялық-геофизикалық деректерге талдау жүргізу жоспарланып отыр.

Өзен-Қарамандыбас блогы бойынша (Өзен мен Қарамандыбас кен орындарына жалғас жатқан аумақтар) бұрын орындалған геологиялық барлау жұмыстарының алдын ала жүргізілген талдауы үлкен геологиялық тәуекелдерге ие келешегі айтарлықтай емес мұнай құрылымдарын анықтады. Аталған аумақтағы геологиялық барлау жұмыстарының одан арғы бағыттарын айқындау мақсатында геологиялық-геофизикалық деректерді тадау жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Шығыс Жарқамыс-1 блогында тұзасты шөгінділерінің мұнайгаздылығы келешегін бағалау мақсатында Тұсқұм құрылымында ПА-2-Т іздестіру-барлау ұңғымасын барлау аяқталды, іс жүзіндегі забой 4502 метрді құрады. ҰГЗ деректерін зерделенудің нәтижелері бойынша төменгі карбонның визейлік қабатындағы шөгінділерде екі келешекті объект сынауға енгізілді. Сынауы бастау 2013 жылдың екінші тоқсанына жоспарланып отыр.

2013 жылы Тұсқұм құрылымында ПА-2-Т ұңғымасын сынаудың нәтижелері бойынша жобалық тереңдігі 4500 м ПА-3-Т іздестіру-барлау ұңғымасын барлау жоспарланды.

Темір блогы бойынша 2012 жылы 3500 шаршы км көлемінде гравиметрикалық зерттеу жүргізілді.

2013 жылы коллекторлардың мүмкін болатын таратылуына талдау жүргізілгеннен кейін объектіні іздестіру-барлаулық бұрғылауға дайындау мақсатында ауқымы 200 шаршы км 3D-МОГТ сейсмикалық-барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы шешім қабылданатын болады.

Карповский Северный блогында Меловая алаңында карбон мен девонның мұнайға, газ бен конденсатқа келешектілігін айқындау үшін жобалық тереңдігі 5600 м болатын СК-1 ұңғымасын бұрғылау жалғастырылуда. 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұңғыманың забойы 3727 метрді құрады.

2013 жылы Меловая құрылымында СК-1 ұңғымасының құрылысы мен оны сынау аяқталды, сонымен қатар Орлов алаңында жобалық тереңдігі 5250 м болатын СК-2 барлау ұңғымасын бұрғылау да жоспарланып отыр. Одан басқа, аталған блокта тұзасты шөгінділеріндегі бұрын анықталған объектілердің геологиялық құрылымын нақтылау мақсатында ауқымы 460 шаршы км. болатын 3D-МОГТ сейсмикалық барлау жөніндегі жұмыстар жоспарланды.

Есепті кезеңде Федоровский блогында Рожковская кен орнында У-23 ұңғымасында төменгі карбонның турней қабатындағы шөгіндіден 3-ші объектіні сілтілік өңдеуден кейін сынау кезінде 11 мм. штуцер жағдайында тиісінше 120 мың м<sup>3</sup>/тәулік және 300 м<sup>3</sup>/тәулік дебиттермен газ бен конденсаттың бұрқақтық ағысы алынды. Осы кен орнында жобалық тереңдігі 5200 метр У-26 ұңғыманы бұрғылау жүргізілуде. 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұңғыманың забойы

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

3674 метрді құрады. Сонымен қатар, Рожковская, Рубежинская, Жайық және Шынар алаңдары бойынша 952 шаршы км көлеміндегі 3D-МОГТ сейсмикалық деректерін қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

2013 жылы Рожковская кен орнында U-26 ұңғымасын бұрғылау және сынау аяқталады. Қайта өңделген сейсмикалық деректерді қайта пайымдау жүргізіледі және әр қайсысының жобалық тереңдігі 4500 метрлік 2 ұңғыма U-11 және U-24-ті бұрғылау жоспарланды.

White Bear (Ақ Аю) блогында Солтүстік теңізде нақты тереңдігі 5937 м № 22/04b-6 барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды. Қазіргі уақытта ГБЖ-ның одан арғы келешектілігін анықтау үшін бұрғылаудың нәтижелері мен алынған геологиялық-геофизикалық материалдарды талдау жүргізілуде.

## ТҮБЕГЕЙЛІ БАРЛАУ

Есепті кезеңде С. Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва, Оңтүстік Шығыс Новобогат және Кенбай кен орындарының 3D деректерін, синхронды инверсияларын және моделдерінің лито-флюидтік жіктелуін өңдеу және пайымдау жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

С. Нұржанов кен орнында төменгі бордың валанжин қабатына жалғасқан өнімді деңгейжиекке № 701 барлау ұңғымасы бұрғыланды. Забой іс жүзінде 2000 метрді құрады. Түбегейлі каротаждың нәтижелері бойынша 3 объект бөлініп алды, оларды сынау басталды.

2013 жылы сол өнімді деңгейжиекке әр қайсысының жобалық тереңдігі 2000 м №№ 703 және 705 тағы 2 ұңғыма бұрғылау жоспарланып отыр.

Батыс Прорва кен орнында № 401-Р ұңғымасын бұрғылау аяқталды, нақты забой 3473 метрді құрады. ҰГЗ нәтижелері бойынша пермотриастың өнімді шөгінділерінде 4 объект бөлініп алынды. 1-ші объектіні сынау кезінде мұнай кілегейлі және күкіртсутегінің жоғары құрамы бар газ араласқан су ағыны алынды. Қазіргі сәтте 2-ші объектіні сынау жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

2013 жылы жобалық тереңдігі 3500 м № 403-Р ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр.

Шығыс Мақат кен орнында № 104 барлау ұңғымасы бұрғыланды, нақты забой 1425 метрді құрады. ҰГЗ нәтижелері бойынша пермотриастың өнімді шөгінділерінде 3 объект бөлініп алынды. 1-ші объектіні сынау кезінде газ ағыны алынды, 2-ші объектіні сынау кезінде 9 мм штуцерде дебиті 14,3 м<sup>3</sup>/тәулік бұрқақты мұнай ағыны алынды, 3-ші объектіні сынау кезінде 9 мм штуцерде дебиті 25,7 м<sup>3</sup>/тәулік бұрқақты мұнай ағыны алынды, қабаттық флюидтің тереңдіктік және беткейлік пробалары іріктеп алынды.

2013 жылы Шығыс Мақат кен орнында жобалық тереңдігі 1500 м. № 106 ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда.

Батыс Новобогат кен орнында карнизастылық пермотриастың мұнайлылығын анықтауға арналған нақты забойы 2590 м № 20, барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды. ҰГЗ-ның нәтижелері бойынша мұнайға келешегі бар деңгейжиектер аңғарылмады, ұңғымаларды пайдалану колонналарын түсірместен геологиялық себептер бойынша жою туралы шешім қабылданды.

2013 жылы Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында геологиялық құрылымын нақтылау және борлық және юралық шөгінділердің С2 санатты қорларының таралуы аумағына бөлінген қабаттарды-коллекторларды растау мақсатында жобалық тереңдігі 1300 м барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарлануда.

С.Балғымбаев кен орнында 2013 жылға арналған ГБЖ жоспарымен бор мен юраның мақсатты деңгейжиектеріне жобалық тереңдігі 1500 м Р-1 барлау ұңғымасын бұрғылау көзделуде.

Жаңаталап кен орнында 2013 жылы С2 санатты қорлардың шегінде В және С1 санатты мұнайдың өнеркәсіптік қорларын растау мақсатында бор және юра мақсатты деңгейжиектерге әр қайсысының жобалық тереңдігі 730 м 2 барлау ұңғымасы бұрғыланбақ.

Аққұдық және Б.Жоламанов кен орындарындағы геологиялық құрылымды нақтылау және егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында 2013 жылы тиісінше 40 шаршы км және 70 шаршы км аумақта 3D-МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Компания қаржылық есептілікті Теңгемен дайындайды, АҚШ долларындағы сомалар ақпараттарды пайдаланушыларға қолайлы болу үшін ғана беріліп отыр және жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп пен ақша қаражатының қозғалысы

туралы топтастырылған есеп үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша және қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп үшін кезеңнің аяғындағы бағам бойынша беріліп отыр. «Бизнесі жүргізу жағдайы мен болжамды» қараңыз.

#### НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАҢА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТИЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)							
192 528	206 099	175 448	10%	КІРІСТЕР	797 170	721 194	11%
36 542	33 087	29 619	23%	ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР	140 362	117 465	19%
18 433	29 708	23 559	-22 %	САТУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР	93 088	98 520	-6 %
55 329	74 570	66 029	-16 %	ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР	274 171	284 028	-3 %
1 047	731	3 356	-69 %	БАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР	6 104	5 985	2 %
13 977	14 178	12 602	11 %	ЕСКІРУ, ТОЗУ ЖӘНЕ АМОРТИЗАЦИЯ	53 747	45 494	18 %
77 012	(24)	186	41 304 %	НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ	77 012	1 653	4 559 %
1 381	1 408	646	114 %	НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛУЫНАН ШЫҒЫНДАР	3 189	4 044	-21 %
(11 193)	52 441	39 451	-128 %	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА	149 497	164 004	-9 %
(12 013)	51 371	44,282	-127 %	КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ПАЙДА	160 823	208 931	-23 %
2 519	2 302	2 004	26 %	ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР (БАРРЕЛЬ ҮШІН ТЕҢГЕМЕН) <sup>13</sup>	2 456	2 020	22 %
16,74	15,38	13,55	24 %	ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР (БАРРЕЛЬ ҮШІН АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН) <sup>13</sup>	16,47	13,78	20 %
31 803	30 329	37 506	-15 %	КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР <sup>14</sup>	108 114	104 977	3 %

<sup>13</sup> Мұнайдың бір тоннасы үшін 7,36 баррелден аударылды.

<sup>14</sup> 2012 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған кезеңге арналған топтастырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу (Компанияның вебсайтын қараңыз)

#### ТАСЫМАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Компания өндірілетін мұнайды үш негізгі бағыттар бойынша: экспортқа «ҚазТрансОйл» АҚ-ға (Қазақстан Республикасындағы) тиесілі Каспий Құбыр желісі Консорциумының (бұдан әрі – КҚК), Өзен–Атырау–Самара (бұдан әрі – ӨАС) құбыр желілері арқылы және төменде кестеде көрсетілгендей ішкі рынокқа береді:

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ		2012	2011
<b>ӨАС АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТ</b>					
0,90	1,04	0,86	МҰНАЙДЫҢ КӨЛЕМІ (МИЛЛИОН ТОННАДА)	3,56	3,52
48 %	56 %	46 %	МҰНАЙ САТУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНЕН %	46 %	46 %
56 %	61 %	57 %	МҰНАЙ САТУДАН ЖАЛПЫ ТҮСІМНЕН %	53 %	56 %
<b>КҚК АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТ</b>					
0,56	0,57	0,53	МҰНАЙДЫҢ КӨЛЕМІ (МИЛЛИОН ТОННАДА)	2,52	2,24
30 %	31 %	28 %	МҰНАЙ САТУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНЕН %	33 %	29 %
35 %	34 %	35 %	МҰНАЙ САТУДАН ЖАЛПЫ ТҮСІМНЕН %	39 %	37 %
<b>ІШКІ НАРЫҚ</b>					
0,40	0,28	0,49	МҰНАЙДЫҢ КӨЛЕМІ (МИЛЛИОН ТОННАДА)	1,64	1,90
22 %	15 %	26 %	МҰНАЙ САТУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНЕН %	21 %	25 %
9 %	5 %	8 %	МҰНАЙ САТУДАН ЖАЛПЫ ТҮСІМНЕН %	8 %	7 %

Жоғарыда көрсетілген экспорттық бағыттардың салыстырмалы түрдегі кірістілігі құбыр желілеріндегі мұнайдың сапасына, халықаралық рыноктағы басымдықты бағаларға және қолданылатын құбыр желісі тарифтеріне байланысты.

Атап айтқанда, КҚК сапа банкі бойынша шығыстарға қарамастан, мұнайға арналған неғұрлым жоғары баға жағдайында бұл құбыр желісіндегі мұнайдың неғұрлым жоғары сапасы есебінен тасымалдау үшін неғұрлым тиімді бағыт болып есептеледі. Құбыр желілері бойынша мұнай беру ауқымы Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігімен келісілетіндігін, сондықтан да, Компанияның мұнайын сол немесе өзге құбыр желілерімен беру мүмкіндігі шектелуі мүмкін екендігін атап өткен жөн.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

## КІРІСТЕР

Келесі кестеде мұнай сатудың сату ауқымдары мен бағалары туралы деректер келтіріліп отыр.

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)					(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)		
<b>МҰНАЙДЫ ЭКСПОРТҚА САТУ</b>							
				ӨАС ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ			
105 461	123 431	97 677	8%	САТУ	417 831	395 583	6%
899	1 042	863	4%	КӨЛЕМІ (МЫҢ ТОННАДА)	3 555	3 521	1%
117 369	118 415	113 216	4%	ОРТАША БАҒА (ТОННА ҮШІН ТЕҢГЕМЕН)	117 517	112 344	5%
107,91	109,43	105,87	2%	ОРТАША БАҒА (БАРРЕЛЬ ҮШІН ДОЛЛАРМЕН) <sup>15</sup>	109,01	105,98	3%
				КҚК ҚҰБЫР ЖЕЛІС			
66 850	68 368	60 743	10%	САТУ	302 431	260 012	16%
556	571	530	5%	КӨЛЕМІ (МЫҢ ТОННАДА)	2 523	2 237	13%
120 309	119 783	114 590	5%	ОРТАША БАҒА (ТОННА ҮШІН ТЕҢГЕМЕН)	119 889	116 239	3%
110,61	110,69	107,15	3%	ОРТАША БАҒА (БАРРЕЛЬ ҮШІН ДОЛЛАРМЕН) <sup>15</sup>	111,21	109,65	1%
172 311	191 799	158 420	9%	БАРЛЫҒЫ МҰНАЙ ЭКСПОРТЫ	720 262	655 595	10%
<b>МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ІШКІ НАРЫҚҚА САТУ</b>							
16 077	10 839	13 707	17%	МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУ	62 668	52 882	19%
401	279	489	-18%	КӨЛЕМІ (МЫҢ ТОННАДА)	1 637	1 898	-14%
40 111	38 874	28 013	43%	ОРТАША БАҒА (ТОННА ҮШІН ТЕҢГЕМЕН)	38 27838 278	27 858	37%
36,87	35,93	26,44	39%	ОРТАША БАҒА (БАРРЕЛЬ ҮШІН ДОЛЛАРМЕН) <sup>15</sup>	35,51	26,28	35%
<b>САТУЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ</b>							
188 388	202 638	172 127	9%	МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУ	782 930	708 477	11%
1 855	1 892	1 882	-1%	КӨЛЕМІ (МЫҢ ТОННАДА)	7 715	7 656	1%
101 556	107 107	91 452	11%	ОРТАША БАҒА (ТОННА ҮШІН ТЕҢГЕМЕН)	101 480	92 535	10%
93,37	98,98	86,31	8%	ОРТАША БАҒА (БАРРЕЛЬ ҮШІН ДОЛЛАРМЕН) <sup>15</sup>	94,13	87,29	8%
4 140	3 462	3 320	25%	БАСҚА ДА САТУЛАР	14 240	12 717	12%
<b>192 528</b>	<b>206 099</b>	<b>175 448</b>	<b>10%</b>	<b>БАРЛЫҒЫ КІРІС</b>	<b>797 170</b>	<b>721 194</b>	<b>11%</b>

<sup>15</sup> 7,23 баррелді мұнайдың тоннасына қайта есептегенде.

### ЭКСПОРТ – ӨАС ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ

ӨАС құбыр желісі бойынша мұнай сатудан түскен түсім 2012 жылы 6%-ға өсті және 418 млрд. теңгені құрады. Түсімнің артуы сатудың орташа бағасының тонна үшін 117 517 теңгеге дейін 5%-ға және сату ауқымының 1%-ға артуымен байланысты.

### ЭКСПОРТ – КҚК ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ

КҚК құбыр желісі бойынша мұнай сатудан түскен түсім 2012 жылы 2011 жылға қарағанда 302 млрд. теңгеге дейін 16%-ға артты. Түсімнің артуы тонна үшін сатудың орташа бағасының 119 889 теңгеге дейін 3%-ға өсуімен және КҚК арқылы экспорт ауқымының 13%-ға артуымен байланысты. Бұл бағыт бойынша мұнайды сату ауқымының өсуі ауқымдарды ішкі рыноктан экспортқа қайта бөлумен байланысты. Оның үстіне, 2012 жылдың қаңтарында 2011 жылдың желтоқсанында тиелуге тиіс болған, бірақ қолайсыз ауа-райы жағдайынан тиелмеген 127 мың тонна ауқымындағы мұнай 2 танкерден сатылды.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ НАРЫҒЫНДАҒЫ САТУ

Мұнайды ішкі рынокта сатудан түскен түсім 2012 жылы 2011 жылға қарағанда 19%-ға артық 63 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты. Бұл арту ішінара сату ауқымының 14%-ға немесе 261 мың тоннаға азаюы себепті сатудың орташа бағасының 37%-ға өсуімен байланысты болды.

2012 жылдың ақпанында Компания 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап тонна үшін 43 500 теңгеге дейін арттыруды көздейтін ішкі рынокқа сату бағасының қайта қаралған кестесін бекітті. Кейін бұл баға төмендетілді және ҚМГ БӨ мұнайды 20 шілдеден 30 қыркүйекке дейін ішкі рынокқа тонна үшін 38 000 теңге бойынша, ал 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін тонна үшін 40 000 теңгеден сатты. 2012 жылы бағаның былайша төмендеуі оны жүргізуде Компанияның Жарғысымен көзделгендей мүдделілік бар мәміле ретінде ҚМГ БӨ-нің тәуелсіз директорлары тарапынан мақұлданбады.

Төмендегі кестеде мұнай сатудың таза бағасына талдау келтірілген (нәтбек):

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН		2012	2011 <sup>16</sup>	ӨЗГЕРІСТЕР %
(АҚШ ДОЛЛ./БАРРЕЛЬ)					(АҚШ ДОЛЛ./БАРРЕЛЬ)		
							<b>ӨАС</b>
110,10	109,50	109,36	1 %	ЖАРИЯЛАНАТЫН НАРЫҚТЫҚ БАҒАСЫ <sup>16</sup>	111,70	111,26	0.4 %
107,92	109,40	105,83	2 %	САТУ БАҒАСЫ	108,80	106,06	3 %
0,10	0,02	0,04	130 %	БАРРЕЛИЗАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ	0,14	-0,08	-279 %
<b>108,02</b>	<b>109,42</b>	<b>105,87</b>	<b>2 %</b>	<b>САТЫЛҒАН БАҒА</b>	<b>108,94</b>	<b>105,98</b>	<b>3 %</b>
(23,99)	(22,69)	(22,86)	5 %	РЕНТАЛЫҚ САЛЫҚ	(23,79)	(23,73)	0.3 %
(6,12)	(5,35)	(5,73)	7 %	ЭКСПОРТТЫҚ КЕДЕН БАЖЫ	(5,62)	(4,98)	13 %
(8,94)	(7,31)	(7,91)	13 %	КӨЛІКТІК ШЫҒЫСТАР	(7,91)	(7,76)	2 %
-	-	(0,07)	-100 %	САТУ БОЙЫНША КОМИССИЯ	(0,02)	(0,07)	-69 %
<b>68,97</b>	<b>74,06</b>	<b>69,30</b>	<b>-0.5 %</b>	<b>НЭТБЕК</b>	<b>71,60</b>	<b>69,44</b>	<b>3 %</b>
							<b>КҚК</b>
110,10	109,50	109,36	1 %	ЖАРИЯЛАНАТЫН НАРЫҚТЫҚ БАҒАСЫ <sup>17</sup>	111,70	111,26	0.4 %
109,44	108,68	108,70	1 %	САТУ БАҒАСЫ	109,83	109,98	-0.1 %
(7,73)	(6,67)	(10,83)	-29 %	САПА БАНКІСІ	(7,41)	(8,88)	-17 %
8,55	8,65	9,28	-8 %	БАРРЕЛИЗАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ	8,76	9,32	-6 %
110,26	110,66	107,15	3 %	САТЫЛҒАН БАҒА	111,18	110,42	1 %
(20,39)	(23,08)	(23,13)	-12 %	РЕНТАЛЫҚ САЛЫҚ	(23,23)	(24,07)	-3 %
(4,66)	(4,72)	(4,80)	-3 %	ЭКСПОРТТЫҚ КЕДЕН БАЖЫ	(4,91)	(5,13)	-4 %
(6,36)	(7,54)	(7,00)	-9 %	КӨЛІКТІК ШЫҒЫСТАР	(6,96)	(6,97)	-0.2 %
-	-	(0,07)	-100 %	САТУ БОЙЫНША КОМИССИЯ	(0,02)	(0,07)	-69 %
<b>78,85</b>	<b>75,31</b>	<b>72,15</b>	<b>9 %</b>	<b>НЭТБЕК</b>	<b>76,06</b>	<b>74,18</b>	<b>3 %</b>
							<b>ІШКІ РЫНОК</b>
36,87	35,89	26,19	41 %	САТУ БАҒАСЫ	35,51	26,28	35 %
(0,87)	(0,83)	(1,45)	-40 %	КӨЛІКТІК ШЫҒЫСТАР	(1,03)	(1,38)	-25 %
36,00	35,05	24,74	46 %	НЭТБЕК	34,47	24,90	38 %
<b>64,80</b>	<b>68,86</b>	<b>58,52</b>	<b>11 %</b>	<b>НЭТБЕК ОРТАША</b>	<b>65,18</b>	<b>59,78</b>	<b>9 %</b>

<sup>16</sup> 2011 жылғы ақпарат 2012 жылы есептеу принципінің өзгеруіне сәйкес тиісінше түзетілді

<sup>17</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) сортты мұнай пайдаланылды.

Жарияланған нарықтық баға мен сату бағасының арасындағы айырмашылық, негізінен алғанда, фрахтқа арналған шығындар мен орташаландыру әсерлерінен тұрады. Көбінекей, орташаландыру әсері іс жүзінде сату датасына кесілген бағалардың орташа тұрғысының есептегі кезең ішіндегі орташа жарияланған бағадан айырмашылығының есебінен туындайды, бұл ретте мұнайға арналған дүниежүзілік бағаның жоғары құбылмалылығына орай айтарлықтай болуы мүмкін.

## ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

Төмендегі кестеде Компанияның өндірістік шығыстарын құраушылар беріліп отыр (млн. теңге):

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
22 687	20 517	16 515	37 %	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР	82 959	65 323	27 %
4 102	3 097	6 099	-33 %	МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚОРЛАР	14 176	14 691	-4 %
3 589	3 314	2 932	22 %	ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ	12 884	10 564	22 %
7 361	5 251	5 173	42 %	ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР	18 162	20 087	-10 %
1 581	1 514	1 133	39 %	КӨЛІКТІК ШЫҒЫСТАР	5 758	4 519	27 %

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

143	-	257	-44 %	ӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР	393	1 041	-62 %
(4 738)	(2 178)	(3 831)	24 %	МҰНАЙ БАЛАНСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ	(984)	(3 919)	-75 %
1 817	1 572	1 341	35 %	БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР	7 014	5 159	36 %
36 542	33 087	29,619	23 %		140 362	117 466	19 %

Өндірістік шығыстар 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 22,9 млрд. теңгеге немесе 19%-ға артты. Өзгерудің негізгі себептері жөндеу мен қызмет көрсету шығыстары мен қайта өңдеуге арналған шығыстардың бір мезгілде төмендеуі жағдайында қызметкерлерге сыйақы төлеу, электр энергиясына арналған шығындар мен көліктік шығындар бойынша шығыстардың артуы болып табылады.

Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша шығыстар 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 27%-ға өсті. Өсу, негізінен алғанда, өндірістік қызметкерлердің жалақысын 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес 9%-ға индекстеудің нәтижесінде, сондай-ақ 2012 жылдың басында 2 сервистік кәсіпорын («БЖБ» мен «ТКжәнеҰҚБ» ЖШС ӨҚБ) құрылуының нәтижесінде болды.

Электр энергиясына арналған шығыстар, негізінен алғанда, электр энергиясына арналған тарифтардың өсуі есебінен 22%-артты.

Көліктік шығыстар негізінен алғанда, жұмыс ауқымы (мото-сағаттар) мен еншілес ұйымдардағы тасымалдау тарифтарының өсуінің есебінен 27%-ға артты.

Қайта өңдеуге арналған шығыстар «Өндіріс пен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері айналысын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы заңының қабылдануымен байланысты зауыттың үлгері алмауы себепті Атырау мұнай өңдеу зауытына беру ауқымының азаюымен байланысты 62%-ға азайды.

Жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер, негізінен алғанда, өндірістік бағдарламаға сәйкес сыртқары ұйымдар орындаған ұңғымаларды жөндеу жөніндегі операциялар санының 1066-дан 957 ұңғыма/операцияға дейін және ҰСС-ның 160-тан 121 ұңғыма/операцияға дейін азаюы себепті, сондай-ақ жылдың басындағы қолайсыз ауа-райы жағдайын байланысты 10%-ға азайды.

## САТУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР МЕН ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Төменде Компанияның сату бойынша шығыстары мен әкімшілік шығыстарын құраушылар көрсетілген (млн. теңге):

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАҢА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗ- ГЕРІСТЕР %
13 443	13 838	12 370	9 %	КӨЛІКТІК ШЫҒЫСТАР	53 122	49 578	7 %
1 481	4 469	3 922	-62 %	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР	13 936	13 768	1 %
(236)	6 751	1 007	-123 %	ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР	6 778	4 970	36 %
93	2 565	427	-78 %	АЙЫППҰЛДАР МЕН ӨСІМАҚЫЛАР	8 302	12 738	-35 %
713	263	756	-6 %	КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АУДИ- ТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР	1 382	1 669	-17 %
1 004	486	2 184	-54 %	БАСҚАРУЛЫҚ ГОНОРАР ЖӘНЕ САТУ БОЙЫНША КОМИССИЯЛАР	4 169	8 752	-52 %
585	303	327	79 %	ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР	1 339	840	59 %
1 350	1 033	2 566	-47 %	БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР	4 060	6 205	-35 %
18 433	29 708	23 559	-22 %		93 088	98 520	-6 %

Сату бойынша шығыстар мен әкімшілік шығыстар 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 5,4 млрд. теңгеге немесе 6%-ға азайды. Бұлай өзгерудің негізгі себептері өсімақылар мен айыппұлдар, басқарулық гонорар бойынша шығыстардың азаюы болып табылады, бұл ретте, көліктік шығыстар мен әлеуметтік жобалар бойынша шығыстардың өсуі байқалады.

Есепті кезеңде айыппұлдар мен өсімақылар бойынша шығыстардың төмендеуі 2011 жылы 2012 жылы болмаған экспорттық кедендік баж бойынша 2,3 млрд. теңге өсімақы есептелуімен, сондай-ақ Прорва кен орындары тобындағазды жаққаны үшін 2,9 млрд. теңге мөлшеріндегі сомаға айыппұл есептелуімен байланысты. Бұл ретте, 2012 жылғы айыппұлдар мен өсімақылардың негізгі сомасы кешенді салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша жүргізілген есептеулермен байланысты.

Басқарулық гонорар мен сату бойынша комиссиялардан шығыстардың 2011 жылға қарағанда төмендеуі ҚМГ ҰК-ның басқарулық қызметтер үшін сыйақы есептеу тәртібінің өзгеруімен байланысты.

Көліктік шығыстардың өсуі ҚКЖ жүйесі бойынша экспортқа беру ауқымдарының 13%-ға артуымен байланысты. Бұл бағыт бойынша мұнай сату ауқымдарының артуы 2012 жылы сатудың жалпы көлеміндегі экспорт үлесінің артуымен (75%-дан 78%-ға дейін), сондай-ақ 2012 жылдың қаңтарында 2 танкерден 2011 жылдың желтоқсанында тиелуі тиіс болған 127 мың тонна мұнай сатылуына байланысты.

2012 жылы әлеуметтік жобалар бойынша шығыстардың артуы, негізінен алғанда, Атырау аймағындағы Байшонас және Ескене кенттерінің тұрғындарының қоныс аударуын қаржыландырумен байланысты. «Әлеуметтік жобалар» тарауында неғұрлым егжей-тегжейлі қарастырылған.

#### ТАБЫС САЛЫҒЫН ҚОСПАҒАНДА САЛЫҚТАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Төменде Компанияның табыс салығын қоспағанда салықтар бойынша шығыстарды құраушылар көрсетіліп отыр (млн. теңге):

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАН 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
36 733	41 091	35 331	4 %	РЕНТАЛЫҚ САЛЫҚ	159 822	149 771	7 %
7 240	22 928	20 450	-65 %	ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН САЛЫҚ	70 792	78 680	-10 %
9 382	9 208	8 240	14 %	ЭКСПОРТТЫҚ КЕДЕНДІК БАЖ	36 429	46 979	-22 %
1 210	1 073	939	29 %	МҮЛІККЕ АРНАЛҒАН САЛЫҚ	4 373	3 454	27 %
764	270	1 069	-29 %	БАСҚА ДА САЛЫҚТАР	2 755	5 143	-46 %
55 329	74 570	66 029	-16 %		274 171	284 028	-3 %

Табыс салығын есептемегенде салықтар бойынша бойынша шығыстар 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 9,9 млрд. теңгеге немесе 3%-ға азайды. Негізгі төмендеу пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық (ПҚӨС), экспорттық кедендік баж және басқа да салықтар бойынша болды, бұл ретте, ренталық салық бойынша өсу орын алды.

ПҚӨС бойынша шығыстардың 2011 жылмен салыстырғанда төмендеуі 2012 жыл ішінде ӨМГ мен ЕМГ-нің дербес акционерлік қоғам болып қайта құрылуының нәтижесінде ставкалардың төмендеуімен байланысты болды.

ПҚӨС ставкасы, тиісінше Өзен кен орны бойынша өндіру ауқымы бүкіл жылға көрсетілген, ПҚӨС ставкасы 13%-ға тең болған 2011 жыл үшін мұнай өндірудің жылдық ауқымына қатысты. 2012 жылы Өзен кен орны бойынша ПҚӨС бірінші және екінші жарты жылдық үшін жеке есептелді (бірінші жарты жылдықта салық төлеуші – ҚМГ БӨ, екінші жарты жылдықта – ӨМГ АҚ), тиісінше, өндіру көлемін 2 жарты жылдыққа бөлудің нәтижесінде ПҚӨС ставкасы 13%-дан 10%-ға дейін төмендеді.

Экспорттық кедендік салық бойынша шығыстардың төмендеуі 2011 жылы 2009 жылғы экспорттық салықтық баж сомасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының шешімі бойынша 15,2 млрд. теңге мөлшерінде танылуына байланысты болды.

Ренталық салық бойынша шығыстар 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда мұнайды экспортқа сату ауқымының өсуімен байланысты артты.

2012 жыл кезеңі үшін басқа да салықтар бойынша шығыстардың 2011 жылмен салыстырғанда азаюы аталған активтерді еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарна түрінде енгізу кезінде сатып алынған активтер бойынша бұрын есептелген ҚҚС-ты түзетумен байланысты болды. Жарғылық капиталға жарна салық салынатын айналым болып табылмайды және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес бұрын есепке алынған ҚҚС түзетілуге жатады. 2011 жылдың салықтық есебінде тиісті өзгерістер көрсетілді. 2012 жылы басқа да салықтар бойынша шығыстардың азаюы қоршаған ортаны ластау бойынша төлемдердің азаюымен де байланысты болды.

#### НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Компанияның басшылығы құнсыздану нышандарының болуына байланысты ӨМГ-нің өтелетін құнын бағалауды жүргізді. Бұл бағалаудың нәтижесінде ӨМГ активтерінің баланстық құны бағаланатын өтелетін соманы 75 млрд. теңгеге көтерді, осыған байланысты 2012 жылы құнсызданудан тиісті зиян келтірілді. ӨМГ-дегі бұл құнсыздану өндірістің күтілгенге қарағанда неғұрлым баяу қалыптастырылуына, сондай-ақ күрделі және операциялық шығыстардың, оның ішінде көліктік шығыстардың артуына байланысты туындады.

Компанияның басшылығы ӨМГ активтерінің құнсыздануы, егер өндірістің іс жүзіндегі деңгейі таяудағы жылдары құнсыздануды есептеу кезінде пайдаланылған болжамдардан асып түссе немесе мұнайдың нарықтық құнының тұрақты өсу нышаны байқалса, алдағы кезеңдерде тоқтауы мүмкін деп есептейді.

#### БІРЛЕСКЕН ЖӘНЕ АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚАТЫСУДАН КІРІС

	2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР	ӨЗГЕРІСТЕР %
(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ МЛН. ТЕҢГЕДЕ)				
«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.»-ҚА ҚАТЫСУДАН КІРІС	33 724	45 675	(11 951)	-26 %
«ҚАЗГЕРМУНАЙ» БК ЖШС-ҒА ҚАТЫСУДАН КІРІС	33 333	38 373	(5 040)	-13 %
UGL, ҚМГ-СЕРВИС, KS EP INVESTMENTS BV-ҒА ҚАТЫСУДАН КІРІС	385	228	157	69 %
БІРЛЕСКЕН ЖӘНЕ АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚАТЫСУДАН КІРІСТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	67 442	84 276	(16 834)	-20 %

Компанияның ассоциацияланған және бірлескен кәсіпорындарға қатысудан кірісі 2012 жылы 2011 жылғы 84,3 млрд. теңгемен салыстырғанда 67,4 млрд. теңгеге дейін азайды. Оның ішінде «ПетроҚазақстан Инк.»-ке үлестік қатысудан кіріс

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

33,7 млрд. теңгені, «Қазгермұнай» БК ЖШС-ға үлестік қатысудан кіріс 33,3 млрд. теңгені құрады. Жоғарыда көрсетілген кәсіпорындар бойынша 2011 жылмен салыстырғанда азаю, негізінен алғанда, Ресейден мұнай импортының төмендеуіне байланысты мұнайды сату көлемін экспорттан ішкі рынокқа қайта бөлумен байланысты болды.

Ассоциацияланған және бірлескен кәсіпорындардың нәтижелері «Ассоциацияланған компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың қаржылық және операциялық қызметіне шолу» тарауында егжей-тегжейлі қарастырылған.

## ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАҢА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)					(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)		
6,302	80,611	60,830	-90 %	САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ КІРІС	253 749	272 592	-7 %
1,890	58,486	46,318	-96 %	САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ КІРІС (БК МЕН АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ)	186 307	188 316	-1 %
18,315	29,241	16,548	11 %	ТАБЫС САЛЫҒЫ	92 926	63 661	46 %
<b>291 %</b>	<b>36 %</b>	<b>27 %</b>	<b>968 %</b>	<b>САЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ ТИІМДІ СТАВКА</b>	<b>37 %</b>	<b>23 %</b>	<b>57 %</b>
<b>969 %</b>	<b>50 %</b>	<b>36 %</b>	<b>2613 %</b>	<b>САЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ ТИІМДІ СТАВКА (БК МЕН АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ)</b>	<b>50 %</b>	<b>34 %</b>	<b>48 %</b>

Табыс салығының 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда артуының негізгі себебі жаңадан құрылған ӨМГ және ЕМГ акционерлік қоғамдарында сатылған активтер құнының артуынан болған салық салынатын кіріс, сондай-ақ мұнайды экспортқа сатудан болған кірістердің артуы болып табылады. ӨМГ мен ЕМГ-нің активтерін сатуға байланысты табыс салығының артуы 13,8 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, аталған активтер ӨМГ мен ЕМГ-де алдағы және келешектегі кезеңдерде амортизацияның арттырылған салықтық базасының есебінен корпоративтік табыс салығының төмендеуіне әсер ететін нарықтық бағасы бойынша салықтық мақсаттар үшін ескеріледі. Экспорттық сату ақымдарының өсуіне байланысты табыс салығының артуы 15 млрд. теңгені құрады.

Оның үстіне, табыс салығының тиімді ставкасы шығыстардың неғұрлым елеусіз өсуі жағдайында кірістердің айтарлықтай артуынан ӨМГ-нің келісімшарттары бойынша 7,3 млрд.теңге сомаға және ЕМГ келісімшарттары бойынша 7,9 млрд. теңге сомаға үстеме пайда салығына (бұдан әрі – ҮПС) байланысты артты.

2011 жылы Өзеннің келісімшарты деңгейінде ҮПС болған жоқ. 2012 жылы салық салынатын кірістер 20%-ға, ал есептен шығарылатын шығыстар 5%-ға өсті, бұл Өзеннің келісімшарты бойынша ҮПС бойынша міндеттеменің туындауына әкеп соқтырды.

Сонымен қатар, табыс салығының азаюына соның нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив 17,6 млрд. теңге сомаға артқан, ӨМГ активтерінің құнсыздануын жүргізу әсер етті.

## КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА

Жоғарыда қарастырылған факторлардың негізінде Компанияның 2012 жылғы таза пайдасы 2011 жылмен салыстырғанда 23%-ға төмендеді және 160,8 млрд. теңгені құрады.

## АССОЦИАЦИЯЛАНДЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП-БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

### «ПетроҚазақстан Инк.»

Төменде «ПетроҚазақстан Инк.»-тың негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері ұсынылып отыр:

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2011 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚ- САНҒА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
947 013	1 064 216	968 916	-2 %	КІРІСТЕР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	3 992 017	4 964 794	-20 %

(635 222)	(623 825)	(579 255)	10 %	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(2 309 104)	(3 076 029)	-25 %
(5 388)	(6 602)	(6 948)	-22 %	ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(24 587)	(17 934)	37 %
(265 326)	(129 984)	(194 284)	37 %	ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(766 836)	(686 394)	12 %
41 077	303 805	188 429	-78 %	КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ПАЙДА, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	891 490	1 184 437	-25 %
(50 610)	(114 206)	(153 629)	-67 %	КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(312 268)	(373 230)	-16 %
1 352	1 407	1 458	-7 %	МҰНАЙ ӨНДІРУ, МЫҢ ТОННА	5 589	5 912	-5 %
1 292	1 545	1 534	-16 %	МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУ, МЫҢ ТОННА	5 599	7 154	-22 %
466	524	300	55 %	ККТ (ПККР 100%) АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	1 663	2 325	-28 %
40	37	-	100 %	ККТ (КӨЛЖАН 100%) АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	141	-	100 %
340	274	211	61 %	АҚТАУ (ҚҚ50%) АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	1 012	1 008	0 %
58	113	89	-35 %	КҚК (ҚГМ 50%) АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	266	390	-32 %
45	49	44	4 %	ӨЗБЕКСТАНҒА (ТП 50%) ЭКСПОРТТАУ	182	226	-19 %
134	127	114	18 %	КҚК (ТП 50%) АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	502	633	-21 %
209	423	776	-73 %	ІШКІ РЫНОК	1 833	2 573	-29 %

2012 жылы «ПетроҚазақстан Инк.» компаниясының өндіру ауқымы 2011 жылғы деңгейден 5%-ға төмен 5 589 мың тоннаны құрады (Компания 33%-дық үлесі 1 844 мың тоннаны құрады). Өндірудің төмендеуі байырғы кен орындары бойынша табиғи құлдырауымен және қатты суланумен байланысты.

Кірістердің 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 20%-ға азаюы негізінен алғанда мұнай мен мұнай өнімдерін сату көлемдерінің төмендеуімен байланысты болды. Бұл ауытқу ішкі рынокқа берулер (орнын алмастыру шарты) бойынша міндеттемелерді орындау үшін сатып алынатын мұнай көлемдерінің 2011 жылғы 1 301 мың тоннадан 2012 жылы 211 мың тоннаға дейін төмендеуі себепті болды.

Операциялық шығыстардың 25%-ға төмендеуі негізінен алмастыру шарты бойынша Ресейден импортталатын мұнайды сатып алуға арналған шығыстардың азаюымен де байланысты.

2012 жылы «ПетроҚазақстан Инк.» компаниясында 2011 жылғыдан 16%-ға аз 46,6 млрд. теңге (312,3 млн. АҚШ доллары) сомасына күрделі салымдарды жүзеге асырды.

2012 жылдың ішінде Компания «ПетроҚазақстан Инк.»-тен 49,8 млрд. теңге (332 млн. АҚШ доллары) сомасында дивидендтер алды, 2011 жылы дивидендтердің сомасы 53,2 млрд. теңгені (361 млн. АҚШ долларын) құраған болатын.

2011 жылғыдан 12 млрд. теңгеге (80 млн. АҚШ долларына) аз 33,7 млрд. теңге (226 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кәсіпорынға қатысудан кіріс Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілді.

#### «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС

Төменде «Қазгермұнай» БК ЖШС-ның негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері ұсынылып отыр:

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2012 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
4 ТОҚСАНЫ	2012	561 863	14 %	КІРІСТЕР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	2 310 222	2 354 240	-2 %
3 ТОҚСАНЫ	2011	(313 820)	18 %	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(1 220 733)	(1 343 142)	-9 %
4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНҒА 4 ТОҚСАН	(3 175)	-102 %	ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(6 959)	(6 967)	0 %
(157 188)	(108 827)	(106 377)	48 %	ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫ- СТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(469 832)	(375 268)	25 %
113 669	173 050	138 491	-18 %	КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ПАЙДА, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	612 698	628 862	-3 %
(27 926)	(22 198)	(43,140)	-35 %	КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(61 769)	(73 723)	-16 %
820	748	783	5 %	МҰНАЙ ӨНДІРУ, МЫҢ ТОННА	3 124	3 000	4 %
796	838	802	-1 %	МҰНАЙ САТУ, МЫҢ ТОННА	3 075	3 017	2 %
116	226	179	-35 %	АҚТАУ АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	532	780	-32 %
681	547	422	61 %	КҚК АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	2 025	2 016	0 %
-	65	202	100 %	ІШКІ РЫНОК	518	222	133 %

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

2012 жылы «Қазгермұнай» БК ЖШС-ның өндіру көлемі 2011 жылғы деңгейден 4%-ға жоғары 3 124 мың тоннаны құрады (Компанияның 50%-дық үлесі 1 562 мың тоннаны құрады).

Күрделі шығындар қарастырылып отырған кезеңде 2011 жылғыдан 12%-ға аз 9,2 млрд. теңгені (61,8 млн. АҚШ долларын) құрады.

2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда мұнайды ішкі рынокқа сату көлемінің артуы ішкі рынокқа берулер бойынша (орын алмастыру шарты) міндеттемелерді алмастыруға арналған мұнай көлемінің төмендеуімен байланысты болды. Соның нәтижесінде, ішкі рынокқа берулер 2012 жылы, негізінен алғанда, Компанияның өз ресурстарынан жүзеге асырылды.

2012 жыл ішінде Компания «Қазгермұнай» БК» ЖШС-дан 67,2 млрд. теңге (450 млн. АҚШ доллары) сомасында дивидендтер алды, 2011 жылы дивидендтердің сомасы 36,6 млрд. теңгені (250 млн. АҚШ долларын) құраған болатын.

2011 жылғыдан 5 млрд. теңгеге (38,2 млн. АҚШ долларына) аз 33,3 млрд. теңге (223,5 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорынға қатысудан кіріс Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілді.

## «ССЕЛ»

Төменде ССЕЛ негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері ұсынылып отыр:

2012 4 ТОҚСАНЫ	2012 3 ТОҚСАНЫ	2012 4 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАҢА 4 ТОҚСАН		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
341 320	356 492	303 432	12 %	КІРІСТЕР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	1 466 282	1 367 173	7 %
(247 744)	(267 871)	(246 770)	0 %	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(1 104 090)	(1 025 163)	8 %
(4 580)	(4 957)	(2 986)	53 %	ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(19 396)	(6 698)	190 %
(18 070)	(22 454)	(48 811)	-63 %	ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(87 029)	(121 128)	-28 %
70 927	61 210	4 866	1358 %	КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ПАЙДА, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	255 767	214 184	19 %
(17 089)	(13 507)	(28 025)	-39 %	КҮРДЕЛІ ШЫҒЫСТАР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ	(56 670)	(102 464)	-45 %
511	522	510	0 %	МҰНАЙ ӨНДІРУ, МЫҢ ТОННА	2 037	1 981	3 %
480	507	446	8 %	МҰНАЙ САТУ, МЫҢ ТОННА	2 054	1 957	5 %
207	263	217	-5 %	НОВОРОССИЙСК АРҚЫЛЫ МҰНАЙДЫ ЭКСПОРТТАУ	1 168	1 195	-2 %
215	182	177	21 %	ПРИМОРСК АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТ	649	552	18 %
-	-	-	-	ГДАНСК АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТТАУ	-	24	-100 %
58	64	51	14 %	ІШКІ РЫНОК	237	187	27 %

2012 жылы ССЕЛ-дың өндіру көлемі 2011 жылғы деңгейден 3%-ға жоғары 2 037 мың тоннаны құрады (Компанияның 50%-дық үлесі 1018,5 мың тоннаны құрады).

2011 жылмен салыстырғанда операциялық шығыстардың 8%-ға артуы, негізінен алғанда, тарифтардың өсуінен электр энергиясына арналған шығыстардың өсуімен, 2012 жылы жалақыны 7%-ға индекстеудің нәтижесінде еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың артуымен, сондай-ақ ұңғымаларды жерасты жөндеулердің тарифтері мен ауқымдарының өсуімен байланысты болды.

2012 жылы қаржылық шығыстардың өсуі жойылатын ұңғымалар санының артуы мен жою құнының көтерілуінен, сондай-ақ Libor орташа ставкасының 0,4%-дан 0,7%-ға дейін өзгеруінің нәтижесінде сыйақылар бойынша шығыстардың өсуінен дисконтты амортизациялау жөніндегі шығыстардың өсуімен байланысты болды. Оның үстіне, 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 0,7 млрд. теңгеден (4,8 млн. АҚШ долларынан) 0,2 млрд. теңгеге (1,5 млн. АҚШ долларына) бағамдық айырмашылықтардан түсім төмендеді.

2012 жылы ССЕЛ 2011 жылғы деңгейден 45%-ға төмен 8,4 млрд. теңге (56,7 млн. АҚШ доллары) сомасына күрделі салямдарды жүзеге асырды.

Компания қаржылық жағдай туралы есепте 2020 жылға дейін жыл сайынғы негізде кепілдік берілген төмен мөлшерінде CCEL-ден дивидендтер алуға арналған құқықты плюс барынша кепілдік берілген соманы арттыруда кез келген дивидендтерді ұстап қалуға арналған құқықты ғана таниды.

2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания CITIC Group қытай компаниясымен бірлесіп бақыланатын CCEL-ден алынатын шот ретінде 18,2 млрд. теңгені (121 млн. АҚШ долларын) өзінің балансында көрсетті. 2012 жылы Компания 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL-ден жылдық кепілдік берілген төлемнің бір бөлігін білдіретін 2,73 млрд. теңге (18,3 млн. АҚШ долл. США) мөлшерде пайыздық кіріс есептеді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

	2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
<i>(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)</i>			
<b>ЕҢБЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b>			
<b>(БЖБ МЕН ТК ЖӘНЕ ҰҚБ-ҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР)</b>			
БЖБ	6 495	-	100 %
ТК ЖӘНЕ ҰҚБ	4 433	-	100 %
	10 928	-	100 %
<b>ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ</b>			
ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ	1 378	4 970	-72 %
БАЙШОНАС ЖӘНЕ ЕСКЕНЕ КЕНТТЕРІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫН КӨШІРУДІ ҚАРЖЫЛАҒЫЗУ	5 400	-	100 %
	6 778	4 970	36 %
<b>КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚОРЫ	1 162	1 389	-16 %
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАМАНДАРДЫ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	2 018	857	136 %
	3 180	2 246	42 %
<b>ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР</b>	<b>1 593</b>	<b>1 465</b>	<b>9 %</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>22 479</b>	<b>8 681</b>	<b>159 %</b>

Әлеуметтік жауаптылық ҚМГ БӨ-нің жұмысындағы басымдықтардың бірі болып табылады. Компания құрылған сәттен бастап, Атырау және Маңғыстау облыстарында спорт кешендерін, сауықтыру лагерлерін салуға, мектептер мен емханаларды қайта жаңартуға, жолдарды жөндеуге айтарлықтай қаражат бөлді.

2012 жылы 2000-ға жуық адамды еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау аймағында 2 сервистік кәсіпорын – ТК және ҰҚБ және БЖБ құрылды. 2012 жылы Компания ТК және ҰҚБ және БЖБ құруға және қаржыландыруға арналған 10,9 млрд. теңге мөлшерінде операциялық шығын шекті. Бұл шығыстар 9,5 млрд. теңге (БЖБ: 5,3 млрд. теңге, ТК және ҰҚБ: 4,2 млрд. теңге) мөлшерінде қызметкерлерге сыйақы төлеу жөніндегі шығыстардың құрамында, сондай-ақ 1,4 млрд. теңге (БЖБ: 1,1 млрд. теңге, ТК және ҰҚБ: 0,3 млрд. теңге) сомасына материалдар, қорлар және басқа да шығыстар бойынша шығыстардың құрамында көрсетілді. Оның үстіне, Компания ТК және ҰҚБ мен БЖБ-ның қызметіне қолдау көрсету үшін вахталық кенттердің, өндірістік базалардың құрылысын салуға, сондай-ақ арнаулы техникалар сатып алуға 14,2 млрд. теңге инвестиция жұмсады.

2012 жылы демалушылық пен қайырымдылыққа арналған шығыстар 2011 жылғы деңгейден 1,8 млрд. теңгеге артық 6,8 млрд. теңгені құрады. Шығыстардың негізгі бөлігі (5,4 млрд. теңге) 2012 жылы Атырау облысының Байшонас және Ескене кенттерінің тұрғындарын Атырау қаласына көшіруге жұмсалды. Оның үстіне, 1,4 млрд. теңге мөлшеріндегі сома Компанияның қызметі аймақтарында әлеуметтік қорларды қаржыландыруға, соғыс және еңбек ардагерлерін қолдауға, спорттық жарыстар мен кәсіби конкурстар ұйымдастыруға бағытталды.

Келісімшарттық міндеттемелер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес өзіне әлеуметтік бағдарламалар қоры мен мамандарды оқыту жөніндегі міндеттемелерге қаржы аударуды қамтиды. 2012 жылы Компанияның келісімшарттық міндеттемелерді орындау шеңберіндегі әлеуметтік шығыстары 2,3 млрд. теңгені, оның ішінде әлеуметтік бағдарламалар қоры бойынша 1,2 млрд. теңгені, мамандарды оқыту бойынша 1,1 млрд. теңгені құрады.

Әлеуметтік объектілерді қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар Компанияның қызмет аймақтарында спорт кешендерінің, сауықтыру лагерлерінің және басқа да әлеуметтік объектілердің құрылысын салумен байланысты.

## ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ КАПИТАЛДЫҢ РЕСУРСТАРЫ

### АҚША АҒЫМЫНА ШОЛУ

Компанияның өтімділікке деген қажеттілігі, негізінен алғанда, бар операциялық қызметті қаржыландыру (айналымдық капитал) қажеттілігінен, инвестицияларды қаржыландыру (күрделі шығыстар) мен Сатып алулардың есебінен өсуге қол жеткізу қажеттілігінен туындайды. Басшылық, Компанияның өзінің міндеттемелерін орындауы және инвестициялық мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткілікті деңгейіне ие деп есептейді.

2012	2012	2011		2012	2011	ӨЗГЕРІСТЕР %
4 ТОҚСАНЫ	3 ТОҚСАНЫ	4 ТОҚСАНЫ				
<i>(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ, МЛН. ТЕҢГЕДЕ)</i>						
59 800	4 355	38 233	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН ТАЗА АҚША АҒЫМДАРЫ	154 879	148 210	4 %
33 630	78 334	31 678	ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТАЗА АҚША АҒЫМДАРЫ	(52 131)	34 326	-252 %
(11 166)	(123 954)	(5 773)	ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТАЗА АҚША АҒЫМДАРЫ	(154 555)	(74 934)	106 %

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

2012 жылы операциялық қызметтен ақша қаражаты ағымы 2011 жылғыдан 6,7 млрд. теңгеге көп 154,8 млрд. теңгені құрады. Аталған өзгерістер, негізінен алғанда, 2012 жылы ішінара салықтар бойынша төлемдер мен аванстардың (КТС, ҮПС, ПҚӨС) өсуімен теңестірілген ішкі рынокқа сату бағасының өсуі мен сату ауқымдарын ішкі рыноктан экспортқа қайта бөлудің есебінен Компания пайдасының артуымен байланысты болды.

Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымы 2012 жылы 52,1 млрд. теңгені құрады. 2011 жылмен салыстырғанда инвестициялық қызметтен ақша ағымының артуы, негізінен алғанда, 2012 жылы Компанияның банктердегі депозиттерге 142,1 млрд. теңге сомаға ақша қаражатын қосымша орналастыруымен байланысты. Бұл эффект ассоциацияланған және бірлескен кәсіпорындардан 24,4 млрд. теңге сомаға дивидендтер алумен ішінара тепе-теңдестірілді. Сонымен қатар, бұл өзгеруге 2011 жылы 23,9 млрд. теңге сомаға UGL бірлескен кәсіпорнындағы үлестерді сатып алу әсер етті, ал 2012 жылы мұндай сатып алулар жүзеге асырылған жоқ.

Қаржылық қызметті пайдалануға бағытталған ақша қаражатының таза ағымы 2012 жылы 154,6 млрд. теңгені құрады. 2011 жылмен салыстырғанда ақша ағымының бұл артуы, негізінен алғанда, ҚМГ ПКИ Финанс ноталары бойынша тиісінше 80 млрд. теңге және 3 млрд. теңге сомаға негізгі борыш пен есептелген пайыздарды төлеумен, сондай-ақ 36,2 млрд. теңге сомаға өз акцияларын сатып алумен және 2011 жылы 34,0 млрд. теңге сомаға акционерлерге дивидендтер төлеумен байланысты болды.

## ЗАЙМДАР

Төмендегі кестеде Компанияның таза ақшалай қаражаттары бойынша деректер көрсетіліп отыр:

	2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА	2012 ЖЫЛДЫҢ 30 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ	2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА	ЖЕЛТОҚСАНҒА ЖЕЛТОҚСАН
	(ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ МЛН. ТЕҢГЕДЕ)			%
АҒЫМДАҒЫ БӨЛІГІ	2 462	2 497	54 931	-96 %
ӨТЕУ МЕРЗІМІ БІР ЖЫЛДАН АСТАМ	4 848	4 999	33 034	-85 %
<b>БАРЛЫҒЫ ЗАЙМДАР</b>	<b>7 310</b>	<b>7 496</b>	<b>87 965</b>	<b>-92 %</b>
АҚШАР ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ	154 705	72 438	206 512	-25 %
БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР	550 556	556 970	321 890	71 %
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР	1 085	1 068	188 803	-99 %
<b>БАРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР</b>	<b>706 346</b>	<b>630 476</b>	<b>717 205</b>	<b>-2 %</b>
<b>АҚШ ДОЛЛАРЫНА ІРЛЕНДІРІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР, %</b>	<b>78 %</b>	<b>81 %</b>	<b>72 %</b>	<b>8 %</b>
<b>ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ</b>	<b>699 036</b>	<b>622 980</b>	<b>629 240</b>	<b>11 %</b>

Компанияның займдары 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 7,3 млрд. теңгені құрады. 2012 жылдың 5 шілдесінде Компания ҚМГ ПКИ Финанс ноталары бойынша тиісінше 80 млрд. теңге және 3 млрд. теңге сомаға негізгі борыштың сомасы мен есептелген пайыздарды толықтай төледі.

## БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы немесе болмауы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің көпшілігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алуудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болам жарияламайды.





# ТӘУЕКЕЛДЕР ФАКТОРЛАРЫ

## ТӘУЕКЕЛДЕР ФАКТОРЛАРЫ

Компания біраз тәуекелмен бетпе-бет келеді, оның ішінде сыртқы орта, нарықтық, операциялық, қаржылық, инвестициялық және корпоративтік басқару тәуекелдері.

Компания тәуекелдерді басқару кезінде тәуекелдерді басқару Саясатына жүгінеді. Компанияның тәуекелдерді басқару Саясаты акционерлік құнның өсіміне, корпоративтік басқару сапасының артуына бағытталған, ол өз кезегінде тәуекелдерді айқындап, оның қандай екендігін талдаумен, оны барынша аз болуы жолындағы іс-шараларды дайындаумен және тәуекелдерді азайту бойынша жасалынатын шараларды бақылауға негізделеді.

## СЫРТҚЫ ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның сыртқы ортаға қатысты тәуекелдері негізінен саяси, экономикалық және аймақтық тәуекелдер болып бөлінеді.

### САЯСИ ТӘУЕКЕЛДЕР:

- Ел басшылығының сыртқы және ішкі саяси курсының ықтимал өзгерістері жалпы елдің және компанияның инвестициялық тартымдылығына кәдімгідей әсер етуі мүмкін.
- Заңдылықтың жағымсыз бағытқа өзгеруі, мәселен, өнеркәсіптің шикізаттық салаларынан түсетін бюджеттік табысты арттыруға бағытында салық заңдылығының өзгеруі;
- Мемлекеттік биліктің органдарын реформалау кезінде органдардың ыдырау процесі орын алуы ықтимал, Компанияның жұмысын қадағалайтын жаңа министрліктер мен ведомствалардың құрылуы – компания жұмысына тиісті нормативтік құжаттарды болдырмауы немесе олардың бекітілуін ұзартып жіберуі мүмкін;
- Қазақстан Үкіметі өзінің экспорттық квотасының көлемін айтарлықтай шектеуі мүмкін немесе ішкі нарыққа бағытталған міндетті көлемді өзгертуі ықтимал, ал бұл өз кезегінде Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне кәдімгідей әсер етуі мүмкін.
- Қазақстан Үкіметінің екінші дәрежелі банктерде орналасқан қаржылық айналымды басқаруды шектеуі. Мемлекет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мен «Қазмұнайгаз» ҰҚ бейнесінде ҚМГ БӨ мемлекет мүддесі тұрғысынан әсер етуі мүмкін, ал бұл ҚМГ БӨ акционерлерінің өзге топтарының мүддесіне қайшы келуі ықтимал.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР:

- Қазақстанның экономикасының әртараптануы әлсіз және шикізаттық тауарлардың әлемдік бағасына кәдімгідей тәуелді. Шикізат бағасының айтарлықтай және ұзақ уақыт бойы төмендеуі шикізаттық компаниялардың пайдасының құлдырауына, ал кейіннен бүкіл экономиканың құлдырауына алып келуі ықтимал.

- Экономика инфрақұрылымының тозығы жетуі Компания бизнесінің тиімділігіне кәдімгідей жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Тауар мен қызмет сатып алу саласындағы заңдылық материалды-техникалық қамтамасыз ету мен логистиканың тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермейді.
- Жабдықтаушылар мен мердігерлердің арасындағы әлсіз бәсекелік орта компаниялардың ұсынатын жұмыс және қызмет түрлерінің сапасын төмендетеді.
- Қазақстандық қаржылық жүйенің даму деңгейі айналымдағы бос қаржыны орналастыру жағдайын нашарлатуы мүмкін (қаржылық нарық туралы толығырақ кейінірек).

### АЙМАҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР:

Компанияның жұмыс істейтін аймақтары – Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстары.

Қоғамдастықтың негізгі өндірістік бөлімдері өз өндірісін ауа-райы қиын аймақтарда жүзеге асырады, бұған қоса, кей аймақтарда мұнай өндіру, газды қайта өңдеу саласында жоғарғы сапалы жұмысшылар тапшы болуы мүмкін. Бұл аймақтар Компанияның жұмысына айтарлықтай әсер ететін экономикалық және әлеуметтік қатерге ие аймақтарға жатады.

Маңғыстау облысындағы актив үшін әлеуметтік дау мен ереуілдің шығу қатері айтарлықтай, ондай жайттар бұған дейін қаншама рет орын алды, және Компанияның жұмысына, оның жер қойнауы келісім-шарттары міндеттерін орындауына әсер еткен.

Компания өзі жұмыс істейтін аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, оны бекіте түсуге ынталы, аймақтағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жергілікті әкімшілік, қауымдастық өкілдерімен ықпалдаса жұмыс істейді.

Ел мен негізгі аймақтардағы өзгерістердің жағымсыз әсерін азайту үшін мынадай әрекеттерден тұратын тиісті кешенді іс-шаралар дайындалып жатыр:

- Қалыптасқан жағдайды реттеуге бағытталған әрекеттер, оның ішінде Компанияның бизнес-моделін өзгерту, аймақтарға дем беру үшін өндірістік филиалдарды өзіндік жұмыс істейтін компанияларға айналдыру;
- Компанияның географиялық әртараптандыру деңгейін арттыруға арналған әрекеттер. Мұның мақсаты қандай да бір аймақпен қатысты тәуекел деңгейін азайту;
- Негізгі іс атқарар аймақтағы әлеуметтік шиеленісті азайтуға арналған әрекеттер;
- Бизнесінің тиімділігін арттыруға арналған іс-әрекеттер, бұлар Компанияның бизнесті дамыту мүмкіндіктеріне әсер етуі ықтимал қатерлерді азайтуға арналған.

Компания өзінің әлеуметтік бағдарламаларының тиісті салаға барынша әсер етуін және қоғамның қажеттіліктеріне сай болуын қалайды. Алайда ереуілдер мен әлеуметтік шиеленістермен байланысты қатерлерді азайтуға арналған коммерциялық емес шығынның артуы компанияның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етуі ықтимал.

Бұл аталған аймақтардағы климаттық жағдай әрқилы, оның үстіне аймақтардың географиялық тұрғыдағы алыстығы – Компанияның үздіксіз жұмыс істеуі үшін транспорттық және электр қуатымен қамтамасыз етуіне баса көңіл бөлуді қажет етеді.

Өзі жұмыс істейтін аймақтардағы климаттық ерекшеліктерге байланысты ықтимал қатерлердің әсерін азайту үшін, оның ішінде дүлей апат немесе төтенше жағдайлардың үздіксіз жұмыс істеу және өнеркәсіптік қауіпсіздікке аса үлкен назар аударады.

## ӘРІПТЕСТЕРДІң ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Компания өз қызметінің түрлі бағыттары бойынша шетелдік және жергілікті компаниялармен ынтымақтасады және оларды жұмысқа тартады. Компанияның әріптестерінің Компанияның операциялық және қаржылық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін болатын тәлімі мен операциялық қызметіне ықпал етуге шектелген мүмкіндігі болады. Осыған байланысты Компания өзінің әріптестеріне жоғары талап қояды, ұзақ мерзімді және өзара тиімді әріптестік қатынасты дамытады.

## НАРЫҚТЫҚ ҚАТЕРЛЕР

Нарықтық қатерлерге – мұнай бағасының, валюталық курстың, пайыздық өлшемнің өзгерістеріне қатысты қолайсыз қатерлер жатады. (валюталық және пайыздық өлшемнің өзгерістеріне қатысты қатерлер туралы қаржылық қатер бөлімінен оқи аласыздар).

Компания ішкі және сыртқы рынокқа көтерме мұнайды жабдықтаумен айналысады. Ішкі және сыртқы рыноктердегі негізгі қиындық мұнай бағасының төмендеуімен байланысты, оның бағасының аумалы-төкпелі болуына өз кезегінде сұраныс пен ұсыныстың теңгерімі, мұнай өндіретін негізгі елдердің ықпалы мен саясаты, энергоқуатын өндіретін негізгі аймақтардағы саяси жағдай секілді факторлар әсер етеді. Мұнайға деген әлемдік бағаның төмендеуі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауына алып келеді.

Компания қазіргі күні мұнай бағасының төмендеуіне байланысты қатерлерді сақтандырмайды, алайда әртүрлі жағдайға байланысты шығындарды басқарудағы ішкі құралдарын пайдаланады, олар өз кезегінде бұл қатерлердің жағымсыз ықпалын азайтады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания әртүрлі қаржылық қатерлермен кезігуі ықтимал, оның ішінде валюталық, инфляциялық, қолда бар бос қаржыны орналастырар кездегі пайыздық өлшемнің өзгерісі, несиелік және салықтық қатерлермен кезігуі ықти-

мал. Олардың пайда болуы және қаржылық-шаруашылық жұмысқа әсер ету көлемін Компания үнемі бағалап отырады және даму жоспарларын дайындар кезде негізге алынады.

## ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания өз жұмысын Қазақстанда жүргізеді және төлем ақшасы ретінде теңгені пайдаланады. Жалақы төлеу, электрқуаты, логистикалық қызмет құнын төлеуге қатысты шығындар теңгенің инфляциясын қатты сезінеді.

## ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРДІң ӨЗГЕРІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның жұмысы пайыздық мөлшердің өзгерісіне байланысты, ол айналымдағы бос ақшаның құнына жағымсыз әсер етуі ықтимал, сөйтіп, Компанияның қаржылық жағдайына да әсер етуі мүмкін.

## ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Валюталық тәуекел – валюталық курстың аумалы-төкпелі болуы, ол Компанияның қаржылық-шаруашылық жұмысына әр тұрғыдан әсерін тигізуі мүмкін.

Компанияның табысының айтарлықтай бөлігі АҚШ долларында көрінеді немесе АҚШ доллары бойынша теңгеріледі. Компанияның шығынының белгілі бір бөлігі шетел валютасында көрінеді, сөйтіп шетел валютасының теңгеге қатысты курстарына тәуелді (негізінен бұл АҚШ доллары, евро мен рубль аз деңгейде). Қазіргі күні Компанияның ағымдағы шығындарының үлкен бөлігі теңгеде бекітілген баға бойынша төленеді.

Доллар курсының жоғарылауы мұнай экспортын барынша пайдалы етеді:

Валюталық курс пен пайыздық мөлшердің өзгерісі кезіндегі жағымсыз өзгерісі орын алған жағдайда Компания ол жағымсыз жайттарды азайту үшін мынадай іс-әрекеттерге көшеді:

- Банк-серіктестердің аумағын кеңейту, әсіресе, әлемдік қаржылық дағдарыстан зардап шеккен институттардың есебінен;
- Саудалық қаржыландыруды (аккредитив, кепілдік) барынша кейінен пайдалану, олар Компанияның негізгі пайыздық мөлшерлемеге деген тәуелділігін кемітеді.

Компания қазіргі күні осы қатерлерді сақтандырмайды, алайда, өзінің міндеттерін толық көлемде және дiттеген мерзімде орындауына кепiлдiк беретiн iшкi құралдар мен қаржылық қатердi басқару резервтерiн әр жағдайда пайдаланып отырады.

Компанияның мынадай қаржылық есептерінің көрсеткіштері осы айтылған қаржылық қатерлердің әсерін барынша сезінуі мүмкін. Бұлар:

- Таза пайда;

- кіріс;
- өзіндік құн;
- дебиторлық берешек.

### НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР

Несиелік тәуекелдерге контрагенттермен – Компанияның қаржылық ауқымына қатысты қызмет атқаратын қаржылық институттар, ең түпкі өнімді сатып алушылар мен Компани-

яға әрқилы қызмет көрсететін контрагенттерге байланысты материалдық және қаржылық ауқымға қатысты операциялар жатады.

Компанияның қазынашысы жүзеге асырған қаржыны басқарудың орталықтандырылған тиімді жүйесі несиелік қатерді азайтуға мүмкіндік береді.

Қаржылық тәуекелдер, олардың пайда болуы және есептегі өзгеру түрлері.

ТӘУЕКЕЛ	ЫҚТИМАЛ ПАЙДА БОЛУЫ	ЕСЕПТЕГІ ӨЗГЕРУЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ
БАНК ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ СТАВКАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ	ОРТАША	АЙНАЛЫМДАҒЫ БОС ҚАРЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫНАН ТҮСІМНІҢ АЗАЮЫ
ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ (ЕУРО, АҚШ ДОЛЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕҢГЕ КУРСЫНЫҢ ДЕВАЛЬВАЦИЯСЫ)	ОРТАША	САТЫП АЛЫНАТЫН ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШЫҒЫНЫНЫҢ АРТУЫ – АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ АУДАРЫМНЫҢ АРТУЫ.
ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	ОРТАША	ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТИҢ АРТУЫ, ӨНДІРІЛЕТІН ӨНІМ ҚҰНЫНЫҢ АРТУЫ.
НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛ	ОРТАША	МӘСЕЛЕСІ ШЫРФАЛАҢ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК. ТҮСІМНІҢ КЕМУІ.

### САЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

ҚР Салық жүйесі жақында енгізілген нормативтік-құқықтық актілерге қатысты құқықтық тәжірибенің аз екендігімен белгілі. Ол сонымен қатар, заңдылықты бұрыс интерпретациялау негізінде салық, айыппұл, өсімпұл есептеу қатерінен де құралақан емес. Осы факторлар Компанияның салықтық шығынын жоспарлауды қиындатады. Компанияның менеджменті Салық Кодексінің сапасын жетілдіруге арналған жұмыстарға қатысып, оған өзгерістер енгізіп осы қатерді барынша азайтуға қатысты іс-қимылдар жасайды. Оның үстіне Компания өз мүддесін соттарда қорғауын жалғастыруда.

### КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ МЕН КЕДЕНДІК БАЖ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Компания сыртқы сауда жұмыстарын жүргізетін болғандықтан, кедендік бақылаудың өзгеруі, ИКС құбылмалылығы, ИКС есептесудегі таза формуласының болмауы – Компанияның қаржылық қорытындыларына әсер етуі мүмкін. Бұған қоса Компания ҚР заңдылығының өзгерістерін үнемі қадағалап отырады, өз жұмысындағы тигізуі ықтимал әсерін есепке алып отырады, бұл осы өзгерістерге қатысты қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді.

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның негізгі операциялық қатерлері Компанияның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге арналған барлау мен өндіруге қатысты.

Төменде Компанияның аса маңыз беретін және азайту үшін айтарлықтай ресурстарын бағыттайтын негізгі операциялық тәуекелдері көрсетілген. Компания оларға күнделікті жұмыс кезінде және өзінің жалпы жүргізіп отырған жұмысының тиімділігін бағалап, жоспарлау кезінде де үлкен көңіл бөледі.

### БАРЛАУ

Геологиялық барлау жұмыстары кезінде қашан да коммерциялық емес көмірсутек қойнауын табу және/немесе «бос» скважинаны бұрғылау қатерлері болуы мүмкін. Геологиялық барлау жұмыстары қатерлерін азайту үшін геолого-физикалық зерттеулер кешені жүргізледі, ол дәстүрлі сейсмикалық зерттеулермен қатар, терең электробарлау жұмыстарына мүмкіндік беретін геохимиялық зерттеулерге негізделген, сонымен қатар, гравика мен сейсмикалық мәліметтердің арнайы зерттейтін әдістемелер мен геологиялық қатерлерді талдауға бағытталған.

### ӨНДІРУ

Компанияның негізгі мақсаттарының бірі өз кеніштеріндегі өндіруді барынша кең көлемде қамтамасыз ету, ол кеніштердің негізгі бөлігі пайдаланудың ең соңғы кезеңдерін бастан кешуде. Осы мақсатта Компания мұнай қыртыстарына, кеніштердің кені бар скважиналарына әсер ететін заманауи әдістер мен технологияларды пайдаланады.

Компанияның өндірістік тиімділігін төмендететін негізгі факторлар мыналар:

- Жабдықтардың техникалық бүтіндігі.
- Электрмен қамтамасыз етудің үздіксіз болуы.
- Ауа-райы жағдайы.
- Құралғы-жабдықтарды уақытында сатып алу.
- Құрал-жабдықтардың сапасы.
- Жабдықтаушылардың жұмысты дер кезінде атқаруы және сапасы.
- Өндірістік персоналдың қауіпсіздігі.
- Экологиялық қауіпсіздік.
- Жоспарлаудың тиімділігі.
- Мемлекеттік қадағалаушы органдардың талабын ұстану.

Бұған қоса, Компанияның өндірістік жұмысы негізгі өндірістік құрылғылардың сынып қалуы немесе авария секілді қатерлермен бетпе-бет келуі мүмкін. Осындай қатерлерді төмендету үшін Компания жабдықтарды толықтай жөндеу және модернизациялау бағдарламасын жүргізеді.

Негізгі жабдықтар өрт, жарылыс, табиғи және өзге де қауіптерден сақтандырылған, сонымен қатар, скважинаның бой бермей кету қатері де сақтандырылған.

### ЕҢБЕК, ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компанияның өндірістік жұмысы жұмыскердің денсаулығы, қоршаған ортаға қатысты қатерлермен байланысты. Мұндай қатерлер қатарына қауіпсіздік техникасын сақтамау, өндіріс кезіндегі авария, қоршаған ортаға зиян келтіру, экологиялық ластау және табиғи катаклизмдерді қосуға болады. Бұл қатерлердің салдары өте ауыр болуы мүм-

кін, өндіріс кезіндегі өлім, атмосфераның бүлінуі, су мен топырақтың бүлінуі, өндірістің тоқтап қалуы немесе мүлде тоқтатып қалуы.

Мұндай қатерлердің салдарынан Компанияның қаржылық және операциялық жұмысына, абыройына нұқсан келуі мүмкін. Осы бағытта Компанияда осы тектес қатерлерді болдырмау үшін және еңбек пен қоршаған орта қауіпсіздігін қадағалау, қызметкердің білімін көтеру, қауіпті факторларды анықтау мақсатында әртүрлі іс-шаралар жасалуда. Компанияда еңбекті қорғау, қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау техникасы жүйесі енгізілген және ISO 14001, OHSAS 18001 стандарттарына сай жұмыс істейді. Компания жыл сайын өз жұмысына қатысты және жобаларына қатысты еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатерлерді сақтандырады.

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Компания өз операциялық жұмысын тиімді түрде жүргізу үшін енгізілетін және пайдаланатын жоғарғы технологиялық жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаларға байланысты ақпараттық технологиялар саласындағы қатерлермен кезігуі мүмкін. Осыған байланысты жаңа құрылғы мен бағдарламалық қамсыздандыруды бейімдеуде, бизнеске қатысты мәліметтердің құпиялығын сақтаудың қауіпсіздігі бойынша мәселелер туындауы мүмкін. Осы бағыттағы тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін Компания жыл сайын пайдаланып отырған технологияларын талдап отырады, таңдар кезде немесе сатып алар кезде барынша бейімделетін және бизнес мәліметтерге сенімді бақылауды қамтамасыз ететін ақпараттық технологияларға маңыз береді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның инвестициялық жұмысына мынадай факторлар әсер етеді:

- Қазақстанның құрлықта орналасқан жаңа активтерін алудың шектеулілігі.
- Мұнайгаз активтеріне қол жеткізу жолында халықаралық мұнай-газ компаниялары тарапынан бәсекенің артуы.
- ҚМГ БӨ-ГЕ Қазақстанның теңіздегі жобаларына және шетелдік тартымды жобаларға қатысуына мүмкіндік беретін өзіндік жоғары тиімді болып есептелетін сервистік сараптаманың болмауы.

Бұған қоса, ҚМГ БӨ - Қазақстан Үкіметі қадағалап отырған ірі мұнай-газ компаниясы. Осыған байланысты, ҚМГ БӨ акционерлері мүддесімен қиыспайтын, бірақ мемлекеттік мүдде бойынша мемлекет «Самұрық-Қазына» ҰОҚ мен ҚМГ ҰК арқылы ықпал етуі мүмкін.

Осы факторлар өз бетінше немесе жалпылай алғанда жобалардың тартымдылығын дұрыс бағаламау/шамадан тыс бағалау, тиімді емес инвестициялық шешімдер қабылдау, ал оның салдары қор деңгейінің кемуіне, компания құнының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ҚЕМУІ

Компанияның тиімді жұмысына әсер ететін негізгі факторлар ретінде оның ұйымдастырушылық әлеуетінің төмендеуін айтуға болады. Жоғарғы біліктілікке ие кадрлар – Компанияның стратегиялық мақсатқа жетуіндегі негізгі бәсекеге қабілетті артықшылықтары. Жыл сайын Компания тиісті біліктілікке сай кадрларды тарту мәселесімен кезігеді. Ол, ең алдымен, кей аймақтардағы жұмыс рыногіне тиісті категорияға жататын мамандардың тапшылығына байланысты қызметкерді рекрутинг жасау мүмкіндігінің болмауына қатысты дүние.

Осы қатерді төмендету үшін Компания ниеттестікті арттыру, қызметкердің уәждемесінің кәсіптік деңгейін көтеруге арналған шараларын жасап жатыр. Бұған қоса, менеджменттің көшбасшылық құзыретін артыруға және кадрлық қорды құруға көңіл бөлінеді.

## АЛАЯҚТЫҚ ПЕН ЖЕМҚОРЛЫҚ

Компанияның мүддесіне сай емес тұрғыдағы ресурстарды бөлісу, жеке пайдасы үшін Компанияға зиян келтіру, компанияның жұмысына қаржылық тұрғыдан тигізер зиянының бағамына қарамастан жемқорлықтың кез-келген фактілері қабылданбайды және лайықсыз. Компания абыройға зиян тигізетін және кез келген бұрыс жайттардың алдын-алу үшін қолдан келген шараларының бәрін жасайды. Компания 2011 жылы шілде айында өз күшіне енген «Жемқорлықпен күрес туралы» ҚР Заңының және Ұлыбританияның «Пара алу туралы» Заңының (UK Bribery Act 2010) субъектісі және өз ішкі саясаты мен процедураларын осы аталған заңдарға сәйкес қатаң жүргізеді.



# ТОПТАСТЫ- РЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ**

### **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН БАСШЫСЫНА**

Біздер ««ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған біріктірілген қаржы есебіне аудит өткіздік, ол 2012 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы біріктірілген есептен, жиынтық табыс туралы біріктірілген есептен, капиталдағы өзгерістер туралы біріктірілген есептен және көрсетілген күні аяқталған жыл ішінде ақша қаражатының қозғалысы туралы біріктірілген есептен, сондай-ақ есептік саясаттың елеулі аспектілері туралы ақпараттан және басқа да түсіндірме ақпараттан тұрады.

### **БІРІКТІРІЛГЕН ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕ ҚАТЫСТЫ БАСШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Басшылық осы біріктірілген қаржы есебін халықаралық қаржы есебі стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты берілуіне, сондай-ақ басшылық пікірі бойынша бұрыс әрекет немесе қателік салдарынан елеулі бұзушылықтары жоқ біріктірілген қаржы есебін дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау процедураларына жауапты болады.

### **АУДИТОРЛАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**

Біздің міндетіміз өткізген аудит негізінде осы біріктірілген қаржы есебі туралы өз пікірімізді көрсету. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит өткіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауымызды, қоса беріліп отырған біріктірілген қаржы есебінің елеулі бұзылуының жоқтығына жеткілікті сенім алу үшін тиісті үлгіде аудитті жоспарлап өткізуімізді талап етеді.

Аудит біріктірілген қаржы есебінде берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындауды қамтиды. Процедураларды таңдау бұрыс әрекет немесе қателіктер салдарынан біріктірілген қаржы есебінің елеулі бұзылуына тәуекелін бағалауды қоса аудитор пікіріне негізделеді. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияны ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті аудит процедураларын анықтау үшін біріктірілген қаржы есебін дайындау және нақты беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін қарастырады. Аудит сондай-ақ пайдаланылған есептік саясаттың орындылығына және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, сонымен бірге біріктірілген қаржы есебінің жалпы берілуіне бағалауды қамтиды.

Біз аудиторлық дәлел біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп санаймыз.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Біздің пікіріміз бойынша біріктірілген қаржы есебі барлық елеулі аспектілерде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының 2012 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, сондай-ақ халықаралық қаржы есебі стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталған жыл ішінде ақша қаражаттарының қозғалысы мен олардың қаржы нәтижелерін шынайы көрсетеді.

**Пол Кон**

Аудит бойынша серіктес

**Евгений Жемалетдинов**

Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС  
Бас директоры

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылға арналған

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгеде

31 желтоқсанға

	Ескер.	2012	2011
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімдік активтер</b>			
Негізгі қаражат	6	325 520	338 860
Материалдық емес активтер	7	19 584	26 638
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	5, 9	89 252	116 526
Ассоциацияланған компанияға инвестициялар	10	118 959	133 228
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	9	14 326	18 138
Бірлескен кәсіпорындардан алынғуға жататын займдар	5, 9	13 150	8 494
Басқа да қаржылық активтер	8	1 085	188 803
Көшіктірілген салық бойынша актив	22	31 968	9 450
Басқа да активтер		17 200	19 593
<b>Жиыны ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>631 044</b>	<b>859 730</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлық-материалдық қорлар	11	25 058	22 651
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу		17 806	9 971
Салықтар бойынша алдын ала төлеу мен өтеуге жататын ҚҚС		56 257	22 738
Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бойынша алдын ала төлеу		8 073	–
Болашақ кезеңдер шығындары		15 539	12 054
Саудалық және басқа да дебиторлық берешек	8	101 168	84 126
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	9	3 895	1 361
Басқа да қаржылық активтер	8	550 556	321 890
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	8	154 705	206 512
<b>Жиыны ағымдағы активтер</b>		<b>933 057</b>	<b>681 303</b>
<b>Жиыны активтер</b>		<b>1 564 101</b>	<b>1 541 033</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	12	162 952	198 452
Өзге де резервтер		2 474	2 124
Бөлінбеген пайда		1 154 335	1 083 749
Капиталдық өзге де компоненттері		18 009	14 354
<b>Жиыны капитал</b>		<b>1 337 770</b>	<b>1 298 679</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕ</b>			
<b>Ұзақ мерзімдік міндеттеме</b>			
Займдар	14	4 848	33 034
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме		–	2 049
Резервтер	15	36 927	37 846
<b>Жиыны ұзақ мерзімдік міндеттемелер</b>		<b>41 775</b>	<b>72 929</b>
<b>Ағымдағы міндеттеме</b>			
ЗАЙМДАР	14	2 462	54 931
Төлеуге жататын табыс салығы		32 103	–
Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық пен төлеуге жататын ренталық салық		50 417	50 908
Саудалық және басқа да кредиторлық берешек		82 255	48 680
Резервтер	15	17 319	14 906
<b>Жиыны ағымдағы міндеттемелер</b>		<b>184 556</b>	<b>169 425</b>
<b>Жиыны міндеттемелер</b>		<b>226 331</b>	<b>242 354</b>
<b>Жиыны міндеттемелер мен капитал</b>		<b>1 564 101</b>	<b>1 541 033</b>

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

Миллион теңгеде

31 желтоқсанға

	<b>Ескер</b>	<b>2012</b>	<b>2011</b>
Кірістер	16	797 170	721 194
Ассоциацияланған компания мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	9, 10	67 442	84 276
Қаржылық кіріс	21	34 528	28 843
<b>Жиыны түсім мен басқа да кіріс</b>		<b>899 140</b>	<b>834 313</b>
Өндірістік шығыстар	17	(140 362)	(117 465)
Іске асыру жөніндегі шығыстар мен әкімшілік шығыстар	18	(93 088)	(98 520)
Барлау бойынша шығыстар		(6 104)	(5 985)
Ескіру, тозу және амортизация	6, 7	(53 747)	(45 494)
Табыс салығын есептемегенде салықтар	19	(274 171)	(284 028)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	20	(77 012)	(1 653)
Негізгі құралдардың істен шығуынан болатын шығындар		(3 189)	(4 044)
Қаржыландыруға арналған шығыстар	21	(7 231)	(7 223)
Бағамдық айырмашылықтар бойынша кірістер, нетто		9 513	2 691
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>253 749</b>	<b>272 592</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	22	(92 926)	(63 661)
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>160 823</b>	<b>208 931</b>
Шетелдік операцияларды қайта есептеуден болатын бағамдық айырмашылық		3 655	1 978
<b>Салықтарды есептемегенде жыл ішіндегі басқа да кірістер</b>		<b>3 655</b>	<b>1 978</b>
<b>Салықтарды есептемегенде жыл ішіндегі жиынтық кіріс</b>		<b>164 478</b>	<b>210 909</b>
АКЦИЯҒА ПАЙДА – мың теңге			
Негізгі және аралас	13	2,32	2,95

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

## 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылға арналған

### АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгеде

31 желтоқсанға

	Ескер.	2012	2011
<b>Операциялық қызметтен ақша ағымдары</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		253 749	272 592
Ақшалық емес баптарды қосуға/(шегеріп тастауға) арналған түзетулер			
Ескіру, тозу және амортизация	6, 7	53 747	45 494
Ассоциацияланған компания мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	9, 10	(67 442)	(84 276)
Негізгі құралдардың істен шығуынан болатын шығындар		3 189	4 044
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің құнсыздануы	6, 7	77 012	2 439
Барлау және бағалау бойынша активтер бойынша нәтижесіз барлау ұңғымаларға арналған шығыстар	7	4 321	2 586
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану		354	408
Үлестік құралдарды алу		(4)	(24)
Операциялық емес қызметтен бағамдық айырмашылық бойынша іске асырылмаған кіріс		(6 835)	(2 306)
Өзге де ақшалық емес кірістер мен шығыстар		420	4 591
Қаржыландыруға арналған шығыстарды қосу	21	7 231	7 223
Қаржылық кірісті шегеру	21	(34 528)	(28 843)
Айналыс капиталын түзету			
Өзге активтердегі өзгеріс		101	(817)
Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгеріс		(2 267)	(4 822)
Салықтар бойынша алдын ала төлеу мен өтеуге жататын ҚҚС-тегі өзгеріс		(33 519)	(2 105)
Болашақ кезеңдер шығыстарындағы өзгеріс		(3 577)	15 839
Саудалық және басқа да дебиторлық берешектердегі өзгеріс		(16 599)	(18 487)
Саудалық және басқа да кредиторлық берешектердегі өзгеріс		13 925	(3 600)
Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық пен төлеуге жататын ренталық салықтағы өзгеріс		(8 564)	4 854
Резервтердегі өзгеріс		10 663	7 621
Төленген табыс салығы		(96 498)	(74 201)
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза ағымы</b>		<b>154 879</b>	<b>148 210</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымы</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		(99 240)	(92 760)
Негізгі құралдарды сатудан түсімдер		1 054	753
Материалдық емес активтерді сатып алу		(8 874)	(12 218)
Бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді сатып алу	9	–	(23 907)
Бірлескен кәсіпорындарға берілген займар	5, 9	(5 081)	(1 923)
Табыс салығын есептемегенде бірлескен кәсіпорындар мен ассоциацияланған компаниядан алынған дивидендтер	9, 10	114 207	89 795
ҚМГ ҰК борыштық құралына инвестициялардан алынған сыйақы		11 280	13 006
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді (сатып алу)/сату		(85 257)	56 836
Басқа да қаржылық активтерді сатудан түсімдер		5 546	–
Байланысты тараптың займдарды өтеуі		7 657	3 940
Алынған ақша қаражаттарын шегеріп тастағанда еншілес ұйымды сатудан/(сатып алудан) түсімдер	5	3 601	(8 799)
Алынған сыйақылар		2 976	9 603
<b>Инвестициялық қызметке (жұмсалған)/алынған таза ақша ағымдары</b>		<b>(52 131)</b>	<b>34 326</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағымдары</b>			
Өз акцияларын сатып алу	12	(36 203)	(15 763)
Займдарды өтеу	14	(81 406)	(35 219)
Компанияның акционерлеріне төленген дивидендтер	3,12	(33 971)	(19 287)
Төленген сыйақылар	14	(2 975)	(4 665)

<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары</b>		<b>(154 555)</b>	<b>(74 934)</b>
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгеруі</b>		<b>(51 807)</b>	<b>107 602</b>
Жылдың басына есептегендегі ақша қаражаттары мен олардың баламалары	8	206 512	98 520
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша оң бағамдық айырмашылық		–	390
<b>Жылдың соңына ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>8</b>	<b>154 705</b>	<b>206 512</b>

#### КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгеде</i>	<b>Жарғылық капитал</b>	<b>Сатып алынған меншік акциялар</b>	<b>Басқа да резервтер</b>	<b>Бөлінбеген пайда</b>	<b>Валюталарды қайта есептеу бойынша резерв</b>	<b>Жиыны капитал</b>
<b>2010 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>263 095</b>	<b>(49 013)</b>	<b>1 740</b>	<b>931 455</b>	<b>12 376</b>	<b>1 159 653</b>
Жыл ішіндегі пайда	–	–	–	208 931	–	208 931
Басқа да жиынтық кіріс	–	–	–	–	1 978	1 978
<b>Жиыны жиынтық кіріс</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>208 931</b>	<b>1 978</b>	<b>210 909</b>
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану (12-ескерту)	–	–	408	–	–	408
Үлестік құралдарды алып қою (12-ескерту)	–	–	(24)	–	–	(24)
Қызметкерлер опциондарының орындалуы (12-ескерту)	–	133	–	–	–	133
Өз акцияларын сатып алу (12-ескерту)	–	(15 763)	–	–	–	(15 763)
Дивидендтер (12-ескерту)	–	–	–	(56 637)	–	(56 637)
<b>2011 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>263 095</b>	<b>(64 643)</b>	<b>2 124</b>	<b>1 083 749</b>	<b>14 354</b>	<b>1 298 679</b>
Жыл ішіндегі пайда	–	–	–	160 823	–	160 823
Басқа да жиынтық кіріс	–	–	–	–	3 655	3 655
<b>Жиыны жиынтық кіріс</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>160 823</b>	<b>3 655</b>	<b>164 478</b>
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану (12-ескерту)	–	–	354	–	–	354
Үлестік құралдарды алып қою (12-ескерту)	–	–	(4)	–	–	(4)
Қызметкерлер опциондарының орындалуы (12-ескерту)	–	703	–	–	–	703
Өз акцияларын сатып алу (12-ескерту)	–	(36 203)	–	–	–	(36 203)
Дивидендтер (12-ескерту)	–	–	–	(90 237)	–	(90 237)
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>263 095</b>	<b>(100 143)</b>	<b>2 474</b>	<b>1 154 335</b>	<b>18 009</b>	<b>1 337 770</b>

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания») Қазақстан Республикасында құрылған және көмірсутегі шикізатын сатып алумен, барлаумен, игерумен, өндірумен, өңдеумен және оның экспортымен шұғылданады. Компания негізгі операциялық мұнайгаздық қызметін Батыс Қазақстанның Каспий өңірі және Маңғыстау бассейндерінде орналасқан мұнайгаз активтерінде жүзеге асырады. Компанияның негізгі тікелей акционері Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібіндегі мемлекеттік мүддені білдіретін және 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айналымда жүрген Компанияның 63,22% акциясына иелік ететін (2011 жылы: 61,3%) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚМГ ҰК» немесе «Бас компания») болып табылады. Бас компания өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі мәтін бойынша «Үкімет») тиесілі «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ға толықтай тиесілі.

Компания өзінің негізгі қызметін 100% еншілес ұйымдары «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ арқылы жүзеге асырады. Оның үстіне, Компания еншілес ұйымдарға иелік етеді, бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындарда, ассоциацияланған компанияларда және көбінекей негізгі қызметін жүзеге асырумен байланысты емес, Компанияның бақылаудағы және бақылаудағы емес қатысу үлестері бар басқа да кәсіпорындарда үлестері бар. Осы топтастырылған қаржылық есеп барлық жоғарыда аталған инвестициялардың қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметі операцияларының нәтижелерін көрсетеді.

- ҚЕХС 7 Ашу: Мойындауды тоқтату туралы ақпараттарды ашуға қатысты талаптарды жетілдіру - Түзету;
  - БЕХС 12 Кейінге қалдырылған салықтар: Кейінге қалдырылған салықтардың негізінде жатқын активтерді өтеу - Түзету;
  - ҚЕХС 1 ҚЕХС-ты алғаш рет қолданып отырған компаниялар үшін айтарлық гиперинфляция және белгіленген даталарды жою - Түзету;
  - БЕХС 1 Басқа да жиынтық кірістің компоненттерін таныстыру – Түзету (ертерек қолдану);
- ӨЕХС жетілдіру (2012 жылдың мамыры) (ертерек қолдану)

## ШЫҒАРЫЛҒАН, БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның топтастырылған қаржылық есебін шығару датасына әлі күшіне енбеген және Компанияның пікірі бойынша қолданудан кейін қызметін ашуға, қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне ықпал ететін стандарттар мен пайымдаулар беріліп отыр.

- БЕХС 28 Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (2011 жыл). Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 10 Топтастырылған қаржылық есеп қазіргі уақытта. Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 11 Бірлескен қызмет туралы келісім. Қазіргі уақытта Компания бұл стандарттың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін бағалауда;
- ҚЕХС 12 Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпараттарды ашу. Кейбір жаңа ашулар қажет болады, алайда, Компания қаржылық жағдайы мен қызметіне келтіретін әсер етуін күтіп отырған жоқ;
- БЕХС 27 Жекелеген қаржылық есеп (2011 жыл). Компания жекелеген қаржылық есеп дайындамайды;
- ҚЕХС 13 Әділ құнды бағалау. Компания бұл стандартты қабылдағаннан кейін айтарлықтай нәтиже болады деп күтіп отырған жоқ;
- ҚЕХС 9 Қаржылық құралдар: жіктеу және бағалау. Компания бұл стандарттың оларды жариялағаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыстағы әсерін бағалайды;

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы топтастырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде келтіріліп отыр. Аталған есеп саясаты дәйекті түрде егер өзгедей көрсетілмесе барлық ұсынылған кезеңдер үшін қолданылды.

### 2.1 Дайындау негізі

Осы топтастырылған қаржылық есеп Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалды. Топтастырылған қаржылық есеп қаржылық құралдарды қоспағанда бастапқы күн бойынша есеп қағидатына сүйене отырып дайындалды. Осы топтастырылған қаржылық есеп теңгемен беріліп отыр және барлық мәндер, егер өзгедей көрсетілмесе миллионға дейін дөңгелектеп алынды.

Топтастырылған қаржылық есепті ҚЕХС-ке сәйкес дайындау айтарлықтай есепке алулық бағалауларды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысындағы ауытқушылықтар бойынша пікірін білдіруді талап етеді. Өзіне күрделіліктің жоғарғы деңгейін немесе ауытқушылықтар қолдануды қамтитын қолданылу аясы, сондай-ақ бағалау мен ауытқушылықтарды қолдану топтастырылған қаржылық есеп үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертуде ашылып көрсетілді.

### БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ПАЙЫМДАУЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН СТАНДАРТТАРЫ

Жыл ішінде Компания ҚЕХС-тың оны қолдану Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етпеген мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қабылдады.

## 2.2 Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп таныстырылымының өзгеруі

Компания топтастырылған есепте негізгі құралдардың құнсыздануын жеке жолға бөліп көрсетіп, жиынтық кіріс туралы кейбір шығындарды ашуды өзгертті. Салыстырма ақпараттарды ашу тиісінше өзгертілді.

## 2.3 Топтастыру ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Оларға қатысты Компанияда әдетте дауыс құқығы бар акциялардың жартысынан астамына иелік етуді көздейтін қаржылық және операциялық саясатты басқаруға өкілеттігі бар компаниялар еншілес ұйымдар болып табылады. Қазіргі уақытта пайдаланылуы немесе өтімді болуы мүмкін ықпалды дауыс беру құқығының болуы мен ықпалы Компанияның басқа кәсіпорындарды бақылауын бағалау кезінде назарға алынады. Еншілес ұйымдар Компанияның бақылауын алған сәттен бастап топтастырылады. Мұндай кәсіпорындар бақылау тоқтатылған сәттен бастап топтастыру тоқтатылады.

Топшілік операциялар, сальдо және компаниялардың арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайдалар аласталады. Іске асырылмаған шығындар да аласталады, алайда берілетін активтің құнсыздануы нышаны ретінде қарастырылады. Еншілес кәсіпорындардың есеп саясаты, қажетіне қарай, Компания қабылдаған есеп саясатына сәйкестікке жеткізілуі үшін өзгертілді.

## АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚАТЫСУ

Компанияның ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есептеледі. Ассоциацияланған компания – бұл Компания айтарлықтай ықпал көрсететін компания. Компанияны, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар болып табылатын, қатысушылар кәсіпорындардың экономикалық қызметіне бірлескен бақылау орнататын шарттық келісімге келетін бірлескен кәсіпорындарда да қатысу үлестері бар.

Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларға үлестік қатысу әдісіне сәйкес бастапқы құны бойынша қаржылық жағдай туралы топтастырылған есепте сатып алудан кейін Компанияға тиесілі ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың таза активтерінің үлесінде пайда болған қосымша өзгеріс есепке алынады.

Компанияның ассоциацияланған компанияларға инвестициялары негізінен дәлелденген қорлардың негізінде лицензиялардың құнына қатысты болатын сатып алу бағасының активтердің ағымдағы құнынан асуын қамтиды. Лицензиялар өндірістік әдіс қолданыла отырып, ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың дәлелденген игерілген қорларының негізінде амортизацияланады.

Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп әр ассоциацияланған компания мен әрбір бірлескен кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін қамтиды. Егер ассоциацияланған компаниялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың капиталында тікелей мойындалған өзгерістер орын алған болса, Компания мұндай өзгерістегі өзінің үлесін мойындайды және бұл қолданымды болған жағдайда капиталдағы өзгерістер туралы есепте бұл фактіні ашып көрсетеді. Компания мен оның ассоциацияланған компанияларының арасындағы операциялар бойынша пайда болған іске асырылмаған пайдалар мен шығындар Компанияның ассоциацияланған компаниялардағы үлесі деңгейінде алынып тасталды.

Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардағы пайданың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте ұсынылған. Ол ассоциацияланған

компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың акционерлеріне тиесілі пайданы білдіреді және сондықтан да салынған салық пен ассоциацияланған компаниялардың еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын бақылаусыз қатысу үлестері есепке алынғаннан кейінгі пайда ретінде айқындалады.

Ассоциацияланған компаниялардың қаржылық есебі бас компанияның қаржылық есебі сияқты сол есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Компания үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Компанияның ассоциацияланған компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары бойынша құнсызданудан болатын қосымша шығынды тану қажеттігін белгілейді. Компания әрбір есепті датаға ассоциацияланған компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануының объективтік дәлелдері болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда Компания құнсыздану сомасын ассоциацияланған компанияның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелген құны мен ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы топтастырылған есепте есепте көрсетеді.

Компания ассоциацияланған компанияға елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпал ету жоғалған сәтке ассоциацияланған компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ бағасының және шығып кетуден түсімдердің арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын ретінде танылады.

Бірлескен бақылауды жоғалтқан жағдайда және бұрынғы бірлесіп бақыланатын кәсіпорын еншілес немесе ассоциацияланған компания болып табылмауы шартымен Компания қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Бірлесіп бақылау жоғалған сәтке бірлесіп бақыланатын кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ бағасының және шығып кетуден түсімдердің арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын ретінде танылады. Егер Компания инвестициялар объектісіне айтарлықтай ықпалын сақтаса, қалған инвестициялар ассоциацияланған компанияға инвестициялар ретінде есепке алынады.

## 2.4 Шетелдік валюталарды қайта есептеу

Топтастырылған қаржылық есеп жұмыс істеп тұрған валюта және Компанияның топтастырылған қаржылық есептілігі ұсынылатын валюта болып табылатын қазақстандық теңгеде («теңге») беріліп отыр. Компанияның әрбір еншілес ұйымы, ассоциацияланған компаниясы мен бірлескен кәсіпорны әр ұйымның қаржылық есебіне енгізілген өзінің жұмыс істейтін валютасы анықтайды және әр ұйымның қаржылық есебіне енгізілген баптар осы жұмыс істейтін валютада бағаланады. Шетелдік валютадағы операциялар бастапқыда операциялар датасына қолданыстағы бағам бойынша жұмыс істейтін валютада есептеледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелер есепті датаға қолданыстағы жұмыс істеп тұрған валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық өзгерістер жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі. Шетелдік валютада әдір құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнын белгілеу датасына қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік қызметтердің активтері мен міндеттемелері есепті датаға айырбас бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал мұндай компаниялардың жиынтық кірісі туралы есебінің баптары операциялар күніне бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеу кезінде пайда болған бағамдық өзгерістер тікелей басқа жиынтық кірісте немесе зиянда мойындалады. Шетелдік компания айналымнан

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

шыққан жағдайда нақты шетелдік компанияға қатысты валюталарды қайта есептеу бойынша резервтің жинақталған сомасы пайдалар мен шығындарда мойындалады.

## 2.5 Мұнайгаз кен орындарын барлау және игеру жөніндегі шығыстар

### БАРЛАУҒА ЛИЦЕНЗИЯЛАР САТЫП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу жөніндегі шығындар материалдық емес активтерге капиталдандырылады және барлаудың ұйғарылған мерзімінің ішінде тікелей желілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әр объект жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғандығын және оның құнсызданбағандығын растау тұрғысында қарастырылады. Егер объект бойынша болашаққа жұмыстар жоспарланбаған жағдайда лицензияларды сатып алуға арналған шығындардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық жағынан негізделген алынатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») аңғарылған жағдайда амортизациялау тоқтатылады және қалған шығындар барлау жөніндегі шығындармен біріктіріледі және материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындары бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Игеруді ішкі бекіту және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алу сәтіне тиісті шығыстар негізгі қаражатқа (мұнайгаз активтеріне) ауыстырылады.

### БАРЛАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар келтірілген сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей қатысты шығындар ұңғымаларды бұрғылау аяқталғанға және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланғанға дейін материалдық емес активтердің (барлау және бағалау жөніндегі активтердің) құрамында капиталдандырылады. Мұндай шығындар өзіне жалақыны, материалдарды, жанармайларды және электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер, көмірсутектері байқалмаса, онда барлауға арналған шығыстар құрғақ ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер, өзіне коммерциялық игеру жеткілікті мөлшерде мүмкін болатын басқа ұңғымаларды (барлаулық немесе құрылымдық-іздістіру ұңғымаларын) бұрғылауды қамтуы мүмкін, бағалауға жататын көмірсутектері табылған жағдайда, онда мұндай шығындар актив ретінде есепке алу жалғастырылатын болады.

Мұндай тұрғыдағы барлық шығындар игеруге жалғасқан ниетті растау немесе қандай да болмасын тәсілмен ашылымнан құндылықты алу үшін кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарулық тексеруге жатады. Егер, бұдан кейін ондай болмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың дәлелденген қорлары анықталса және игеруді жалғастыруға шешім қабылданса, онда тиісті шығындар негізгі құралдар (мұнайгаз активтерінің) құрамына көшіріледі.

### ИГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Платформалар, құбыр желілері және игеру ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуға, орнатуға және аяқтауға арналған шығындар көмірсутектерінің жеткілікті коммерциялық мөлшері байқалмаған, құрғақ ұңғымалар ретінде кезеңнің шығыстарына есептен шығарылады.

## 2.6 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизациясын, тозуын және құнсыздануын алып тастағанда бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе құрылысын салу, бағаларынан тікелей активті жұмыс жағдайына келтіруге жататын шығындардың кез келген түрінен және қажет болған жағдайда активтерді жою жөніндегі шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Активті сатып алу үшін берілген сыйақылардың кез келген түрінің төленген жиынтық құны мен әділ құны сатып алу немесе құрылысын салу бағасы болып табылады.

Мұнайгаз активтері өндірістік әдісті қолдану арқылы дәлелденген игерілген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімі кен орны қызметінің қалған мерзімнен аз кейбір мұнайгаз активтері 4 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімі ішінде тікелей желілік әдіспен амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдар тиісінше негізгі құралдардың әр тобы үшін пайдалы қызметтің 24 жыл және 7 жыл орташа мерзімі ішінде желілік әдіс пайдаланыла отырып амортизацияланатын, негізінен алғанда, ғимараттарды, машиналар мен жабдықтарды білдіреді.

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің ұйғарылған мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және, қажет болған жағдайда, мерзімдердегі өзгерістер одан кейінгі кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны жағдайларда ағымдағы құн өтелімді болып табылмайтындығын көрсететін қандай да болмасын уақиға немесе өзгеріс болған жағдайларда құнсыздандыру тұрғысында қайта қаралады.

Көмірсутектерінің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жою жоспарланған өндіруші ұңғымаларды қоса алғанда негізгі құралдар объектілері шығып қалуы кезінде немесе активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда актив ретінде есептелуін тоқтатады. Активті тануды тоқтатудан пайда болған кез келген кіріс немесе шығыс (сатудан түскен таза түсім мен объектінің ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін) мұндай оқиға болған кезеңнің жиынтық кірісі туралы топтастырылған есебіне енгізіледі.

## 2.7 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания активтерді немесе активтер топтарын құнсыздану тұрғысында оқиға немесе жағдайлардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда ғана бағалайды. Жекелеген активтер, негізінен алғанда, активтердің басқа топтар генерацияланатын ақша ағымдарынан тәуелсіз, бірдейлендірілетін ақша ағымдары бар ең төменгі деңгейде құнсыздандыруға арналған бағалау мақсатында топтастырылады. Егер құнсызданудың бұндай көрсеткіштері болған немесе активтер топтарын жыл сайын құнсыздануға тестілеу талап етілетін жағдайларға Компания активтің қайтарылатын құны туралы бағалауды жүзеге асырады. Активтер топтарының өтелетін құны оны сатуға арналған шығыстарды есептемегенде әділ құны мен оның пайдаланылу құнының ең үлкені болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан артық болған жағдайларда активтер тобы құнсызданылуға жатады және алмастыру құнына дейін есептен шығару жүргізіледі.



Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағымы активтер тобына тән тәуекелдерге орай түзетіледі және салық салынғанға дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалануын көрсететін дисконттау ставкаларын пайдалану арқылы ағымдағы құнына дисконтталады.

Бағалау бұрын танылған құнсыздану бойынша шығындардың болмауына немесе азаюына қатысты қандай да болмасын индикаторлардың болуына қарай әр есепті датаға жүргізіледі. Егер мұндай индикаторлар болса, онда өтелетін құны бағаланады. Құнсыздану бойынша бұрын танылған шығын, егер құнсыздану бойынша соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана жойылады. Мұндай жағдайда, активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін арттырылады.

Арттырылған құн, егер оның алдындағы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаса тозуы немесе амортизация есептелместен анықталған ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Мұндай жою кірістер және шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Сторнирлаушы өткізілімдер жүргізілгеннен кейін тиімді қызметтің қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде қалдық құн есептелместен активтің қайта қаралған ағымдағы құнын бөлу үшін одан кейінгі кезеңдердегі амортизация бойынша шығыстар түзетіледі.

## 2.8 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріліп құны бойынша есептеледі. Материалдық емес активтер мұнай-газ ресурстарын барлауға және компьютерлік бағдарламаларға лицензиялар алуға арналған шығындарды қамтиды. Бизнестен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – жиынтық төленген сома мен активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құны. Активтердің пайдалы қызметінің күтілімді мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда, мерзімдердің өзгеруі келесі кезеңдерде түзетіледі. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің пайдалы ғұмыры мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейінгіні құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны уақиға немесе жағдайлардағы өзгерістер ағымдағы құнның өтелмейтіндігін көрсететін жағдайларда құнсыздану тұрғысында талданады.

## 2.9 Қаржылық активтер

БЕХС 39 шеңберінде қаржылық активтер не кірістер мен шығыстар, заемдар мен дебиторлық берешектер, өтелгенге дейін ұстап қалынатын инвестициялар туралы есеп арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде не олардың арналуына қарай сату үшін қолма-қол түрде қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде олар әділ құны бойынша бағаланады. Егер инвестициялар кіріс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде жіктелмесе, онда олардың әділ құнына есебін көрсету кезінде олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар да қосылады.

Компания бастапқы тану кезінде өзінің қаржылық активтерінің жіктелуін белгілейді және оған рұқсат етілген және орынды жағдайда аталған жіктемені әр қаржы жылының соңында қайта қарайды.

Қаржылық активтерді барлық стандартты сатып алу мен сату мәмілені орындау датасына, яғни Компания өзіне активтерді сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге танылады. Сатып алу немесе сату стандарттары дегеніміз - бұл активтерді әдетте нормативтік актілермен немесе рынокта қабылданған ережелермен белгіленетін мерзімнің ішінде беруді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату.

## ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАП ҚАЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Тұрақты немесе белгіленетін және өтем мерзімі белгіленген көлденең қаржылық активтер Компанияның оларды өтеуге дейін ұстап қалуға ниеті мен мүмкіндігі болған жағдайда өтеуге дейін ұстап қалынатын ретінде жіктеледі. Бастапқы танығаннан кейін өтеуге дейін ұстап қалынатын инвестициялар тиімді пайыздық ставкалар әдісі қолданыла отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

## САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР

Сатуда тұрған қаржылық активтер - бұл санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың бір де біріне жатқызылмаған көлденең қаржылық активтер. Сатуда тұрған қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал көлденең пайда немесе шығын басқа жиынтық кірісте немесе инвестицияны тану тоқтатылғанға немесе құнсыздануы белгіленгенге дейін зиянда танылады. Бұл сәтте жинақталған резерв пайдада немесе шығында танылады.

## САТУДА БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Сатуда тұрған қаржылық активтер - бұл санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың бір де біріне жатқызылмаған көлденең қаржылық активтер. Сатуда тұрған қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал көлденең пайда немесе шығын басқа жиынтық кірісте немесе инвестицияны тану тоқтатылғанға немесе құнсыздануы белгіленгенге дейін зиянда танылады. Бұл сәтте жинақталған резерв пайдада немесе шығында танылады.

## ӘДІЛ ҚҰН

Ұйымдастырылған қаржылық рынокта еркін айналыстағы инвестициялардың әділ құны есепті датаға жұмыс күнінің соңына сатуға арналған нарықтық баға кесулердің негізінде айқындалады. Рынокта өтімді емес инвестициялар үшін әділ құны бағалаудың түрлі әдістемелерін қолдану жолымен белгіленеді. Мұндай әдістемелер коммерциялық негізде жүргізілген ең соңғы мәмілелердің бағасын пайдалануды; осыған ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құндарын пайдалануды; дисконтталған ақша ағымдары мен бағалаудың басқа да үлгілерін талдауды қамтиды.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Компания әрбір есепті датаға қаржы активтерінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануы болған-болмағандығын анықтайды.

## АМОТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН АКТИВТЕР

Егер амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын активтер бойынша құнсызданудан шығындардың пайда болғандығы туралы объективті дәлел болса, шығынның сомасы активтің баланстық құны мен қаржылық актив бойынша сыйақының бастапқы тиімді ставкасы бойынша (яғни, бастапқы тану кезінде есептелген сыйақының тиімді ставкасы бойынша) күтілетін келешектегі ақша ағымдарының ағымдағы құнының (әлі пайда болмаған келешектегі несиелік жоғалтуларды есептемегенде) арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады.

Егер одан кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болуы мүмкін болса бұрын танылған құнсызданудан болған шығын активтің ағымдағы құны қалпына келтіруге датасына оның амортизацияланған құнынан аспауы шегінде түзетіледі. Кез келген одан кейінгі шығынды құнсызданудан түзету пайдада немесе пайдада немесе зиянда танылады.

Егер Компания өзіне шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес тиесілі соманы түгел алмағандығы туралы объективті дәлел болған жағдайда (мысалы, дебитордың төлем қабілетсіздігі немесе басқа да елеулі қаржылық қиналысы) саудалық дебиторлық берешек бойынша құнсыздануға резерв құрылады. Дебиторлық берешектің ағымдағы құны резервтің шотын пайдалану арқылы азаяды. Құнсызданған берешек, егер олар үмітсіз деп есептелсе тоқтатылады.

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Егер өзгедей көрсетілмесе миллион теңгеде

## САТУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Егер сатуға арналған активтердің құнсыздануы орын алса, бұрын пайдада немесе шығында танылған құнсызданудан болған шығынды шегеріп тастап, оны сатып алуға арналған шығындар (негізгі сома мен амортизация төлемін шегеріп тастағанда) мен оның ағымдағы өділ құнының арасындағы айырмашылық капиталдан пайдалар мен шығындарға ауыстырылады. Бұрын танылған шығынды сату үшін арналған ретінде жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсыздандыруға түзету пайдалар мен шығындарда көрсетілмейді. Борыштық құралдар бойынша құнсызданудан болған шығындарды түзету, егер құралдың өділ құнын арттыру пайдалардағы немесе шығындардағы құнсызданудан болған шығындарды танығаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болса пайдалар немесе шығындар арқылы жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржылық актив (немесе, қолданылуына қарай – қаржылық активтің бір бөлігі немесе осындай қаржылық активтер тобы) егер:

- активтен ақша құйылымын алуға арналған құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталса,
- Компания активтен ақша құйылымын алу құқығын өзінде сақтаса, бірақ оларды қайта бөлу туралы келісімге сәйкес елеулі кедергісіз толықтай үшінші тарапқа беру міндетін қабылдаса; немесе
- Компания активтен ақша ағымдарын алуға арналған өзінің құқығын берген және не болмаса (а) активтен болатын барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыны берсе, не (б) бермесе, бірақ активтен болатын барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды өзінде сақтамаса, алайда аталған активке бақылауды берсе танылуын тоқтатады.

## 2.10 Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар екі көлемнің: ФИФО әдісі бойынша өзіндік құны мен сатудың таза бағасының ең төмені бойынша есептеледі. Құны өзіне әр затты баратын жеріне жеткізумен және оны ағымдағы жағдайға келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында келтірілген барлық шығындарды қамтиды. Шикі мұнайдың құны өндірістің орташа көлемінің негізінде тозуына, ескіруі мен амортизациясына және накладнойлық шығыстарға арналған шығындардың тиісті бөлігін қоса алғанда оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай сатудың таза бағасы мұндай сатумен байланысты шығындарды есептемегенде сатудың ұйғарылған бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар күтілетін сомадан аспайтын, әдеттегі қызмет барысында өтелетін құны бойынша есептеледі.

## 2.11 Қосылған құнға арналған салық (ҚҚС)

Салық органы нетто негізінде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есептеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтеуге арналған ҚҚС ішкі рынокта сату бойынша ҚҚС-ті есептемегенде ішкі рынокта сатып алу бойынша ҚҚС-ті білдіреді. Экспортқа сатуға нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынады.

## 2.12 Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламалары өзіне кассадағы қолма-қол ақшаны, банктік салымдардағы қаражатты, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

## 2.13 Жарғылық капитал ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Қарапайым акциялар мен олар бойынша дивидендтер эмитенттің қалауы бойынша төленетін өтелмейтін, өтеуге жатпайтын артықшылықты акциялар жеке капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тұлғалардың қызмет көрсетуіне ақы төлеуге арналған шығындар аталған эмиссиялардың нәтижесінде алынған капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

## МЕНШІК САТЫП АЛЫНҒАН АКЦИЯЛАР

Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда оларды сатып алу құны табыс салығын есептемегенде мәмілені жасауға арналған тиісті шығындарды қоса алғанда оларды жою немесе қайталап шығару сәтіне дейін капиталдың жалпы сомасынан сатып алынған меншік акциялары ретінде алынып тасталады. Компанияның меншік үлестік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою кезінде жиынтық пайда туралы топтастырылған есепте қандай да болмасын кірістер мен шығыстар танылмайды. Мұндай акцияларды одан кейінгі сату немесе қайталап шығару кезінде алынған сома капиталдың құрамына енгізіледі. Сатып алынған меншік акциялар орташа есеппеленген құн бойынша есептеледі.

## ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және, егер олар есепті датаға дейінгіні қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана есепті датаға капиталдың сомасынан есептеледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті датаға дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті датадан кейін, бірақ топтастырылған қаржылық есептілік шығаруға бекітілген датаға дейін ұсынылған және жарияланған болса есептілікте ашылады.

## АКЦИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР

